

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ
ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**«БӨБЕК» ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ,
БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ САУЫҚТЫРУ ОРТАЛЫҒЫ**

ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ

**Жалпы орта білім беретін мектептің
10-сыныбына арналған оқулық**

**Алматы
2019**

***«Өзін-өзі тану» рухани- адамгершілік білім беру бағдарламасының
авторы С.А. Назарбаева***

Өзін-өзі тану: Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық /Жұбатова Л.С., Әкімбаева Ж.Ж., Нұркеева С.С. – Алматы: «Бөбек» ҰҒПББСО, 2019. – 166 б.

10-сыныпқа арналған оқулық «Өзін-өзі тану» оқу пәні бойынша жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы негізінде әзірленген. Оқулықта жалпыадамзаттық құндылықтар мен қасиеттердің мәнін ашатын оқу материалдары ұсынылған.

ҚЫМБАТТЫ ЖАС ДОСТАР!

Жалпыадамзаттық құндылықтар туралы білім алудың жаңа кезеңі басталды. Сендер бақыт, сүйіспеншілік, адалдық, шынайылық, еңбекқорлық, борыш деген ұғымдардың мәнін ұғына отырып, олардың адам өміріндегі орны мен маңыздылығын түсінетін боласыздар.

Осы оқу жылында бұрын алған білімдеріңізді тереңдете отырып, «Менің борышым» атты жобаны орындауға қатысасыздар. Жобамен жұмыс істеу бір жылға есептелген.

«Өзін-өзі тану» пәні бойынша дәптер ozin-oz-tanu.kz интернет-порталындағы «Оқушыларға» бөлімінде «Электронды кітапхана» айдарына салынған.

Қадамдарыңыз құтты болсын, жас достар!

АВТОРЛАР ҰЖЫМЫ

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР



Дәйексөз



Оқып үйренейік



Жаңа ақпарат



Шығармашылық жұмыс



Пікір алысу клубы



Жүректен жүрекке

I ТАРАУ

ТАНЫМ
ЖОЛЫНДА





«Менің борышым» жобасы

1-кезең

Жобаны жүзеге асырудың бірінші кезеңінде оның мақсатын анықтап, жоспарын құрыңыздар. Берілген тапсырмаларды орындаңыздар.

1. Зерттеу жүргізіңіздер. «Борыш», «міндет» деген не? Ата-аналарыңыздан, ұстаздардан сұрастыруға, www.ozin-ozin-tanu.kz интернет-порталының «Мыңжылдықтар даналығы» айдарында берілген ұлы тұлғалардың еңбектерін пайдалануға болады. Жоба күнделігіне жазыңыздар.
2. Тақырып бойынша дәйексөздер мен нақты деректер жинағын әзірлеңіздер.
3. Зерттеу барысында кездескен таныс емес сөздердің түсіндірме сөздігін жасаңыздар.
4. Жыл бойына «Әр күнде бір игі іс» мақсатымен әрекет етуді жоспарлаңыздар. Жоба күнделігіне жазыңыздар.

1-2 АДАМ ДЕГЕН АРДАҚТЫ АТ



Атымды Адам қойған соң қайтып надан болайын.

Абай

• Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңыздар.



Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіздер.

Әділ – Мария

(Үзінді)

Шәкәрім

... Адам болған соң біреуге зорлық-зомбылықтан, әділетсіз арам пиғылдан, зиянды да кесірлі іс-әрекеттерден тиылуға бейім, ұстамды болса ғой... Керексізден аулақтанып, көңілін де, жүрегін де таза ұстап, тура жолды ұстанса деймін дағы. Ар білімі деп осыны айтпаймыз ба? Біліп қана қоймай, білгенін өмірінің өзегі етіп, сол мақсатпен берік жол ұстанып жүре білсе ғой... Ары ұдайы нәпсісін¹ жеңер болса ғой... Жүрек не нәрсеге толы болса, ауыз соны сөйлейді, адам соны істейді ғой. Адам өміріндегі сөзі, ісі, иманның, ардың қалыбы болған жүректің жемісі емес пе?! Сол себепті жүрек арлылыққа толса, оның жемісі де игілікті² болмақ. Ал адамның ары нәпсіні жеңуі үшін адам көңіл қалауына шек қоя білуі тиіс. Өйткені нәпсі алған үстіне алсам, жеңген үстіне жеңсем деген тойымсыз нәрсе, ол адамды күнәһар³ іске итермелеуші күш. Оны шектеу ләзім⁴ дегенде осы жағын ойланамын... Нәпсісін арына, ақылына, рақымына⁵, әділетіне билеткен адам ғана адамшылық қалпын сақтайды, көпке өнеге болады. Адалдығыңа басшы болған арың нәпсінді жеңсе қорлықтан құтыласың, азат боласың, еркіндікке иесің.

*Сол себепті жүрек
арлылыққа толса,
оның жемісі де
игілікті болмақ.*

Маңдай тер, адал еңбек, жүректің шынайы қалауы білім алуға, ғылым үйренуге, оны еңбек етіп, өз өмірінде пайдалану арқылы жан құмарын таркатуға пайдаланса дейсің де шіркін... Сонда өзара көре

¹ Кісінің бір нәрсеге көңілі ауудағы тәбет құлқын.

² Пайдалы, маңызды, жемісті.

³ Кінәлі.

⁴ Қажет.

⁵ Мейірім, жаны ашушылық.

⁶ Реніш, ыза, наразылық.

алмаушылық, күндестік, құр мақтан, кейіс⁶, алдап-арбау бәрі кетер еді, заман түзу жолға түсер еді. Білімді, ғылым үйренген ерді адалдықпен басқартса, ел де өзгерер еді, барлық адам таза еңбек жолына түсіп, өнер үйренер еді, сонда өз тірлігінің нәтижесін өзі көріп, бейбіт, мамыражай, бірлігі берекелі, тірлігі мерекелі, елдіктің тұғырын биік ұстаған елге айналар едік. Адалдыққа бастайтын, арлылықты жастайтын, ар білімі оқылса, жайнаған көңілі бар, қайнаған өмірі бар, берекесі мерекесіне ұласқан ел-жұрт болар едік, қатарымыздан озық болар едік.

- Мәтіндегі Шәкәрімнің «Адам болған соң біреуге зорлық-зомбылықтан, әділетсіз арам пиғылдан, зиянды да кесірлі іс-әрекеттерден тиылуға бейім, ұстамды болса ғой...» деген ойы іске асуы үшін адам бойында қандай құндылықтар мен қасиеттер болуы қажет?
- Мәтіндегі «Біліп қана қоймай, білгенін өмірінің өзегі етіп, сол мақсатпен берік жол ұстанып жүре білсе ғой...» деген ойды адам берік ұстанса оның өмірі қандай болады деп ойлайсыздар? Неліктен?
- Автор неліктен «Жүрек арлылыққа толса, оның жемісі де игілікті болмақ» дейді?
- Мәтіндегі «Адамның ары нәпсіні жеңуі үшін адам көңіл қалауына шек қоя білуі тиіс. Өйткені нәпсі алған үстіне алсам, жеңген үстіне жеңсем деген тойымсыз нәрсе, ол адамды күнәһар іске итермелеуші күш. Оны шектеу ләзім дегенде осы жағын ойланамын... Нәпсісін арына, ақылына, рақымына, әділетіне билеткен адам ғана адамшылық қалпын сақтайды, көпке өнеге болады. Адалдығына басшы болған арың нәпсінді жеңсе қорлықтан құтыласың, азат боласың, еркіндікке иесің» деген ойды қалай түсінесіздер?



1-тапсырма. Сөздер мен олардың анықтамасын салыстырыңыздар. Әр сөздің өзіне сәйкес келетін анықтамасын табыңыздар.

Ұғым	Анықтамалары
1. Адам	а) Кісілігі, адамгершілігі бар парасатты адам.
2. Азамат	ә) Жер бетіндегі дамудың ең жоғары сатысына көтерілген, саналы қоғам мүшесі.
3. Азаматтық	б) Адамның адамға, қоғамға қарым-қатынасы барысында көрінетін жақсы қасиеті.

2-тапсырма. Берілген мәтіндерді оқып, оған өз пікірлеріңізді білдіріп, ой қорытындысын жасаңыздар.

1. *Тобықты елімен көршілес төлеңгіттен шыққан Меңаяқ би қайтыс болғанда, жиналған елге Абай:*

– *Меңаяқ өзінің атын өзі алып жүре алатын адам еді, – дейді. Азалы елдің бір үлкен адамы:*

– *Абай ау, сен дана емес пе едің. Ол не дегенің?! Меңаяқ өз атын ғана алып жүрген емес, рулы елді билеген адам емес пе?! – дейді. Оған Абай:*

– *Елді билеуден адамның өзін-өзі билеуі қиын. Жағдайы келгенге бақ көтеріп, таққа отыру бола береді. Бірақ соның буымен өзін-өзі ұстай алмай, абыройын шашатындар көп. Меңаяқ содан аулақ жан еді. Оның зор адамдығының өзі сонда еді, – депті. (Ел аузынан).*

2. ... Өмірдің алдында бәріміз шәкіртпіз.

Адам деген атқа лайық өмір сүру үшін адамға білім керек, ыждаһат керек, білік керек. Оны игеру үшін ғасырлар бойы аузы дуалылар жақ жаппай баршамыз үшін – бүгін жер басып жүргендеріміз үшін де, бұл дүниеге бізден соң келетіндер үшін де қапы жібермей қадағалай тыңдайтындай ғып айтып келе жатқан гибрат сабағын бойға сіңіру керек. Есті құлақ замандастарының ауызына, есті көз бұрынғылардың жазуына үңіліп, оны талдап-түсіне білгенде жетілу келеді. Өмір гибраттарын танып-білу арқылы өзін-өзі тану бір басын емес, көптің қамын қамдай жүретін қайырымды пиял иесіне тән келеді. (Әбіш Кекілбаев).

3-тапсырма. Айналаңызда өзіңіз «нағыз адам» деп санайтын жақындарыңызбен және таныстарыңызбен «Нағыз Адам болудың сыры» тақырыбында әңгімелесіңіз. Ойыңызды жазбаша түрде түйіндеңіз.



Сара Алпысқызы

... Өмірде әрбір адам ең алдымен өзін-өзі тануы керек. Өзін-өзі таныған адам өзгенің де жан дүниесін түсінетін болады. Ешқашан да біреуге жаманшылық ойламайды, жақсы адам болуға талпынады. Бұл өмірде – әрбір адам, қандай мамандық иесі болмасын, ең бірінші – адам болып қалу керек. Адамгершілік жолын ұстанып өту керек. Ізгілікке жақын болып, жүрегін, жан дүниесін махаббатпен нұрландыруы керек.



Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіздер.

Адамды сүйе біл

Сапар Байжанов

Біз жайшылықта көп нәрсені елемейміз. Көбіне мән бермейміз. Мысалы, күнде таңертең қызарып күн шығады, күнде кешкілікте қызарып барып батады. Оған, әрине, ешқайсымыз таңданбаймыз. Өйткені ол үйреншікті нәрсе. Ал енді біреулер сол күннің, қыр басынан қылтиып, қызарып шығуының өзінен аса бір сүйкімділік, сұлулық табады, ләззат алады. Сүйсініп, жырға қосады. Суретші сұлу күннің, көркіне табынып, тамсана отырып, сурет салады. Композитор сол Сұлу күннің, Мейірлі күннің аспан аясына көтерілуінен аса бір нәзік сырлы әуен сазын аулап, ән толғайды.

Әлгі адамдардың жазғанын оқып, салған суретін көріп, шығарған әнін тыңдағаннан кейін барып, күнде көріп жүрген елеусіз күнге қарап көрсем, күнім баяғыдай емес, сұлу да сымбатты, сырлы да сазды, қылықты да сүйкімді көрінеді. Тіпті өзіме қарап, күлім қаққандай, жымың еткендей болады. Мен де еріксіз езу тартып, өз-өзімнен жымиямын...

Немесе таңғы шық, сыңғырлаған бұлақ үні, сыбдырлаған жапырақ, ұшы-қиырсыз кең дала... «Иә оларда тұрған не бар?..» Ойсыз көзбен қараған жанға бәрі де елеусіз, жай ғана жапырақ, баяғы дала, бір дала... Ал енді бір адамдар солардың бәрінен сыр ұғады, әркім байқай қоймайтын үн, бояу табады. Солардың көзімен қарасаң расында да әлгі елеусіз құбылыстардан әсем сырлар ұғады екенсің. Бұл не керемет, мұнда не сиқыр бар?! Ойлап-ойлап келемін де, әр нәрсенің, қадіріне жетіп, көре білу үшін, бағалай білу үшін көреген болу керек екен-ау деп таң-тамаша қаламын, кейде.

Дәл осылай, кейде біз, адамдар, бір-бірімізді түсінбейміз, айналамыздағы адамдардың жақсысын көре білмейміз, асылын жасығынан, алтынын жезінен ажырата білмейміз бе деп ойлаймын. Олай дейтінім, сырт қарасақ, бәрі де адам баласы, бірінен-бірі асып, артып жатқан дәнеңесі жоқ сияқты. Бәлкім, біреуінің жүзі ажарлы, біреуінің шашы ұзын, біреуінің мойны ұзын, дене бітімі зор көрінер, онда тұрған не бар, сайып келгенде бәрі де екі аяқты пенде. Бәрі де нан жеп, су ішеді, еңбек етіп, дем алады, бәрі де қуанады-күледі, ұрсады-ренжиді, асығады-жүгіреді... Соқыр көңілмен қарағанда адамдар тап осындай, бірінен бірінің айырмасы жоқ, бірінен бірі айнымайды. Есінде болсын, замандас бауырым, тек соқыр көңілмен қараған жанға ғана осылай көрінеді. Міне, осындай қыбырлаған адамдар мұхитынан да асыл мен масылды, алтын мен жезді, бұлбұл мен дүлдүлді ажыратып,

тани білу үшін де көреген көз керек, өмір мұхитына үніле қарай білетін, адам жанының сырсандығына, адам деген құдіретті жаратылыстың тұңғық тереңіне сүңгі білетін көреген көз, сезімтал жүрек керек.

Жақсы адам... Бақытты адам... Бақыт...

Қандай жақсы ұғымдар. Тек солар жайлы ойлағанның өзінде жаныңды әлде бір жылы сезімдер баурап өткендей болады.

Жақсы адам, бақытты адам деп кімдерді айтуға болады?

Былай қарасаң, бұл сұрақ өте оңай, қарапайым сияқты көрінеді. Бірақ ол алғашқы, алдамшы әсер ғана. Ойланып, толғанып, нақты жауап іздей бастасаң, бұлардың оңайлығы да, қарапайымдылығы да сағымдай бұлдырап, алуан ойлардың орманына әкетіп қалады. Кейде, біз, жақсы адам дегенде, айналамызға, төңірегімізге қарамай,

Расында, біздің арамызда тамаша адамдар көп. Мен солардың кез-келгенін тоқтатып, әрқайсысының бойынан асыл қасиеттерді тауып бере алар едім деп ойлаймын. Бірақ соларды көріп, тани білу керек, сүйе білу керек.

әлдебір алыстан, ғайыптан іздегендей, бөгде бөтен жаққа көз тігетініміз болады. Қасымыздағының бәрі қарапайым, елеусіз, ешқандай кереметі жоқ дегендей қомсынамыз ба, қайткенде, оны аттап өтуге бейім тұратынымыз бар. Расында, өмір барлық жерде өмір, өмірдің, елеусіз де, ерекше кереметі де кез-келген жерде, барлық жерде болып жатады. Шынтуайттап келсек, бағдарлап, бағалап көре білсек, әлгі біз іздеп жүрген кереметтердің бәрі тап өзіміздің, қасымызда, көз алдымызда болып жатады. Айтып жүрген жақсы, бақытты адамдарымыз да жанымызда, өз арамызда жүреді. Бұл пікірді дәлелдеу үшін мен өзім білетін біраз адамдардың өмірінен мысалдар келтірейін.

Мен олардың әрқайсысымен әр кезде әр түрлі жағдайда кездескенмін. Олардың әрқайсысы әр түрлі мамандықтың иелері. Ешқайсысы да елден ерекше туған жандар емес, қарапайым елеусіз көптің бірі. Бірақ әрқайсысының өзінше жақсы қасиеттері бар деп ойлаймын. Өз басым бұлардың қай-қайсысын болмасын тамаша адамдардың қатарына қосамын.

Бұл жерде менің айтайын деп отырғаным – біздің айналамыздың, өміріміздің тамаша адамдарға толы екендігі. Бұларды ажырату үшін айналамызға сәл ғана ойлана көз жіберсек болғаны, олардың қаптап жүргенін көреміз.

Расында, біздің арамызда тамаша адамдар көп. Мен солардың кез-келгенін тоқтатып, әрқайсысының бойынан асыл қасиеттерді тауып бере алар едім деп ойлаймын. Бірақ соларды көріп, тани білу керек, сүйе білу керек. Бұлардың бәрі дерлік асқақ арман, ізгі мақсат қуып өмір сүреді.

Осыларды ойлай келе, мен, шынайы бақыт – ізгі мақсатты адамдардың ғана еншісі емес деген тұжырымға келдім. Бақытты болу үшін адам алдына асқар да зор, ізгі мақсаттар қоюы қажет. Асыл арман, ізгі мақсат көздеген адамның өмірі қызықты, әрі терең, мазмұнды болатыны сөзсіз.

... Міне, осындай ұлы адамдардың өміріне қарап отырып, мен жақсы адам, бақытты адам болу үшін адамның қиыншылықсыз-азапсыз, аста-төк молшылықта, рахат өмір сүруі міндетті емес деген ойға келемін. Себебі, өз басым, аталған адамдардың қай-қайсысын болсын тамаша, бақытты адамдардың қатарына қосамын. Олардың бақыты – мағынасыз-мақсатсыз өмір кешпегенінде, олардың бақыты – өздерінің өмірімен адамзат үшін игілікті, өнегелі өмір сүргендігінде. Олардың бақыты – адам деген атты жоғары ұстап, адамзат алдында, болашақ ұрпақтар алдында құрметке ие болуында.

Кейбір тоғышарлар ойлайтындай, асыра ішіп, артық дәулет іздеп, ойын-сауықпен ғана дәурен сүру сияқты арзан бақытты алданыш тұтпайды олар. Сондайлық өмір қиындығы мен қысымын, азап-тәсіретін тартып өмір сүргеніне қарамастан, олар өмір зая кетті-ау деп әсте өкінбейді. Егер өмір екінші рет берілер болса, тап сондай соқтықпалы-соқпақсыз өмір жолын тандауға әзір екендігін айтады олар. Міне, өмірдің мәнін, бақыттың мағынасын мен осы тұрғыда түсінемін: **бақыт тек ізгі мақсатты адамдардың ғана еншісі** дейтінім содан.

Ал арам ниетті көздеген, теріс, пасық пиғылды жаман адамдар ешуақытта бақытты болмақ емес. Олардың бақыты алдамшы, көбіне, шалажансар, жарымжан бақыт. Олар кейде өмір дастарқанынан көбірек қарпып, тіршіліктің қайсыбір игіліктерін көбірек пайдалануы да мүмкін. Бірақ олардың сол арзан бақытының өзі де шынайы бақытпен қоңсы қонуға жарамайтын, көмескі, жалтыраса да жарқырамайтын, жарқыраса да жылытпайтын, базарсыз, баянсыз бақыт.

- *Мәтіндегі «көреген көз», «сезімтал жүрек» деген сөз тіркестерін қалай түсінесіздер? Ол қасиеттер адамдармен қарым-қатынас жасауда не үшін қажет?*
- *Адамдар неліктен жақсы адамды басқа жерден, алыстан іздейді деп ойлайсыздар?*
- *Жанымызда жүрген жақсы адамдарды көріп, байқау үшін адамға қандай құндылықтар мен қасиеттер қажет?*
- *Адамды жақсы ететін қандай қасиеттер?*



4-тапсырма. Абайдың «... Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» сөзін басшылыққа алып, төмендегі жағдаятты шешіңіздер. Сахналау ұйымдастырыңыздар.

Ол 100 теңгесін мұқтаж жанға қимайды, бірақ сол 100 теңгеге дүкеннен онша қажет емес бірдеңе алғысы келеді...

Ол күнделікті үй тапсырмасын дайындауға кететін 2,5 сағатын көп көреді, бірақ теледидардан жәй бір кино немесе ойын қарауға одан да көп уақыт жұмсайды...

Футбол ойнауға, дүкен аралауға қосымша уақыттың болуына қуанады, ал сабақтың, пайдалы ақпараттармен танысудың қосымша бірнеше минутқа созылғанына ашуланады...

Ол білім іздеп, кітапханада кітап оқығанда уақыт тоқтап қалғандай болады, бірақ теледидар, компьютер алдында қанша сағат отырса да уақыттың зымырағанын сезбейді...

Ол жақынына жәй ғана қолұшын⁷ беруге уақыт таппайды, бірақ өзіне барлық уақытын арнайды ...

Ол рухани әңгімелерді тыңдауға, айтуға қызықпайды, бірақ қауесетті тыңдап, басқаға айтудан ешқашан жалықпайды...

5-тапсырма. Сократтың «Адам – құл, өзін жеңіп ұстамаған» деген ойын тақырып етіп алып, эссе жазыңыздар.

6-тапсырма. «Нағыз Адам болудың сыры» тақырыбында әңгімелесу нәтижесімен сыныптастарыңызбен бөлісіп, ортақ шешімге келіңіздер.



Ата-бабамыз күнделікті өмірде «Адам деген ардақты ат», «Адам болып туған соң, адам болып өту парыз», «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» деген халық даналығын ұстаным етіп, «Адам» деген ұғымды құнды санап, соған лайықты болып өмір сүрген. Осы тұрғыда ғалым Зейнолла Серікқалиұлы «Адамның жалпы өмірдегі орны, бүкіл тіршілігінің мән-мағынасы, ең алдымен, оның не үшін туып, дүниеде не үшін жер басып жүргендігін, бүкіл болмысын қаншалықты сезіне білгендігіне тікелей байланысты» дейді. Сондықтан адам тек қана адамдығымен мәңгі жасай алады.

⁷ Көмегін, жәрдемін.



Ырзамын

Мұқағали Мақатаев

Тағы да көрдім,
Тағы да көрем таң нұрын!
Аязын қыстың,
Аяулы жаздың жаңбырын.

Алтынға, мейлі, толмай-ақ қойсын сандығым,
Ырзамын саған!
Ырзамын саған, тағдырым!
Шаршаған шақта,
Шақырып сені жекпе-жек,
Басыма менің,
Бақыттан басқа төкпе деп,
Тағдырым, саған
Жүріппін босқа өкпелеп.

Өшпестей етіп,
Өмірдің жазған бұл заңын,
Түсінбей кейде,
Тосырқап менің жүр жаным.

Кеудемде мына,
Өзің сыйлаған бір жалын,
Лапылдап жатыр,
Тағдырым, саған ырзамын!

3-4 АДАМНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫ



**Өмір – теңіз, жүзем онда деменіз,
Ізгіліктен жасалмаса кемеңіз.**

Рудаки

• Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңыздар.



Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіздер.

Жеті сұраққа жауап
(Үзінді)

Мамытбек Қалдыбай

... Баукең тұнжырай ойға еніп:

– Сұрағың болса, бер, – деді жөткірініп.

– Бауке, сіздің өміріңіз өте күрделі болды ғой. Әр түрлі оқиғаны бастан кештіңіз, әр түрлі кісілермен кездестіңіз. Бір білгім келетіні, адам бойындағы қандай қасиеттерді жоғары бағалайсыз?

– Адамгершілікті, намысты жоғары бағалаймын. Ой, мынау адам емес екен деген, түсінсең өте ауыр. Намыс деген сөз өз орнында білгін, қатарыңнан қалма, қолыңнан келсе, жақсылық істе, мысал боп жүр, жамандық істемегін деген сөз.

– Е, намысы жоқ, арсыз екен. Бірге өсіп ек, намысым келіп отыр, – деп ыза болатындар бар. Бұл – дұрыс. Біреулер намыс деген жалғыз соғыста керек деп ойлайды. Ол – қате.

– Адамның қандай қасиеттерін жек көресіз?

– Ең кешірмейтінім – опасыздық, тұрақсыздық.

Оны кең түсіну керек. Өмір мың құбылмалы. Қиын жағдайда ол тұрақсыз болып шығуы мүмкін. Опасыздық – сұмдық сұмпайы іс.

Опасыздық та отбасынан басталады. Отбасындағы ырың-жырыңнан қай бір дені түзу адам шығады. «Қыз күнінде қыздың бәрі жақсы» дегендей, бала кезде баланың бәрі сүйкімді. Өскенде өзгереді. Кейбіреу туған баласының алдында аталық, аналық парызын орындай алмай жүр. Ол бүгін де ғана емес, бұрын да болған.

– Қайрат, ақыл, жүрек үшеуінің қызметін қалай бағалайсыз?

– Жүрек істемесе, бас та істемейді. Онсыз организмге қайдан күш кірсін. Сондықтан адам біткен атам заманнан бері жүректі бірінші санайды. Жүрегім өйтті, жүрегім бұйтті деп оны алдымен атайды. Әдебиет – халық өмірінің айнасы десек, онда да жүрек көп жырланады.

Ол қуанышта да, қайғыда да үлкен рөл атақарады. Неге десен, жүрек қан бермесе, дене жұмыс істемейді. Жүрек – мотор. Мейірбан, әділетшіл, арлы адамды жұрт жүректі кісі екен деп бекер айтпайды, оны бекер мақтан етпейді. Бұл – табиғи шындық.

Мейірбан, әділетшіл, арлы адамды жұрт жүректі кісі екен деп бекер айтпайды, оны бекер мақтан етпейді. Бұл – табиғи шындық.

Жүректі адам (шын жүректі болса) өсек-өтірікке, қулық-сұмдыққа, алданыш, айнығыш сезімге бармайды, ал барғандары жүрегі жоқтар.

... Ақыл деген нәрсе, қарағым, ол да табиғи құбылыс. Бірақ өмір көп нәрсеге үйретеді. Адам жас күнінен бастап жақсы мен жаманды салыстыра, байқай келіп, жіберген қателерінен тиісті қорытынды шығарып, өмір сүруге үйренеді. Бейнелеп айтқанда, бір жығылып, бір тұрып, тәй-тәй басқан жас бала секілді ақылдылыққа бірте-бірте бой ұрады. Ақыл қашқанға да, қуғанға да қызмет етеді. Ақыл, қысқасын айтқанда, орынды ойлана білу, орынды жерде ойынның қортындысын айта білу.

Қайрат деген негізінде екіге бөлінеді. Бірінші, ақыл қайраты. Қарсыласынды сөзбен, логикамен жеңуің керек. «Сөз тапқанға қолқа жоқ» деп қазақтар тегін айтпаған. Екінші, күш қайраты. «Ақылыңа



қайратыңды жолдас ет, қайратыңа ақылыңды жолдас ет» деген де сөз бар. Оның мағынасы, қара күшім бар деп менменсіне бермегін, ойлан деген сөз. Тағы да «Білегі жуан бірді жығады, білімі күшті мыңды жығады» дейміз.

Ақылы мен қайратын қатар ұстай алмаған жігіттерді

қазақтар: «Ардың-күрің, есерсоқ, құдай күш берсе де ақыл бермеген екен» дейді.

– Сіздің ұрпағыңыз көп қиындықты жеңе білді. Жоқшылықты, соғысты жеңді. Ал енді кейінгі ұрпақ арасында тоқшылықты жеңе алмай жүргендер бар. Бұған қалай қарайсыз?

– Нысапсыздық, өзімшілдік деген нәрсе әркімнің, әр жәндіктің бойында бар. Соны ауыздықтай білу керек. Әділдік әркімнің қолынан келе бермейді. Әрине, келетіндер де аз емес.

– Бауке, кейбіреулер малды ауылда тұрса да ерініп, қымыз, айран әзірлемейді. Бұл – бойкүйездік қой. Бойкүйездікке қарсы қалай күресу керек?

– Күресу бар, бірақ біреуінен нәтиже шығып, біреуінен нәтиже шықпай жатады. Бұл да тәрбиеге байланысты. Пәленшенің баласынан кем болмасын деп, балаларды жаман үйретіп аламыз. Қарапайым, сыпайы, еңбекқор бол деуден гөрі, үлде мен бүлдеге бөлейміз. Тегін нәрсенің қадірі жоқ, оны жерден тауып алғандай көреді. Мысалы, жап-жаңа киімді тазалап кесе, көпке дейін жарайды. Жаңа, сәнді киім керек деп, ескісін менсінбей, кесапатқа ұшырап жүрген балалар аз ба? Ондайлардың ертеңі қандай болмақ? Ондай мінез көрсеткендерге үлкендік орнымызды пайдаланып, «олай емес, былай істейсің, істемей көр!» дей білуіміз керек...

- *Мәтіндегі Бауыржан Момышұлының «Біреулер намыс деген жалғыз соғыста керек деп ойлайды. Ол – қате» деген ойын қалай түсінесіздер?*
- *Бауыржан Момышұлы қандай адамдарды «жүректі кісі» деді?*
- *Бауыржан Момышұлы неліктен қайратты екіге бөліп қарастырды?*
- *Ақыл мен қайратты қатар ұстау адамды қандай игіліктерге жеткізеді? Неліктен?*



1-тапсырма. Берілген екі мәтінді оқып, салыстырыңыздар. Ондағы адамдардың қарым-қатынасы қандай құндылықтарға негізделгенін анықтап, дәлелдеңіздер.

а) Бір адам Ұстазға келіп: «Мен Адамзатты, бүкіл әлемді шын беріліп сүйгім келеді, маған соның жолын көрсетіңізші» депті. Ұстаз одан: «Сен бір адамды шын беріліп сүйіп көрдің бе?» деп сұрапты. «Бұл мені қызықтырмайды, маған күллі адамзатқа барар жолды көрсетіңіз» дейді ол.

Ұстаз: «Бұл жол сен үшін жабық. Сен әуелі бір адамды сүйе білуге тиіссің. Бір адамға, яғни ең жақыныға деген махаббат – алғашқы баспалдақ. Алғашқы баспалдақты баспай жоғарғы сатыға қалай шықпақсың. Адамзат, бүкіл әлем – бұл жолдағы ең соңғы саты» деп жауап берген екен. (Өсиет әңгіме).

ә) Бір кісі баласымен тауда серуендеп жүр еді, баласы шалынып құлап түседі. Ауырған жері жанына батқандықтан «А-а-а!» деп айқайлап жібереді. Жандарындағы таудан «А-а-а!» деген дауыс естілгенінде бала таң қалады.

Ешнәрсені түсінбеген бала: «Сен кімсің?» деп айқайлайды. Алған жауабы тағы да: «Сен кімсің?» болып келеді.

Бұл жауапқа ашуланып: «Сен қорқақсың!..» деп айқайлайды. Таудан

келген дауыс «Сен қорқақсың!» деп жауап береді.

Бала әкесінен: «Әке бұл не?» – деп сұрайды. Әкесі: «Балам тыңда да, үйрен!» деді де, тауға қарап: «Мен саған қайран қалдым!» деп айқайлайды. Қайтқан жауап тағы да: «Мен саған қайран қалдым!» деп келеді.

Әкесі қайтадан айқайлайды: «Сен өте әдемісің!..» Жауапта: «Сен өте әдемісің» болып келеді. Бала қатты таң қалады, бірақ әлі не болғанын түсінбейді.

Әкесі оған: «Балам, адамдар мұны «жаңғырық» деп атайды, бірақ негізінде бұл өмір. Өмір әрқашан сенің бергендеріңді өзіңе қайтарады. Өмір – жасаған ісіміздің айнасы. Өзіңді өзгелер жақсы көрсін десең, алдымен өзің жақсы көр! Саған өзгелер жақсы мәміледе болуын қаласаң, өзің басқалармен жақсы қарым-қатынаста бол! Адамдардан құрмет көргің келсе, адамдарды өзің құрметте! Адамдардың сабырлы болуын қаласаң, сен де сабырлы болуды үйрен!

Бұл қағида өмірдің барлық кезеңі үшін бірдей.

Өмір кездейсоқтық нәрсе емес, жасаған әрекеттеріміздің айнадан кері шағылысуы ғана». (Өсиет әңгіме).

2-тапсырма. Шәкәрімнің «Өтірік ақиқаттан алыстатса, шындық ақиқатқа жақындатады. Ақылы мен ұжданы үйлесім тапқан адам өтірік айтпайды» деген ойын «көзқарас – себеп – мысал – қорытындылау» әдісімен талқылаңыздар.

3-тапсырма. Сүйіспеншілік, шыдамдылық, жанашырлық, адалдық, жауапкершілік қасиеттері көрініс табатын өмірлік жағдаяттарды ойластырып, сахналаңыздар.



Дүниетаным – адам санасының қоғамдық өмірге, табиғатқа, өзіне көзқарасы және сенімі. Адамдардың өмірлік позициясы, олардың сенімі, мұраты және іс-әрекеті.

Дүниетаным – жеке адамның табиғи және әлеуметтік құбылыстарын түсіндіру туралы болжауы, ой тұжырымы.

Адам дүниетанымының қалыптасуы ұзақ және күрделі үдеріс. Сондықтан да ол адам өмірін тұтас түгел қамтиды, нәтижесінде жеке көзқарастар және сенім жүйесі дамиды, қалыптасады, олар жеке адамның әрекет жасауына басшылық етеді. Сондықтан да әрқашан өмірде ақиқатқа жүгіну – айтқан, істеген, көрген немесе естіген нәрсені дәл жеткізу маңызды. Ақиқатқа шындық, дұрыс әрекет, тыныштық, қиянат жасамау және сүйіспеншілікті күнделікті өмірде іс жүзінде көрсету арқылы жетуге болады. Ақиқат, дұрыс әрекет, ішкі тыныштық,

сүйіспеншілік және қиянат жасамау адамның ұлтына, нәсіліне, тұратын ортасына байланыссыз және уақытпен өзгермейтін мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтар.

Дүниені мәңгілік жалпыадамзаттық құндылық тұрғысынан тану – жер жаһан шындығын, күш-қуатын парасат білімімен пайымдау, ұғыну, оны адам игілігіне айналдыру үшін оның бар болмысын ізгілікпен тану.



Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіздер.

Әйтеке бидің аталы сөздері

Ел аузынан

Болпыш би үлкен баласы Әжібай мен кіші баласы Аралды науқастанып жатқан Әйтекенің көңілін сұрауға жіберіпті. Ауруы жанына батса да, Әйтеке олар кеткенше өзін аса сергек ұстайды.

– Балықтың күні көлімен, бидің күні елімен деген. Елдің арқасында билікке араласып, қамшы ұстанғанымыз бар, балаларым. Бізден де міне, күн өтті. Өмірден өтемін деп өкініп отырған мен жоқ. «Адам өмірі – өзгенікі, өлімі ғана –

өзінікі» деген аталы сөз бар. Мен сол өмірімді өзгеге бере алдым ба? Сол ғана көкірегімді тырналайды. Екеуіңнің осыншама жерден іздеп келгендеріне ортам толып отыр. Ат арытар жерден арнайы келіпсіндер,



шаруаларыңды айта отырыңдар. Мен кеттім-бардым жағдайдағы адаммын. Әйтпесе, осы халімді көре алмай қалып, өкініште кетерсіндер....

Көбіне Әжібай бастап, Арал қостап, екі жас әкелерінің сәлемін жеткізеді. Арада біраз әңгіме өрбігеннен кейін олар: «жақын деген кім, жат деген кім, туыспен қандай қарым-қатынаста болған жөн, досты қалай тандауға болады, атадан балаға қандай мұра лайық, ел намысы мен ер намысы, жаман мінез, асыл сөз» секілді көп-көп сауалдарға жауап естігілері келетінін білдіреді.

– Е-е, сендер мені шындап-ақ сынағалы келген екенсіңдер, – деп Әйтеке бір сәт ризашылықпен желпініп қалады.

– Үйкүшік кемеңгерден, ел кезген есер артық деген, мен ойларыңнан шыға алмай, опынып кетіп жүрмесендер бопты. Аурудың өсиеті шала. Ал шала піскен астың асқазанға кесірі көп. Жас болсаңдар да жер

танып, ел көріп қалған сыңайларын бар сезіледі. Сырқат жанмен сырласу қиын. Аузынан сырдан гөрі сарыуайым көп шығады. Сөзімнің кесірін өзіме қалдырып, кесімін ғана аларсындар, қанаттарым!...

– О не дегеніңіз, Әйаға! –

дейді жастар, – Ай түнде керек, ақыл күнде керек. Ер қартайса да, ой қартаймайды. «Тасты қырна, жасты шыңда, кәріні тыңда, атаның ақылы – балаға азық, жолы – жазық», – дегенді де айтқан өздеріңіз емес пе!..

– Пәлі, жөн-ақ сөз! Ендеше, мен атадан балаға қалар мұрадан бастайын сөзімді. «Бата – құранның анасы. Атаңнан бота қалмасын, бата қалсын. Ботаның құны – бір-ақ жұт, батаның құны – мәңгі құт. Жаңбырмен жер көгереді, батамен ер көгереді деп отыратын баяғының данагөйлері... Адамға тәттінің жақыны – туыс. Туыспен сөз қуыспау керек. Туысыңнан кетіссең, басың азаяр, құрмет тұтып, сыйласаң, қасың азаяр. Ал осының бәрін ұйытатын – ақыл ғой. Ақылдының ажары – жарқыраған көлге тең. Ақылсыздың ажары бұлт пенен буға тең. Ақылсызға айтқан сөз – құмға сіңген сумен тең, ақылдыға айтқан сөз – Алаш ұстар тумен тең. Жақсыны ұлықтай білу де, жайсанды қызықтай білу де – ақылдының ісі. Ақылың – ажарың! Сау дене, азат ақыл, адал көңіл – үшеуімен болады бақытты өмір», – дейді Әйтеке би.

Әйтекенің аузынан шыққан аталы сөз арындай ағыпты.

– «Аталарымыз ақымақ жұбатқанша, ақылды жылатсын, жаманнан сөз естігенше, жақсыдан таяқ же», – деп кетіпті. Ал «жақсы адамның

жанына жаттың ауырғаны да батады» деген рас. Әйтпесе ат арыр жерден сендерді Болпекең менің сөзімді естісін деп қана жібермеген шығар. Жарым ырыс боларлық жақсы сөз Болпекеңнің өзінде де жетіп артылушы еді... Менің ауырғанымды

*Өзіне жақсылық тілемейтін
адам жоқ. Ал өзіңе
жақсылық тілесең, өзгеге
жамандық қылма! Айыптың
үлкені – ізгілік жасай алмау
емес, жамандық тілеу.*

естіген соң, қос жанарындай сендерді жіберіп отырғанын көрмеймісің. Өне, тана сүтімен емес, ана сүтімен ақыл қонған асыл деп сондайларды айтады... Ақыл мен мінез – бірге туған егіз. Мінездің жаманы мен жақсысы – ақылдың жемісі. Жақсы адамның серігі – ақыл, қанағат, әдеп, төзім, сабыр, үміт, татулық, бірлік. Ер жігітке төзім – тірек, сабыр – қамал, ақыл – әл-қуат, ар-абырой – қазына, қанағат – асыл тас, бата – мұра, әдеп – сән, жалған сөз – дерт, ақиқат – ем, үміт – көңіл азығы.

Өзіне жақсылық тілемейтін адам жоқ. Ал өзіңе жақсылық тілесең, өзгеге жамандық қылма! Айыптың үлкені – ізгілік жасай алмау емес, жамандық тілеу.

*Ер жігітке төзім – тірек,
сабыр – қамал, ақыл – әл-қуат,
ар-абырой – қазына, қанағат –
асыл тас, бата – мұра, әдеп –
сән, жалған сөз – дерт, ақиқат
– ем, үміт – көңіл азығы.*

– Тағы да не жайында сұрап едіңдер? Аурудың аяқтан шалғаны – миыңа зақым салғаны деген осы.

– Шындық пен жалған жайында айтыңызшы? – дейді отырғандардың бірі.

– Шындықтың қасиеті жайында ата-бабадан қалған киелі сөз қисапсыз. Қайсыбірін айтасың. Дегенмен бір-екеуін жадылайын. Жіп түйінсіз байланбайды, сөз шындықсыз байланбайды. Алысар болсаң, шыныңды айт, қауышар болсаң, сырыңды айт! Мен осы сөзді алғашында Төледен естідім бе екен...

Көсем би ұялы көзінің нұрлы шуағын мол төгіп, айналасына шырайлана қарады. Алыстан арнайы келген жас қонақтардың құрметіне жиналып, сегіз қанат үйге сыймай отырған ауылдастары бұрын екі ауыз сөз айтса, еңтігіп қалатын дария данагөйдің осыншама сергектігіне әрі қайран қалып, әрі қуанысып, әңгіме одан әрі жалғаса түсті. Атадан қалған асыл сөз ұрпаққа қалар мирас дегеннің өзі осы екен ғой.

- *Әйтеке бидің батаны атадан балаға қалар мұраға теңеуінің себебі неде?*
- *Әйтекенің «жақсы адамның жанына жаттың ауырғаны да батады» дегенінен нені аңғаруға болады?*
- *Би неліктен «Мінездің жаманы мен жақсысы – ақылдың жемісі» дейді? Себебін түсіндіріңіздер.*
- *Әйтеке би қандай қасиеттерді жақсы адамның серігі деді?*
- *Мәтіндегі «Өзіне жақсылық тілемейтін адам жоқ. Ал өзіңе жақсылық тілесең, өзгеге жамандық қылма! Айыптың үлкені – ізгілік жасай алмау емес, жамандық тілеу» деген ойды қалай түсіндіңіздер?*
- *Өзіңіз үшін Әйтеке бидің өсиетінің қайсысы ең маңызды болды?*



4-тапсырма. Төмендегі сөз тіркестерін қатыстыра отырып, «Не ексең, соны орасың!» немесе «Не іздесең, соны табасың» деген тақырыпта жағдаят ойластырып, сахналаңыздар.

- Жақсылықты ойлаңдар.
- Жақсылықты айтыңдар.
- Жақсылықты тыңдаңдар.
- Жақсылықты көріндер.
- Жақсы әрекет жасаңдар.

5-тапсырма. «Назары әдемінің ой-санасы әдемі келеді, ой-санасы әдемі адам өмірдің рақатын көреді» деген ойды басшылыққа алып, эссе жазыңыздар.

6-тапсырма. Өлеңді оқып, ондағы құндылықтар мен жақсы қасиеттерді анықтаңыздар. Өлеңдегі құндылықтар мен қасиеттерге негіз болған тірек сөздерді көрсетіңіздер.

Құтты білік
(Үзінді)

Жүсіп Баласағұн

Барлық істе сабырлы бол, көшелі,
Сабырлы жан тілегіне жетеді!
Қай істе де бол ұстамды, сабырлы,
Ұстамдылық үйірер мал, бағыңды.
Тілінді тый, қарай жүргін көзіңе,
Нәпсіңді тый, құлқының – жұт өзіңе.
Қиянатшыл елден без де, жолама,
Қараниет кісіге ерме додада.
Өкпелесең, ашуланба, налыма,
Сабыр соңы – салқын сая жаныңа.
Сабаз ердің сөзін ұқ та біле бер:
«Сабыр етсең – бұзылған іс түзелер!
Сабырлы ер өз тілегін табады,
Сабырлы аушы шыдаса, ақ құс алады!»
Егер қайғы жараласа жаныңды,
Күт сабырмен туатын шат шағыңды.
Егер дәулет жауып алса қақпасын,
Түзелер іс, төзіп сабыр сақтасаң.
Ер мінезі – сабырыңды сақтай біл,
Сабыр жолы көк төріне бастайды.

7-тапсырма. Өсиет әңгімені оқыңыздар. Мәтіннен адам ойы мен дүниетанымының өз өміріне және қоршаған ортасына тигізетін әсерін тауып, дәптерге жазыңыздар.

Ауруханада бір бөлмеде үш адам төсек тартып жатқан екен. Ауруханаға бірінші болып түскен адам терезенің қасына жатқызылып, екінші болып түскен – ортаға, соңғысы – есік жаққа жатқызылыпты. Ортада жатқан кісі ұдайы бөлмедегі басқа науқастардың көңіл күйін көтергісі келіп жақсы әңгімелер айтатын еді. Бір күні терезе жақтағы науқасынан айығып, үйіне кетеді. Оның орнына ортада жатқан оптимист кісі жатқызылып, бөлмелеріне қосымша жаңа адам жатқызылады. Терезе жаққа көшкен аға енді терезеден

көргендерін айтатын болды. Күнде жаңа, жақсы нәрсе көріп, оны қуана басқа науқастармен бөлісетін. Жол үстіндегі бақшаны, үлкен шынар ағаштарды, жұмысқа асығып кетіп бара жатқан адамдарды, құстардың сайрауын, бүлдіршіндердің ойыны мен қарсы жоталардағы гүлдердің әсемдігін көркемдеп әңгімелейтін. Төсек тартып жатқан басқа науқастар әңгімелерін тындап, оларды көз алдарында елестетуге тырысатын. Көп ұзамай оптимист ағаның әңгімелері арқасында аурухана бөлмесіндегі аурулардың көңіл күйлері жақсарып, әдетте іш пыстыратын уақыт та қызықты болып зымырай бастады.

Әңгімелерді тыңдап, қызығып жатқан ортадағы науқас «шіркін, терезе қасында жатқан адамның орнына мен жатсам» деп ойлайтын. Бір күні оптимист науқас жазылып, үйіне кетеді. Оның орнына ортада жатқан науқас терезенің жанына жатқызылады. Ал ол болса терезеден оптимист әңгімелеген барлық кереметтерді көруге сабырсыздықпен асығып, терезеден сыртқа асығыс көз тастады. Ал терезенің арғы жағында қап-қара дуалдан басқа ешнәрсе жоқ еді... («Өмірге оң көзқарас». Өсиет әңгіме).



Аңса жаным

*Сөзі Мұқағали Мақатаевтікі
Әні Дүйсенхан Сыздықовтікі*

Мен тілеймін жарқыным сен де тіле,
Орнасын де жақсылық жер бетінде.
Аққу тіле айдынның келбетіне,
Айдын тіле аққуды тербетуге.

Мен аңсаймын, сен-дағы аңса жаным,
Жайлап ескен жақсыдан жан самалын.
Аңса жаным, зарығып шарша жаным,
Қанша ғұмыр қалса да қанша амалың.

Мен сағынсам, сен-дағы сағын жаным,
Тек жақсылық адамнан табылғанын.
Алакөзсіз, ашусыз бауырлардың,
Алқам-салқам аңсаймын қауымдарын.

Болса-дағы көңілім қанша жарым,
Білінбейді солармен шаршағаным.
Жайлап ескен жақсыдан жан самалын,
Аңса жаным, жабықпай, аңса жаным.

5-6 АДАМДЫҚ КЕЛБЕТ



*Адамдық борышың,
Халқыңа еңбек қыл.
Ақ жолдан айнымай,
Ар сақта, оны біл.*

Шәкәрім

- Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңыздар.



Өлеңді оқып, сұрақтарға жауап беріңіздер.

Көк тұман – алдындағы келер заман

Абай

Көк тұман – алдындағы келер заман,
Үмітті сәуле етіп көз көп қадалған.
Көп жылдар көп күнді айдап келе жатыр,
Сипат жоқ, сурет те жоқ, көзім талған.

Ол күндер – өткен күнмен бәрі бір бәс,
Келер, кетер, артына із қалдырмас.
Соның бірі – арнаулы таусыншақ күн,
Арғысын бір - ақ алла біледі рас.

Ақыл мен жан – мен өзім, тән – менікі,
«Мені» мен «менікінің» мағынасы – екі.
«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
«Менікі» өлсе өлсін, оған бекі.

Шырақтар, ынталарың «менікінде»,
Тән құмарын іздейсің күні - түнде.
Әділеттік, арлылық, махаббат пен –
Үй жолдасың қабірден әрі өткенде.

Малға сат, пайдаға сат қылығыңды,
Ылайла ылай оймен тұнығыңды, –
Сонда өмірден алдамшы бола алмассың,

Ол білдірмей ұрламақ қызығыңды.
Адам ғапыл⁸ дүниені дер менікі,
Менікі деп жүргеннің бәрі оныкі.
Тән қалып, мал да қалып, жан кеткенде,
Сонда, ойла, болады не сенікі?

Мазлұмға⁹ жаның ашып, ішің күйсін,
Харекет¹⁰ қыл, пайдасы көпке тисін.
Көптің қамын әуелден тәңірі ойлаған,
Мен сүйгенді сүйді деп иең сүйсін.

Көптің бәрін көп деме, көп те бөлек,
Көп ит жеңіп көк итті күнде жемек.
Ғадәләт¹¹ пен мархамат¹² – көп азығы,
Қайда көрсең, болып бақ соған көмек

Әркімнің мақсаты өз керегінде,
Біле алмадым пысығын, зерегін де.
Саяз¹³ жүзер сайқалдар¹⁴ ғапыл¹⁵ қалар,
Хақиқат¹⁶ та, дін дағы тереңінде.

- *Өлеңдегі «Мені» мен «менікінің» мағынасы – екі.
«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
«Менікі» өлсе өлсін, оған бекі»
деген жолды қалай түсіндіңіздер?*
- *Өлеңде ақын «Сонда өмірден алдамшы бола алмассың,
Ол білдірмей ұрламақ қызығыңды» деген жолда не айтқысы
келген деп ойлайсыздар?*
- *Өлеңді қысқаша қалай түйіндер едіңіздер?*
- *Өлеңнің негізгі ойы, идеясы неде?*
- *Өлеңнің түйінді идеясын тауып, өмірмен байланыстырып
әңгімелеп беріңіздер.*

⁸ (арабша) қапы қалу, байқамау.

⁹ (арабша) зұлымдыққа ұшыраған адам

¹⁰ еңбек, кәсіп.

¹¹ (арабша) әділет, шындық; рақым, жақсылық.

¹² (арабша) ашушылық.

¹³ тайыз, терең емес.

¹⁴ өзгергіш, құбылмалы.

¹⁵ қапы қалу, білмеу, байқамау.

¹⁶ ақиқат, шындық.



Абай «мені» мен «менікінің» екі түрлі мағынасы бар екенін айтады.

«Менікі» дегеніміз адамның денесі, ал «мен» – дененің рухани жемісі, қалдырған ізгі ісі, өнері, еңбегі. «Менікі» – дене – өледі, «менен» айрылады, ал «мен» – адамзаттың рухани жемісі – артында қалдырған игілікті ісі, өнері ұрпақтан ұрпаққа ауыса береді, мұра, мирас болып қала бермек.

«Мен» деп адам рухын, оның негізгі мәнін атап, ақыл мен жанды рухтың сипаттары ретінде таниды. Яғни, «Ақыл мен жан мен өзім, тән менікі, «Мені» мен менікінің мағынасы екі, «Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан «Менікі» өлсе өлсін оған бекі» дегенде «Менді» менікінен ажырата қарап, жан қажетін табуға «менікінің», яғни тән мен нәпсінің жетегінде кетуден сақтандырады. Өткінші, алдамшы қызықтарға алданбай, баянды, мәңгі құндылықтарға ұмтылуға үндейді. «Менікі» «Менге» қарама-қарсы ұғым ретінде айқындалып, ол адам жаратылысының рухани бастауына қарсы нәпсілік табиғатына меңзейді. «Адам ғапыл дүниені дер менікі, Менікі деп жүргеннің бәрі Оныкі, Тән қалып, мал да қалып, жан кеткенде, Сонда ойла болады не сенікі?» Адамның өзінің шын «Менін» танып, менікінің тұтқынынан құтылып, рухани кемелдікке ұмтылуын басты мақсат-мұрат деп белгілейді.



1-тапсырма. Төменде берілген сөздер мен сөз тіркестерін «Мен» және «менікіне» топтастырып, дәптерге жазыңыздар.

Сөздер мен сөз тіркестері: ақыл, рухани құндылықтар, қалдырған ізгі ісі, өнері, еңбегі, мал, мүлік, қызмет, мамандық, үй, көлік, алтын, күміс, атақ-даңқ.

2-тапсырма. Төменде берілген қанатты сөздерді оқып, олардың қайсысы адамның шынайы «Меніне», қайсысы «Менікіне» қатысты айтылғанын тауып, дәлелдеп беріңіздер.

а) Маған қолымнан келетін істі атқаруға қуат бер, қолымнан келмейтін іске ұмтылмайтын ерлік бер, осы екеуін бір-бірінен айыра алатын ақыл бер. (Шығыс ұлағаты).

ә) Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт,
Ел бірлігін сақтаған татулықты айт. (Жамбыл).

б) Еркіндік десе ойыңа не келсе, соны жасайтындай ерікке ие болу деп түсінетіндер, еркіндіктің толқынында биікке жетіп алуға ұмтылатындар көп те, өз еркіндігі біреудің реттеуінсіз өзің ғана билей алатындай еркін өмір сүр деп түсінетіндер жоқтың қасы. (Әбіш Кекілбаев).

в) *Адамзат жаратылгалы алдымен заттық табиғатқа ие болған, яғни басқы мақсат – ішіп, жеу, қарынды тойындыру. Мұны Шәкәрім бірінші жүйе – тән жүйесі деген. Екінші болып жан жүйесі айтылады. Үшіншісі – адамның санасы. Төртінші – нәпсі жүйесі, ол тек ішіп-жеу емес, артына ұрпақ қалдыру ниеті. Бесінші – көңіл жүйесі, яғни көңіл азығын іздеу. Алтыншы жүйе – рух жүйесі, яғни адамның рухани мәдениеті. Жетінші жүйе – ар жүйесі, ол Жаратушыға барар соңғы баспалдақ. (Ғарифолла Есім).*

3-тапсырма. Төменде берілген рөлдер бойынша жаңалықтар бағдарламасын адамзаттың рухани жемісіне, игілікті ісіне негіздеп жасаңыздар.

а) Зерттеуші тілші.

Тәулік бойы адамның жан дүниесінің рухани байлығы, оның күнделікті өмірдегі көрінісі жайлы хабарлайды.

ә) Теледидар жүргізушісі.

Адамның жан дүниесінің сұлулығы мен ізгілігі жайлы оқиға орнынан жиынтық ақпараттар ұсынады.

б) Сұхбат алушы тілші.

Әлемдегі барлық адамдардың жан дүниесі рухани бай болса, онда...



Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіздер.

Абайдың жетінші қара сөзі

(Үзінді)

Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі – білсем екен демекшілік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге



үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген.

Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықпен орны болмайды. Оны білмеген соң, ол

Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықпен орны болмайды.

Оны білмеген соң, ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады.

жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады. Өзелде құдай тағала хайуанның жанынан адамның жанын ірі жаратқан, сол әсерін көрсетіп жаратқаны. Сол қуат жетпеген, ми толмаған ессіз бала күндегі «бұл немене, ол немене?» деп, бір нәрсені сұрап білсем екен дегенде, ұйқы,

тамақ та есімізден шығып кететұғын құмарымызды, ержеткен соң, ақыл кіргенде, орнын тауып ізденіп, кісісін тауып сұранып, ғылым тапқандардың жолына неге салмайды екеміз?

Сол өрістетіп, өрісімізді ұзартып, құмарланып жиған қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді. Тәннен жан артық еді, тәнді жанға бас ұрғызса керек еді. Жоқ, біз олай қылмадық, ұзақтай шулап, қарғадай барқылдап, ауылдағы боқтықтан ұзамадық. Жан бізді жас күнімізде билеп жүр екен. Ержеткен соң, күш енген соң, оған билетпедік. Жанды тәнге бас ұрғыздық, ешнәрсеге көңілменен қарамадық, көзбен де жақсы қарамадық, көңіл айтып тұрса, сенбедік. Көзбен көрген нәрсенің де сыртын көргенге-ақ тойдық. Сырын қалай болады деп көңілге салмадық, оны білмеген кісінің несі кетіпті дейміз. Біреу кеткенін айтса да, ұқпаймыз. Біреу ақыл айтса: «Ой, тәңірі-ай, кімнен кім артық дейсің!» – дейміз, артығын білмейміз, айтып тұрса ұқпаймыз.

Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр көзбенен көрген біздің хайуан малдан неміз артық? Қайта, бала күнімізде жақсы екенбіз. Білсек те, білмесек те, білсек екен деген адамның баласы екенбіз...

- *Мәтінде айтылған тән құмарларының қажеттілігі шектен асса не болады деп ойлайсыздар?*
- *«Жан құмары» адамды қандай игіліктерге жеткізеді?*
- *«Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ» дегенді қалай түсінесіздер?*
- *Өздеріңіз жан мен тән сұраныстарын қалай реттеп отырасыздар? Қайсысын көбірек тыңдайсыздар? Неліктен?*
- *Осы мәтінді оқығаннан соң өздеріңізге пайдалы қандай қорытынды жасайсыздар?*



... Ерік адамзат баласына Жаратылыстан келетін қасиет. Мақсатың мен ындыныңды билеу сенің өзіңнің еркінде. Еркіндік дегенді жүгенсіздік деме, екеуі екі түрлі нәрсе. Адам өзінің еркін белгілі бір тәртіптің тезіне сала отырып, дұрыс жолды, таза жолды таңдай алады. Немесе бұзықтыққа қызығу арқылы өзінің еркін адалдық жолына емес, арамдықтың жолына, дұрыс емес мақсатсыз жолға бағыттап кетеді. Еркіндікті жаратылыс береді, оны қалай ұстану адамның өз қолында.



4-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Теректің өз-өзімен және айналасымен қайшылықтарын тауып, одан руханилықпен шығу жолын ұсыныңыздар. Мәтіндегі жағымсыз қасиеттерді жақсы қасиеттерге ауыстырыңыздар.

Алатаудың көк майсалы бауырында тәкаппар бір терек өсіп тұрды. Ол ешкімді менсінбеді. Төңірегіндегі мәуелеген жеміс ағаштары мен гүл бәйшешектерді көзіне де ілгісі келмеді. «Дүниеде маған тең келер ешкім жоқ. Мен тамырларыммен жерді шеңгелдеп ұстап тұрмын. Ұшар басым көкті құлатпай тіреп тұр», – деп лепірді терек. Оның асқақтығы шектен асты. Күнді жақтырмады: «Осының не керегі бар? Жапырақтарымды сарғайтып жіберетін болды-ау», – деп тыжырынды.

Терек суды да жаратпады: «Су тамырларымды шірітіп жіберетін болды», – деп налыды. Ол желге де мін тақты: «Жел жапырақтарымды шуылдатып, тыныштық бермеді», – деді.

Бір күні теректің бұтағына бұлбұл келіп қонды да, тамылжытып сайрай бастады. Тәкаппар терек біреудің еңбегі мен талантын өзіне иемдене қоядан аулақ емес еді: бұлбұлды шуылдаған жапырақтарымның бірі екен деп:

– Естіп тұрсыңдар ма? Қайсыларыңда осындай жыршы жапырақ бар? – деп екіленді терек.

Бұны естіген бұлбұл намыстанып, өз жөніне ұшып кете берді.

Енді терек желді де жақтырмады:

– Менің жыршы жапырағымды сен үзіп әкеттің. Оңбаған қаңғыбас, – деп тілдеді.

Бұны естіген жел де тына қалды.

Терек сәулелі күнге бажсырая қарады:

– Е, е... кім екен десем, мына менің шырын жапырағымды құрғатып түсірген сен екенсің ғой, – деді.

Бұны естіген Күн енді қайтып шұғыласын терекке төкпей қойды.

Сыңғырлап ағып жатқан мөлдір бұлақ теректің бұл айтқандары орынсыз екенін айта бастап еді, тақаппар терек оған ақырып қоя берді:

– Өшір үніңді! Сен маған ақыл айтуға әлі жеткен жоқсың, – деді.

Бұны естіген бұлақ енді қайтып теректің тамырын нәрлендірмейтін болды.

Сөйтіп, күн нұрынсыз, сусыз, желсіз, ауасыз қалған терек аз күнде-ақ қуатынан айрылып, қалжырай бастады... («Теректің асқақтығы» өсиет әңгіме).

5-тапсырма. Абайдың қара сөздерінен берілген үзіндіні оқыңыздар. Одан адамның тілек, қалаулары мен мүмкіндіктерінің шынай «Меннен» яғни рухани дүниеден бастау алуы қанадай игіліктерге жеткізетінін дәлелдейтін түйінді ойларды тауып, айтып беріңіздер.

а) ... Әрбір жақсы нәрсенің өлшеуі бар, өлшеуінен асса – жарамайды. Өлшеуін білмек – бір үлкен керек іс. Ойланбақ жақсы, іске тіпті салынып кеткен кісі ойын байлай алмай, қияли болып кеткені де болады.

Ішпек, жемек, кимек, көңіл көтермек, құшпақ, сүймек, мал жимақ, мансап іздемек, айлалы болмақ, алданбастық – бұл нәрселердің де өлшеуі бар. (Абайдың қырық үшінші қара сөзі).

ә) ... Жамандықты кім көрмейді. Үмітін үзбек – қайратсыздық. Дүниеде еш нәрседе баян жоқ екені рас, жамандық та қайдан баяндап қалады дейсің! Қары қалың қатты қыстың артынан көгі қалың, көлі мол жақсы жаз келмеуші ме еді! (Абайдың отыз жетінші қара сөзі).

6-тапсырма. Жағдаяттарды оқып, шешіңіздер.

а) – Бір реттен ештеңе болмас.

– Әлі жаспыз, өмір алда.

– Үлкейгенде, азамат болғанда жасаймын.

– Елдің бәрі осылай жасайды ғой.

– Ештеңе болмас, бәрі өтеді.

– Көп ойланудың, басың ауыртудың қажеті қанша?

– Адам бәріне де үйренеді.

– Үлкендер де солай істейтін.

– Ешкімді тыңдама!

ә) Бір күні ұстаз оқушыларына өмірлік бір сабақ үйрету ниетімен тақтаға 1 санын жазады да, оқушыларына қарап «Мұны адамгершілігіміз дейік. Өмірімізде болуы керек ең маңызды қасиет», – деді. Сосын 1-дің қасына 0 санын жазады да: «Ал бұл болса жетістіктеріміз. Бойыңыздағы адамгершілікке табыс қосылса адам

1-ден 10 бола қалады. Тағы бір 0 қояйық. Ол – тәжірибеміз. Тәжірибесі болса адам 10 емес, енді 100 болады» деп кезек-кезек 0-дерді қоса береді. Зеректік, тәртіптілік, сүйіспеншілік... Қосылап тұрған әрбір 0 саны адамды 10 есе байытатынын түсіндіреді ұстаз. Бір кезде ұстаз сандар тізбегінің ең басында тұрған 1 санын өшіреді. Сонда тақтада тек 0 саны қалады. Ұстаз оқушыларына былай дейді: «Адамгершілігіміз жоқ болса, қалғанның бәрі түк те болмайды». (<https://angimeler.wordpress.com/>).

б) Төсекте тәтті ұйқыда жатырсыз. Кенеттен сағаттың қоңырауы соға бастады. Тұрып, сабаққа дайындалатын уақыт болды. Осы сәтте бойымызда екі болмыс күресе бастайды. Оның бірі: «Тұр да, сабағыңды оқы» – десе, екіншісі: «Асықпа. Жата тұр. Әлі уақыт бар» – дейді. Бірінші болмыс: «Қазір тұрып кетпесең қайта ұйықтап кетесің – десе, екінші болмыс: «Жата тұрайын, әлі де уақыт бар ғой» – дейді. Осылайша екі болмыс өзара күреседі. Қайсысы күшті болса сол жеңеді.



«Мен» деген әр адамның адамгершілік қасиеті, рухы, мейірімі, ал «менікі» деген оның тәні, оның еңбегімен жасалған, артта қалар дүние-мүлкі. Біз материалдық құндылықтардың – уақыттың еншісі яғни олар бүгін бар, ертең жоқ екенін, ал адамның жақсы ісі, адамгершілігі руханилығы мәңгілік болатынын ұғынуға тиістіміз.

Материалдық дүние де адамға күнделікті өмірде қажет. Алайда оған қанағатшылықпен қарау, яғни барға риза болып, нәпсіге ермеу дұрыс әрекет. Қанағат ету – жетіспеушілікке, таршылыққа төзіп шыдау емес, ақылға сүйеніп, өзін-өзі тежеу, одан шығу жолын ақылмен, сабырмен іздеу.

Күнделікті өмірде түрлі таңдаулар, жақсы да жаман да кездеседі. Осылардың аражігін ажыратып, тілек-қалауларды реттеп, тежеп отыратын – адамның руханилығы, ақыл-парасаты.

Ақыл-парасат адамдарды жаман істерден, өмірдің өткенші ләззатына берілуден тежейді. Адамгершілікке тән адал қасиеттерді айтып, біліп қана қоймай оны ісіне, күнделікті өміріне арқау еткендерді нағыз адам, жақсы адам деуге болады.



Байлық пен бақыт

Сөзі мен әні Мұхтар Шаханұлыныкі

Адамдығы құнсызданып аласұрған ғасырда,
Тек байлықты пір тұтқандар санала ма асылға?
Шаттық кезде табылған дос, ертең тағы досың ба,
Басыңа күн туған шақта, кім қалады қасыңда?

Қайырмасы:

Мейлі, мейлі жүз жерден бай болсаң да,
Айға апарып алтыннан үй салсаң да,
Пенделіктен кете алмайсың,
Ұлт перзенті аталмайсың,
Шын бақытқа жете алмайсың,
Күреспесең бақыты үшін өзгенің.

Заман неге кәусәр бұлақ өлкесінен шеттеді?
Зор қасірет, тағдырыңнан қанағаттың кеткені.
«Байлық теңіз суына ұқсас, ішкен сайын шөлдеткен»,
Айнымаудың жолы қайсы азаматтық келбеттен?

Қайырмасы.

Тіршілікте өз мүддесі үшін әркім таласар
Тұлғалар аз, ел мерейін ойлап тыңнан жол ашар?
Қай дәуірде байлық даңқы ізгіліксіз өтелді?
Жаны кедей адамдарға байлық тіпті қатерлі.

Қайырмасы.

7-8 ӨЗІҢМЕН ҮЙЛЕСІМДІКТЕ



... Жүрегіңнің түбіне терең бойла.

Абай

• Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңыздар.



Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіздер.

Ақыл мен сезім

(Үзінді)

Мамытбек Қалдыбай

Дастарқан жиналып, Баукеңнің ұйықтайтын бөлмесіне бардық. Ол кісі төсегіне жантайып, мен креслоға жайғастым.

– Ал, балам, сұрағың болса, ұялмай бер. – Ежелгі әдетінше жанарын тік қадап, барлай қарады. Жасқанып, үнсіз қалғаннан не пайда деп, батылдана үн қаттым.

– Ақыл мен сезімді қалай бағалайсыз?

– Бұл сауалың, қарағым, күрделі сауал, – деді жантая жатқан күйі көзін жұма ойланып. – Бұған, әрине, өмірде жауап көп. Эта целая проблема. Аспаннан төрт кітап түсті дейміз ғой. Сонда осылар бар. Сезім билеп кетсе, ұялып қаласың, сезіміңді ауыздықтай біл, «ашу – дұшпан, ақыл – дос» деген сөз бар. Бұл сезіміңе ерік бере берме деген сөз.

... Меніңше, сезім мен ақылдың айырмасы әжептеуір. Екеуін әркім әр түрлі түсінеді. Әрі-беріден кейін қазақ көп ойланып, дұрыс қорытындыға келген дейді. Ол оңай емес. Екеуін парлап жолдас етпесен, ұялып, тіпті қарабет боп қалуың мүмкін.

Сезім ұшқалақ келеді. Әрі-беріден кейін жетпістен асып бара жатқан мен кейде сезімімді тежей алмай, «ақымақтың ақылы түстен кейін кіреді» деп өкініп қаламын.

Екеуін қатар ұстай білсең, яғни сезімің ұшқалақтық істесе, ақылың тәйт деп қойса, немесе: «Ей, сен мынаны сезбей отырсың ғой» – деп ақылға көмектессе жақсы.

Адамзаттың тарихында, қарағым, сүрініп, жығылу, қателесу, асыра сілтеу секілді кемістіктің сексен пайызын сезім істетеді. «Абайламай сөйлеген ауырмай өледі» деген мақал бар. Абайламай сөйлеу – сезімнің тілі. Сол себепті қазақтың айтқаны дұрыс. Ал абайлап сөйлеу үшін ақыл керек.

*Сезім мен ақылыңды
қатар ұстай білу –
үлкен тәртіптілік,
адамгершілік, жақсылық.*

Жаңа айттым, сезім ұшқалақ келеді. Ал ақыл мен сезімді қатар ұстаған кісілердің сезімі ұшқалақ келмейді. Оны интуиция дейді.

Сезім мен ақылыңды қатар ұстай білу – үлкен тәртіптілік, адамгершілік, жақсылық. Сол екеуінің басын қоса алмай жүрген адамзаттың (өлгендері бар, тірісі бар) тоқсан пайызы өзін сезімге билетіп жібереді де, кейіннен «ойбай!» деп опық жейді.

Осы туралы Абай көп ойланған. Оны ол кісінің шығармаларын оқысаң, түсінесің. Жаман мінез-құлықтың көрініс беруінің түп себебі осыдан деп білем.

- «Жаман мінез-құлық – рухани кесел. Бұл кеселді жою үшін тән кеселін емдеуде қолданатын дәрігердің тәжірибесіне еліктеуіміз керек», – деген екен әл-Фараби бабамыз, – дей жаздап, тиыла қалдым.

... Жалпы сезім мен ақыл әркімде әр түрлі, – деді қабақ шытып, тұнжырай ойға енген күйі.

- Біреуде бар ақыл басқада жоқ. Екі адам ол жағынан егіз емес, олардың ақылы да, сезімі де екі бөлек. Оны бірдей ету қиын нәрсе.

... Өмір құбылысына баға беру үшін ақыл мен сезім қатар жүруі керек. Оның негізі – ұяда нені көрсеңге барып соғады, оның негізі отбасыға байланысты.

- *Мәтіндегі «Сезім билеп кетсе, ұялып қаласың, сезіміңді ауыздықтай біл, «ашу – дұшпан, ақыл – дос» деген сөз бар. Бұл сезіміңе ерік бере берме деген сөз» деген ойдан нені аңғардыңыздар?*
- *Сезімді қалай басқаруға болады деп ойлайсыздар?*
- *«Сезім мен ақылды парлап жолдас етпесең, ұятқа қаласың» дегеннен нені ұқтыңыздар?*
- *Бауыржан Момышұлы нені тәртіптілік, адамгершілік, жақсылыққа жатқызды?*
- *Бауыржан Момышұлы жаман мінез-құлықтың көрініс беруінің түп себебін қайдан іздейді? Өздеріңіз қайдан іздейсіздер? Неліктен?*
- *Ақыл мен сезімді қатар ұстау адамды үйлесімділікке жеткізе ме? Себебін түсіндіріңіздер.*



1-тапсырма. Абайдың «Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды» деген нақыл сөзін басышылыққа алып эссе жазыңыздар.

2-тапсырма. Өлеңдерден берілген үзінділерді оқып, одан ақыл мен сезімді қатар ұстап, адамды үйлесімділікке жеткізетін қасиеттерді іріктеп алып, олардың әрқайсысына сипаттама беріңіздер.

Шәкәрім

*... Ынсап, ұят, ар, рақым, сабыр, сақтық,
Талапқа алты түрлі нөқта¹⁷ тақтық.
Алтауының ішінде ынсап¹⁸ әділ,
Өзгесінің тізгінін соған ұстаттық.*

Құтты білік

(Үзінді)

Жүсіп Баласағұн

*Екі әлемде кісілерге, керегің –
ізгі қылық, түзу құлық – дер едім.
Екінші – ұят, үшіншісі – әділдік,
Осы үшеуі бақ-дәулетің бәріңнің.
Құлқы түзу болса елі сенеді,
Қылығы түзу төрден орын тебеді.
Ұят, намыс – абыройын сақтайды,
Ұятсыздық ердің басын таппайды.
Тағы бірі – түзу қылық қарымды,
Қос жалғанда сындырмайды сағыңды!
Ұят, шындық, ізгі құлық – үшеуі,
Қосылғанда құбылаң тең түседі.*

3-тапсырма. «Ойы, сөзі, ісі ізгі жандар» тақырыбындағы дөңгелек үстелдің бағдарламасын төмендегі қадамдарға сәйкес әзірлеңіздер:

- тақырыпқа сәйкес кейіпкерлерді табу;
- тақырыпқа сәйкес әңгімелесуге сұрақтар дайындау;
- қатысушыларға сыйлық дайындау.



Адамның табиғатына тазалық, ізгілік, жақсылық жақын. Сондықтан да, адам табиғаты жақсылық жасауға бейім тұрады. Осы тұрғыда Шәкәрім Құдайбердіұлы «... Адамның жақсы өмірінің негізінде билігі бәріне жүретін үш қасиет жатыр: адал еңбек, ар-ожданды ақыл-ой, шынайы жүрек.

Бұларсыз өмірде тыныштық пен келісім табылмайды» дейді. Сондықтан да адамның ойы, сөзі, ісі ылғи да тек қана жақсылыққа бағытталса, өмірде игі істер жасалып, адам өзімен өзі және айнала қоршаған ортасымен үйлесімділікте өмір сүруге мүмкіндік алар еді.

¹⁷ Мал басына кигізілетін ер-тұрман жабдығының бірі.

¹⁸ Көңіл тоқтатудағы қанағат.



Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіздер.

Құз басындағы аңшының зары

(Үзінді)

Шыңғыс Айтматов, Мұхтар Шаханов

... Естеліктерге құлақ ассақ, Қажымұқан – алып күштің ғана емес, биік адамгершіліктің де иесі.

Шіке, Қожамқұл сынды қырғыздың алыбымен Қажекең кездескен деген әңгіме бар...

III. Айтматов. Ол рас. Жастайынан жоқ-жітіктеу өскен Қожамқұл ер жете келе, күрес өнерінің нағыз майталманына айналады. Бойының биіктігі сондай, қатарласқанда, түйелі адамның иығынан келіп тұратын деседі көзін көргендер. Қоңқақ мұрынды, ат жақты, қара сұр келбетіне қыран қабағы сұс беріп тұрғандай. Ғасыр басында Бішкекте ұлы жиын өтіп, соңы палуан күресіне, ат бәйгесіне ұласқан. Қытайлар өздерінің өгіз палуанын әкеліпті. Өлгі палуанның үстін жабулап, басын нокталап, төрт тағандатып, айналасына топырақты уыстап шаштырып, өкіртіп-бақыртып, ортаға алып шығыпты. (Ертеде палуандардың айбарын асыру үшін, әрқайсысын дене бітіміне қарай түйе, өгіз, қошқар палуан атандырып, үстін соған сай жабулап, нокталап, ортаға жетелеп алып шығатын дәстүр болған). Мына психологиялық шабуылға шыдамаған қырғыздың небір апайтөс алыптары халық қолқалағанмен, жүректері дауламай, топқа түспей, сырт айналып қашыпты. Бұрын-соңды мұндайды көрмеген ел аң-таң болып, абдырап, не істерін білмей, сасады. Бас жүлдені алыстан келген әлдекімге байлап жіберу – елге сын. Әр рудың аты аталып, қайта-қайта ұран шақырылады.

Осы кезде ортаға жардай боп Қожамқұл алып шықты дейді. Үстіндегі жабуы мен басындағы ноктасын сыпырып тастаған қытайдың өгіз палуаны да өкіріп, тіке ұмтылыпты. Айласы басым қарсыласына бой бермей, арпалысқан Қожамқұл сүт пісірім уақыттан кейін әлгіні «ап» деп ақырып қалып, тас төбесіне көтеріп алған. Демдерін ішке бүгіп, тырп етпей тұрған қырғыздар да «уа, аруақ» десіп, шуласып қоя беріпті. Айғайға арқаланған Қожекең қарсыласын айналдыра үйіріп әкеліп, жерге бір-ақ соққан...

Көзі тірісінде жауырыны жерге тимеген палуанның даңқы осы белдесуден соң-ақ, күллі елге тегіс мәлім болған. Палуандарды замандастары мен кейінгі ұрпақ әрқашанда мифологияға бөлеп, дәріптеп отырған.

Қажымұқан мен Қожамқұлдың кездескені жайлы көне-көз қариялар қызықты баяндайды. Циркте өнер көрсетіп, бетіне жан қаратпай жүрген Қажымұқан бір сапарында Бішкектің мал базарына соқса керек.



Ойдан-қырдан жиналған ел-жұрт палуанды орталарына алып, жібермей, серіппедей шиыршық атып тұрған бұлшық еттерін тамашалап, онаша үй тігіп, бие сойып, қымыз сапырыпты. Африкада қара зәңгімен белдесіп жыққанын, жапон палуаны Сар-Ки-Киді қалай жеңгенін тындап, айыздары қанып, желпінген топ тыныш тұра

ма, Қажымұқанды Қожамқұлмен күрестіріп, қызыққа батайық деседі. Орталарынан шығарып, үш тоғыз жұлде де тігеді. Ат шаптырып, аулынан алдырылған Қожамқұл алдымен аға палуанға барып, ізетпен көріседі.

Тамашаға жиналған көпшілік екі жаққа бөлініп, бұрын-соңды көз көрмеген үлкен күрестен дәмелі көңілмен қызыл өңеш боп жатады.

– Қажеке, – дейді осы кезде қырғыз палуаны. – Бір бастың екі көзіндей бауырлас егіз елдің азаматымыз. Сіз – аға, мен – інімін. Біріміз жығып, мақталып, екіншіміз жығылып, тапталып жатқанымыз жараспас. Әрі бізге меймансыз. Беліңізге жармассам, аруақ кешірімес. Жұлде сіздікі болсын!

Осыны айтып, Қожамқұл ұстаспай-ақ, кісілікпен жолын берген екен.

– Қайтер екен деп, сын көзіммен қарап тұр едім. Көрген-түйгенің көп, қырғыз елінің абыройына туған ұл екенсің. Жұлдызың жансын! – деп, Қажекең інісін құшақтап, бетінен сүйіпті. Жұлдеге алған үш тоғызын сол маңдағы жетім-жесірге түгелдей таратып беріпті.

М. Шаханов. Мәселен, Қажымұқан мен Қожамқұлды қазіргі әлемді шулатып жүрген спорт жұлдыздарының көпшілігімен қатар қоюға бола ма? Бұлар – тек алып күш иесі ғана емес, сонымен қатар зор адамдық парасат иелері. Туған топыраққа тамырын терең жіберген, халықтың салт-дәстүрін, ибасын, рухани қазынасын бойына жинаған бірегей тұлғалар. Осы қымбат қасиеттердің арқасында олар қалың елдің сүйіспеншілігіне бөленді.

Ш. Айтматов. Иә, жер шары атақтыларға кенде емес. Олардың денін спорт және эстрада тарландары құрайды. Доп теуіп, ұлы

Бұлар – тек алып күш иесі ғана емес, сонымен қатар зор адамдық парасат иелері. Туған топыраққа тамырын терең жіберген, халықтың салт-дәстүрін, ибасын, рухани қазынасын бойына жинаған бірегей тұлғалар.

атанғандарға, бокс пен күрестің төселген шеберіне немесе сахна сәні аталған әншілерге теңеу таба алмай, қиналып жатамыз. Кейде олардың сайыс алаңына, не сахнаға жалт етіп бір шығуының өзі миллиондаған долларға бағаланып жатады. Мүмкін, бұл уақыттың, дәуірдің үрдісі шығар. Бірақ елдің қолпашына семіріп, жердің тіреуішіне айналғандай боп өрекіген, атағы жер жарған осындай жұлдыздардың кейбірімен әңгімелесе қалсаң, рухани саяздығына қайран қалып, жағанды ұстайсың. Шіркін, адамның жан байлығы, ақыл-парасаты қай кезде модаға айналар екен?

- *Екі палуан (Қажымұқан мен Қожамқұл) неліктен белдесуден бас тартты?*
- *Қажымұқан мен Қожамқұл палуанның іс-әрекетінен қандай қасиеттерді аңғаруға болады?*
- *Палуандар өз сезімін ақылға қалай жеңдіре алды? Олардың іс-әрекетінен қанадай үйлесімділікті байқадыңыздар?*
- *Өздеріңіздің сезімдеріңізді ақылға жеңдірген кездеріңіз естеріңізде ме? Сол кезде қандай күйде болдыңыздар?*
- *Мәтіндегі Шыңғыс Айтматовтың «Шіркін, адамның жан байлығы, ақыл-парасаты қай кезде модаға айналар екен?» деген сұрағына қалай жауап берер едіңіздер?*



4-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Мәтінді жағдаятқа айналдырып, өз ойларыңызбен толықтырып, рөлге бөліп орындаңыздар.

Өмірдің мәнін түсіну үшін дүниені аралап жүрген бір жас, барған, көрген елдердің бірінде аты танымал бір данышпанға жолығады. Жолаушы бозбала данышпан тұрған үйдің барлық қабырғалары кітаптарға толы екенін көреді. Кітап шкафтарынан, бір қабырғаның қасында ескі төсектен және бөлме ортасындағы домалақ үстелден басқа ешқандай жиһаздың жоқ екенін де көреді.

Таң қалып, ғұламадан сұрайды: «Неге дүние-мүлік, жиһаз алмағансыз? Үйіңізде түк жоқ қой» – дейді таңдана.

Данышпан бұл сұраққа сұрақпен жауап берді: «Сенің арқаңдағы кішкентай дорбаң бар екен, балам, қалған заттарың қайда?»

Саяхат жасап жүрген бозбала өзін ақтағандай: «Ата, мен жолаушымын ғой... көп заттың маған керегі не?» – дейді.

Данышпан сол сәтте күлімдеп: «Мен де солмын, балам, мен де» деп жауап береді. («Жолаушы». Өсиет әңгіме).

5-тапсырма. Абайдың «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек» деген ойын басшылыққа алып, төмендегідей қасиеттері бар адамдарды қатыстыра отырып, жағдаят ойластырып, сахналаңыздар.

- Адал адам.
- Айлакер адам.
- Ақылды адам.
- Аңғал¹⁹ адам.
- Атаққұмар адам.

6-тапсырма. Мәтінді оқып, ойды, сөзді, істі үйлесімге келтіріп, жақсылыққа бағыттаудың жолын жасап, дәптерге жазыңыздар.

Бір күні бір адам данышпанға келіп, бақытты жан болғысы келетінін және оған жету жолын іздеп жүргенін айтады.

Сонда данышпан: «Біздің жанымыз бес арықтан су ағып құйылып жатқан бір тоғанға ұқсайды екен. Біріншісі – сенің көздерің, сондықтан көзің тек қана жақсыны көрсін. Екіншісі – сенің аузың, ол тек қана шындықты, жақсы сөзді айтсын және тек адал, таза асты қанағатпен ішіп-жесін. Үшіншісі – сенің миың, әділетсіздік пен зұлымдықтан, менмендік пен өркөкіректіктен арылсын. Төртіншісі – сенің аяқтарың. Тек жақсы жолға бассын. Бесіншісі – сенің құлағың. Өсек-аяңды, бос сөзді естімесін. Тек қана жақсыны тыңдасын. Сонда ғана сенің арықтарыңның суы тұнық болып, жаның мен жүрегің тазарады. Мен ешкімді бақытты ете алмаймын. Ол сенің өз қолыңда, өзіңді-өзі ғана бақытты етесің», – депті.

7-тапсырма. «Ойы, сөзі, ісі ізгі жандар» тақырыбында дөңгелек үстел өткізіңіздер.



Адамның ниеті жақсылыққа бағытталып, ойы, сөзі және ісі бірлікте болғанда үйлесімділік болады. Ондай адамға барлығы сеніммен, сыйластықпен, құрметпен қарайды. Өзімен өзі және қоршаған ортамен үйлесім тапқан адамның көңілі таза, пейілі ақ, пиғылы адал болады. Ондай адам өзгенің жетістігін, қуаныш, бақытын өз жетістігі мен игілік-бақытындай көріп, қуанып, басқаға көмектесуге дайын тұрады.

¹⁹ Алды-артын байқамайтын, аңқау.



Өз елім

*Сөзі Қадір Мырза-Әлидікі
Әні Нұрғиса Тілендиевтікі*

Келгенде көктемі,
Көңілін гүл басқан.
Шырағы көктегі,
Жұлдызбен сырласқан.
Өз елім менің –
Өзегім менің,
Жырыма қосып жүремін,
Төрім деп менің,
Жерім деп менің,
Соғады мәңгі жүрегім.

Қайырмасы:
Түлегі сендер,
Тілегі сендер.
Тірегі сендер сол елдің.
Назары сендер,
Базары сендер,
Ажары сендер сол елдің!

Ақ күмбез астығы,
Асқар боп өрілген.
Жалынды жастығы,
Жүлдені бермеген.
Өз елім менің –
Өзегім менің,
Жырыма қосып жүремін,
Төрім деп менің,
Жерім деп менің,
Соғады мәңгі жүрегім.

Қайырмасы.

БІЛІМДІ БЕКІТУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТІЛЕУ

1-тест

Абайдың «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық» деген ойына сіздің көзқарасыңыз?

- а) Дұрыс айтады, ақыл, ғылым, ар, мінез адамның айнымас, мәңгілік серіктері.*
- ә) Ақыл, ғылыммен озуға болатын шығар, ал «мінезбен озу» дегенді түсінбеймін.*
- б) Қалай болса да, өмірде нәтижеге жетсең, сол маңызды деп ойлаймын.*

2-тест

Адам дүниетанымы оның өмір сүруіне басшылық етеді, негіз болады.

- а) Дүниетаным – адам санасының қоғамдық өмірге, табиғатқа, өзіне көзқарасы және сенімі болғандықтан, ол адамның өміріне негіз бола алады.*
- ә) Адамның өмірі оның дүниетанымына ғана емес, ортасына да байланысты.*
- б) Тұрмыс сананы басқарады, сондықтан мен бұл пікірмен келіспеймін.*

3-тест

Адамның шынайы «Мені»:

- а) Әр адамның адамгершілік қасиеті, рухы, мейірімі.*
- ә) Адамның тәні, оның еңбегімен жасалған, артта қалар дүниемүлкі.*
- б) Адамның тілек-қалаулары.*


4-тест

Өзіңмен үйлесімділікте өмір сүру үшін:

- а) Дәулетке кенелу, рақатқа бөлену керек.*
- ә) Алдыңа мақсат қойып, мінез-құлқың, іс-әрекетіңді ерікті түрде бағыттап отыруың қажет.*
- б) Адамда «нұрлы ақыл», «ыстық қайрат», «жылы жүрек» болуы шарт.*

II ТАРАУ

ТҰЛҒАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ





«Менің борышым» жобасы

2-кезең

1. Әрқайсымыздың өз сүйікті ісіміз бар. Олар бізге әрқашан қуаныш сыйлайды. Жобаның екінші кезеңінде осы қуаныштарыңызбен айналадағы адамдармен бөлісіңіздер. Ол үшін «Қуанышыммен бөлісемін» акциясын өткізіңіздер. Акция барысында:

- сүйікті істеріңіз туралы ақпараттық буклеттер әзірлеңіздер;
- шағын концерт ұйымдастырыңыздар;
- спорт ойындарын өткізіңіздер;
- кішкентай балаларға, қарт адамдарға кітап, газет-журнал оқу сағаттарын өткізіңіздер;
- кіші сынып оқушыларына үй тапсырмасын орындауға көмектесіңіздер;
- өз қолдарыңызбен жасаған сыйлықтар таратыңыздар.

Акция бойынша материалдар жинаңыздар.

2. Әр түрлі мамандық туралы ақпарат жинаңыздар. Төмендегі кестені толтырыңыздар.

Мамандық атауы	Осы мамандық иесінің қоғамға игі қызметі жайлы мысалдар

3. Осы кезең нәтижелерін жоба күнделігіне жазыңыздар.

9-10 АДАМНЫҢ ЖАН СҰЛУЛЫҒЫ



Адам бойындагының бәрі – бет пішіні, киім киісі, жан дүниесі, ақыл-ойы да сұлу болуға тиіс.

Антон Чехов

• Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңыздар.




Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіздер.

Ақиқаттан аттауға болмайды

(Үзінді)

Дінмұхамед Қонаев

Мен назарларыңызға ұсынып отырған осы еңбегімде өзім ғұмыр кешіп, еңбек еткен қиындығы да, қызығы да мол өмір өткелдерін барынша ағымнан жарылып айтып беруге ұмтылдым. Байыбына барған кісіге, мен қара басымнан гөрі, қатар жүрген замандастырым туралы көбірек әңгімелеуге тырыстым. Олардың арқа еті арша, борбай еті борша боп жүріп төккен тері зая кеткен жоқ. Кетпек те емес. Өнеге тұта білсек сол адамдардың тәжірибесі – өмір мектебі ғой. Оған атүсті қарап, сыртқары тебу – алтынның қолда барда қадірі жоқтың кері. Асыл азаматтардан айырылармыз, ол өмір заңы, бірақ олардың артында қалдырған өшпес ізі – өнегелі ісін ұмытуға хақымыз жоқ. Қайта мақтаныш етуге тиіспіз. Ұрпақ жалғастығы осымен баянды, осымен құдіретті.



Сондықтан әл қадірімше өз заманымның үнін жеткізуге, рухын сақтауға, сондай-ақ жақсысын ардақтауға, «әттеген-айын» сабақ боларлықтай салмақтап айтуға күш салдым. Әділін айтуға, ақ сөйлеуге, ақиқаттан аттамауға тырыстым.

Астамшылық болмаса, мен сөз аяғын Ұлы Абай атамызбен түйіндесем деп едім. Ол кісі:

– Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі

боласың, адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, алланың сүйген құлының бірі боласың, – дейді.

Адам болған соң, жақсылыққа ұмтыласың. Бақытты болсам, адал қызмет істеп, абырой-атаққа жетсем дейсің. Үміт дүниесі. Сол жолда оқып, тер төгесің. Ізденесің. Талпынасың. Таласатын да, тайталасатын да кез келеді. Таусылар шақ, мұңаяр тұс та аз емес. Бірақ жасымадым, салымды суға жібермедім. Қуанышың қойныңа сыймай жүрген күн келеді. Асып, тасымадым. Жоғарыда айтқандай, шүкіршілік жасадым, сап-сап көңілім деп өзімді-өзім сабырға шақырдым. **Биікке көтерілдім, бірақ халықтан аласа екенімді ұмытпадым. Қайтып ашар есігімді қатты жаппадым. Түптің түбінде оралар ортам – ел іші, ағайын ортасы. Басар жерім де, барар жерім де – қара жер. Қастерлей білсем, қадірімнің кетпесін білдім. Панаң да ел, данаң да ел. Соған арқа сүйедім, содан үйрендім.**

... Туған елімнің түтіні түзу шықса, туы биіктен желбіресе, абыройы асып, адамдары бақытты ғұмыр кешсе деген тілек үстіндегі жанның бірімін. Мен осы топырақта туып-өсіп, тұрып жатқан қай ұлт, қай ұлысқа да осы ізгі ниетімді арнаймын. Алаламаймын. Қазақстанға не тілесем, Ресейге, тарихи тағдыры бір бауырлас елдердің барлығына соны тілеймін және олардың болашағына кәміл сеніммен, айырықша үмітпен қараймын. Оған күн өткен сайын буыны қатайып, беделі өсіп келе жатқан жас мемлекетіміздің бейбітшілікті нығайтуға күш салуы, ұлтаралық қатынасты тұрақты сақтауы бұлтартпас дәлел, басты кепіл. Осыған сайып айтарым: ең алдымен үйдей үрейден аулақ болсақ. Ертеңге деген сенім жоғалмасын. Қиыншылық деген қиюы келмейтін іс емес. Жұмыла көтерейік! Екіншіден, тату үйге тақсірет жуымайды. Бірлігіңе бекем бол! Үшіншіден, өзіңе жақсылық тілесең, өзгеге жамандық қылма!

- *Мәтінде автордың өзі емес өзгелер жайлы айтуы нені аңғартады?*
- *Мәтіндегі «Алтынның қолда барда қадірі жоқ» деген ойын қалай түсінесіздер?*
- *Мәтіндегі қарамен жазылған автордың ойын түсініп оқып, өз ой қорытындыларыңызды шығарыңыздар.*
- *Авторды еліне адамдық борышын адал атқартып, ақиқаттан аттамауға мұрындық болған қандай қасиеттері деп ойлайсыздар?*



1-тапсырма. В.Сухомлинскийдің «Адамның нағыз байлығы затта емес, ақыл-парасатта, рухани байлықта» деген ойын басшылыққа алып «Менің жан дүнием» тақырыбында эссе жазыңыздар.



«Адамның ішкі рухани байлығы оның адамгершілігі» тақырыбына пікір алысу жүргізіңіздер.



Адамның ішкі рухани байлығы оны үнемі қадағалауға себепші болатын негізгі бастау, адам бойындағы адамгершілік қасиеттің өлшемі.

Мағжан Жұмабаев «... Бала маңайындағы нәрсе де, сөйлейтін сөздер де, адамдардың жүріс-тұрыстары да жинақы, ретті, таза, әдепті, сұлу болуға тиісті. Сұлу ден, сұлу қозғалысты көріп өскен бала да сұлу болады. Адам сұлулықты сүйсе, тазалықты сүйеді» деген. Сондықтан да адамның ішкі жан-дүниесінің рухани байлығы адамға өз әрекеті мен ниеті үшін жауаптылығын сезіндіріп, өзіне-өзі ұждан тұрғысынан баға бере білуіне әсер етеді.



Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіздер.

Ақыл

Бөлтірік Әлменұлы

Бөлтірік төре шешендермен сөз сайыстырып отырыпты. Небір мықты деген шешендердің Бөлтіріктен ұтыла бергенін көріп отырған төре шыдай алмай, сөзге өзі араласады. Байлық пен билік, жақсы мен жаман, асыл мен жасық туралы сөз сайыстарында Бөлтіріктен өзі де жеңіліп қала берген төре:

- Азбайтын, тозбайтын байлық қандай болады?
- Қайтпайтын, таймайтын қолдаушың мен қорғаушың қандай болады? Жарығы тұтас елге түскен қасиетті шырақ қандай болады? Жел жетпес жүйрік, асыл текті пырақ қандай болады? – деп бастырмалата-бастырмалата бірнеше сұрақты қатарынан бір-ақ қойыпты. Төренің өз шешендері жауап қайтара алмай отырып қалғанда, Бөлтірік былай деген екен:

Дүниеде азбайтын байлық біреу,

Ол – ақыл.

Дүниеде тозбайтын байлық біреу,

Ол – ақыл.

Дүниеде қайтпайтын адал қолдаушың біреу,

Ол – ақыл.

Дүниеде тоймайтын адал қорғаушың біреу,

Ол – ақыл.

Дүниеде жарығы тұтас елге түсетін қасиетті шырақ біреу,

Ол – ақыл.

Дүниеде асыл текті жел жетпес пырақ біреу,

Ол – ақыл.

Бөлтіріктің суырып салма өнерінің асықтығын мойындаған төре іштарлық көрсетіп:

– Ақыл-ақыл деп тақылдаған сала құлаш тіл берген құдай саған неғып бармақтай бақ бермеді екен? – деп, шешенді мұқата сөйлейді. Сонда Бөлтірік әдепкідегі ойларын жалғастырып, былай депті:

Дүниеде ердің басына қонатын бақ біреу,

Ол – ақыл.

Дүниеде елдің басына қоятын тақ та біреу,

Ол – ақыл.

Ақылсыз басқа қонса, бақ баянсыз,

Нақылсыз насқа қонса, тақ баянсыз.

Құдай ақылсыз бас болғаннан сақтасын.

Нақылсыз нас болғаннан сақтасын.

Елдің ақысын өле жегеннен сақтасын.

Ұрының табысын бөле жегеннен сақтасын.

Бөлтіріктің осы сөзінен кейін төре де, төренің шешендері де тілден қалған екен деседі.

- *Бөлтірік ақылды «Қайтпайтын, таймайтын қолдаушы мен қорғаушыға», «жарығы тұтас елге түскен қасиетті шыраққа», «жел жетпес жүйрік, асыл текті пыраққа» теңеуінің себебі неде?*
- *Өздеріңіз ақылды неге теңер едіңіздер?*
- *Бөлтірікті басқа төре шешендерден биік етіп тұрған не деп ойлайсыздар?*
- *Адам өмірінің баянды, бақытты болуы неліктен адамның ақылына, ақылды істеріне байланысты?*
- *Айналаңызда ақылын өміріне серік еткен адамдар бар ма? Әңгімелеп беріңіздер.*



2-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Сіздер үшін мәтіндегі тірек сөздер қайсы, теріп жазыңыздар. Жан дүниенің байлығы мен тазалығын, сүйіспеншілікпен өмір сүрудің мәнін ашатын дайын жауап бар ма? Тауып, баяндап беріңіздер.

Ғабит Мүсірепов

... Адам өмірін тек Уақытпен өлшеуге тырысатындар мықтап қателеседі. Егер өмір тек Уақыт өлиемімен ғана бағаланса, онда неғұрлым ұзақ уақыт өз жанын ғана қорғаштап жүргендерді соғұрлым бақытты дер едік. Ғұмырында жанын қинамай, әділдік үшін әділетсіздікпен күреспей, жақсылық үшін жамандықпен айқаспай, өзгелер үшін өз жанын қатерге тікпей, тек ұзақ жылдар бойы жүре берудің қамын ойлаудан әрі аспайтын жандарды жұрт қашан қадір

тұтқан? Жүз жасағандардың бәрін бірдей төбесіне көтере бермейді ғой.

... Адамның ойы да көркем, бойы да көркем.

Қазақ тілінде «таза» адам деген сөз үсті-басының тазалығымен бірге, ар-ұятының тазалығын да көрсетіп тұрады.

Өз мініңді көруден, басқаның мінін көру оңай.

Өзі таза адам өзгеге күйе жаға алмайды,

Күйе жағу үшін өзінде күйе болу керек.



Өнер туындыларымен танысып, «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» немесе «Қара қылды қақ жарғандар» тақырыбында пікір алысу жүргізіңіздер.



А. Дүзелханов
Әйтеке би.



А. Дүзелханов
Қазыбек би.



А. Дүзелханов
Төле би.

3-тапсырма. Сенеканың «Денесін шынықтыратын адамдар көп, жан-дүниесін жетілдіретіндер өте аз» деген ойын «көзқарас – себеп – мысал – қорытындылау» әдісімен талқылаңыздар.

4-тапсырма. Жағдаятты шешіңіздер. Кейіпкердің жан дүниесінің сұлулығын тауып, сахналап беріңіздер.

Хақімнен²⁰ біреу: «Осы сен мал баққан қойшы болсаң да, ел неліктен саған құмар?», – деп сұрапты.

Сонда Лұқман хақім:

– Өйткені мен көзімді харамға жұмдым, тым еркіне жібермей, тілімді тістедім, аз тамақтандым, уәдемде тұрдым, маған қатысы жоқ нәрселерге көңіл аудармадым, – депті.

²⁰ Білімді, оқымысты, ғалым.



Бальтасар Грасиан

Ізгілік – біздің ішкі әлеміміздің күні, оның аспаны – таза ар-ождан мен адамдардың сүйіспеншілігіне бөленді. Ізгіліктен сүйкімді, кемшіліктен жиренішті ештеңе жоқ. Ізгілік қана шынайы, қалғанының бәрі жасанды. Тереңдік пен ұлылық тағдырмен емес, ізгілікпен өлшенеді.



Қазақ елі

Сөзі Шәмішбай Сариевтікі

Әні Сейдулла Бәйтерековтікі

Қазағым сенсің қазақ – ұлы елім,
Дүрсілдеп сен деп соққан жүрегім.
Мақтанам, қазағым, мақтанышым,
Тәуелсіздік таңы атқан үшін.

Қазағым, сенсің тауым асқарым,
Самғасаң сенсің ұшар аспаным.
Жұлдызы, айы аман, күні аман,
Туған жерім – сенсің ұлы анам.

Қазақ жері – бұл Қазақстан
Жаса мәңгі гүл Қазақстан.
Келешекке туған елім менің,
Қолым беріп тұр менің Қазақстан.

Бір мен үшін сенен басқа жер жоқ.
Жер бетінде сенен басқа ел жоқ.
Арманым, тағдырым – қазақ жерім
Әнұраным, туым, қазақ елім.

Қазақ елі ұлы көште,
Дария тағдыр суын кеште.
Қазақ жері, кең далам да осы,
Біз балаңбыз туып өскен.

Қазағым, туып өскен мекенім,
Қастерлеп сені мәңгі өтем.
Туым да, далам да қазақ жері
Жаса мәңгі, қазақ елі.

11-12 ТӘРБИЕДЕН – ӨЗІН-ӨЗІ ТӘРБИЕЛЕУГЕ



*... Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,
Еңбегің мен ақылың екі жақтап.*

Абай

- Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңыздар.



Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіздер.

Жүрегім соғып тұрғанда (Үзінді)

Төлепберген Тобағабылов

... Әр адамның өз ойы, көзқарасы, өз пікірі болуға тиіс. Әркімнің өз жолы бар, әркімнің өз ұшар көгі бар.

Қарға көтерілген көк қандай, қыран көтерілер көк қандай? Бірақ, қарғаның аты қарға, қыран көтерілген көкке көтерілемін деп ойлап та жатпайды ол. Егер сен бүгінгі деңгейіңе қанағат тұтсаң, қарға қаралас болғаның. Ал қыран болу қолдан келмейді ғой десең, нағыз барып тұрған талапсыздық.

Алайда өмір жолын теп-тегіс жол деп және түсінуге болмайды. Қуанышың да, уайым, қайғың да осы жолда. Тастақ жолда табан тілдіруің де мүмкін. Тек қиындыққа мойымағандар ғана көкжасыл жазираға шыға алар.

Абай атаң айтыпты:

Керек іс бозбалаға – талаптылық,

Әртүрлі өнер, мінез, жақсы қылық.

Халық сөзі:

Талапты ерге нұр жауар.

Екінің бірі айтатын сөз: Талабың қайырлы болсын! Талабыңа жет!

Жалпы, есінде болсын: жамансыз жақсы жоқ, майдасыз ірі жоқ. Теңіздің өзі де тамшыдан тұрады. Сосын: «Сөз бердің бе, орында!.. Орындай алмайтының бар, сөз берме.

Орнықты, бір сөзді болуға осы бастан әдеттену керек. Бұл да талаптылыққа жатады.

Талапсыз ештеңе өнбек емес. Тындырымды жігіт қана тау қопара алады.

Абай атаң: «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғылымды көрсеңіз», – дегенде қалай да ғалым бол дегенді айтып отырған жоқ. «Генерал болмаймын деген солдат солдат емес». Жақсы болуға, от боп лаулап жануға талпынбасаң өмірде қандай мән болмақ.

– Алға!.. Тек қана алға!..Тек солай. Алайда өмір жолын теп-тегіс жол деп және түсінуге болмайды. Қуанышың да, уайым, қайғың да осы жолда. Тастақ жолда табан тілдіруің де мүмкін. Тек қиындыққа мойымағандар ғана көкжасыл жазираға шыға алар.

– Абай атаң айтыпты: «Жамандықты кім көрмейді? Үмітін үзбек – қайратсыздық». Дүниеде ешнәрседен баян жоқ екені рас, жамандық та қайдан баяндап қалар дейсің? Қары қалың қатты қыстың артынан көгі қалың, көлі мол жақсы жаз келмеуші ме еді?

– Е, қарағым, баласының ат арқасына мінер алдында әкесінің айтып жатқан «жол болсыны» деп білгейсің бұларымды.

- *Мәтіндегі «Әркімнің өз жолы бар, әркімнің өз ұшар көгі бар» деген ойды қалай түсіндіңіздер?*
- *Әр адамның өз ойы, көзқарасы, өз пікірі болмаса не болар еді деп ойлайсыздар?*
- *Абайдың «Керек іс бозбалаға – талаптылық...» деген ойын қалай түсінесіздер?*
- *Талаптану, өз ойы, сөзі, ісіне жауапкершілікпен сын көзімен қарау адамды қандай игіліктерге жеткізеді?*



1-тапсырма. «Адамға өзін-өзі тәрбиелеу не үшін қажет?» тақырыбында сыныптастар арасында сауалнама жүргізіңіздер. Сауалнама нәтижесі бойынша қорытынды шығарыңыздар.

2-тапсырма. «Мен кімін? «Менің іс-әрекетімдегі немесе мінез-құлқымдағы жетілдіруді қажет ететіндер» тақырыбына төмендегі қадамдарды басшылыққа алып, өзіңізді зерттеңіз. Дәптерге бір күндік, бір апталық, бір айлық жоспарын жасап, орындаңыз.

- Не істеу керек?
- Бұған қалайша жетуге болады?
- Іске асырудың жолдары мен құралдарын анықтаңыз.
- Жүзеге асырыңыз.
- Барлығы дұрыс орындалды ма?
- Келесі жолы нені дәлірек істеген жөн?

3-тапсырма. Мәтінді оқып, ондағы адамның өзін-өзі тәрбиелеуіне себепші болған жағдайларды тауып айтыңыздар. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

Данышпанға бір адам келіп, көмек сұрайды.

– Үйіңде ештеңе жоқ па, – дейді данышпен.

– Бір жағын астымызға төсеп, екінші жағын жамылып жүрген жалғыз көрпеміз, су ішетін бір ыдысымыз ғана бар, – дейді.

Данышпан:

– Мына кісінің заттарын сатып алатын адам бар ма?

– Мен бір динар беремін, – дейді біреу.

– Одан көп беретін кісі бар ма?

– Мен екі динар беремін, – депті екінші бір адам.

Данышпан заттарды сол екі динарға сатып, әлгі адамға:

– Бір динарға отбасыңмен жейтін бір нәрсе сатып ал, тағы бір динарға бір балта сатып алып маған кел, – дейді.

Балтаны алып келген соң:

– Енді таудан отын кесіп әкеліп сат. Он бес күннен кейін келерсің, – дейді.

Он бес күннен кейін келген әлгі адамның жүзі жадыраңқы көрінеді. Ол күніне бір динарға отын сатып, жартысын тамақ, жартысын киім етіпті.

Сонда данышпан:

– Осылай еңбек етіп тапқан нәпақаң қайыршылықтан мың есе артық. Қолынан іс келетін адам тілемсектеніп, өмірде ұятты болғанша, еңбегін етіп, адал өмір кешкені дұрыс, – депті (Шығыс аңызы).

- *Данышпанның адамға берген көмегінен нені аңғаруға болады? Ол адамға тағы да қалай көмектесе алатын еді?*
- *Адамның жаңаша жақсы өмір сүруіне кім (не) себепші болды? Қалай?*



Әр адам өмірдегі өз орнын, өз ұстанымын, мақсаттары мен оларды қалай жүзеге асырып жүргенін саналылықпен ұғынуы тиіс. Ол үшін адам өзіне сын көзқараспен қарап, өз мүмкіндігін өмір талабына сәйкес бағдарлай біліп, өзін-өзі танып, мақсатын анықтап, байқап, бағалай алуы керек. Сонда адам барлық жерде өзіне, қарым-қатынасына сын көзбен қарауға үйренеді. Ойын, сөзін, ісін жүйелі түрде реттеп, жақсылыққа бағыттап, бойындағы жақсы қасиеттерін жетілдіріп, кемшіліктерін жоюға деген саналы және мақсатты іс-әрекет жасауы арқылы адам өзін-өзі тәрбиелейді.



Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіздер.

Тоғыз тағлым

(Үзінді)

Әкім Ысқақ

Әкенің балаға өнегелі сөздер айтуы заңды да. Әлі күнге дейін атамның біздерге, ұрпақтарына жазып кеткен өсиеттерін қастерлеп сақтаймын. Мен үшін ең бағалы дүниелердің бірі.

Жалпы, бұл біздің әулеттің ең бір қымбат, қимас байлығы десем артық айтқандық емес. Бұдан 25-26 жыл бұрын жазылған, үстел тартпасында сақталған осынау қойындәптерлерді әр кез қайта парақтаймын. Өйткені, мұнда менің атам, сенің бабаң – Сұлтан Ысқақұлының өз қолтаңбасымен жазылған, иісі сіңген осынау беттерде ұрпақтарына, көрмеген шөбере, шөпшектеріне аманатталған. Мұны жеткізу – менің парызым.

Бүгін, көкірегімде сайрап тұрған сол сөздерден тоғыз ғибратты өзіңнің есіне салғым келеді.

Атамның өсиеттерінен:

1. Өмір екі нәрседен тұратын секілді: қажетті және қажетсіз. Таңдар кезде осы екеуін шатастырып алмаған жөн.
2. Барлық адамда қабілет бар. Тек оны көрсету үшін кейбірімізге еңбекқорлық, ізденіс, шыдамдылық жетіспейді.
3. Ойлана білмейтіндерден, жіберген кемшілігінен қысылмайтын-дардан қорқамын. Бұлар қоғамның да, өзінің де нағыз жаулары.
4. Келер ұрпақ! Туған жерге деген перзенттік борыш пен парыз денек қара жер құшағына кіргенше өмір сүре беруі керек.
5. Ең бастысы жүрек жылуың, адамдығың жоғалмасын. Адамдық әрдайым жақсылық жасау, ізгілік мейірімділік деген ұғыммен қатар тұруы тиіс.
6. Біреуден үйренуден ешқашан тартынуға, арсынуға болмайды. Үйренуді ар тұтар адам ешқашан алысқа бармайды.
7. Білім алудан, ізденуден, алға ұмтылудан шаршамау – адамды шыңдай түседі.
8. Қам-қарекетсіз босқа қарап отырма. Азаптың ең үлкені осы. Ертеңгі жұмысыңды бүгін атқар.
9. Өмір өзге жанға да қымбат. Осыны назарда ұстағын. Жақсыны жоғалтпа. Асылды аяла.

Осынау сөздердің жалғасы ретінде кейде мен де саған өзімше ой өрнектерін ұсынуға тиістімін деп ойлаймын.

Жас адамға бұл жалғанның бәрі керемет, бәрі ғажайып боп көрінетіні сөзсіз-ау. Ал өмір басқаша, бәрі сенің ойлағаныңдай емес!

... Толғанып отырып, тоғыз тағылым жазудамын. Дәл осынау сөздерді

талай ата-ана баласына айтқан да шығар.

Әйтсе де әкенің баласына деген жүрек дүрсілі деп қабылдарсың.

Мынаны естен шығармашы:

1. Жақсылықтан ешқашан күдер үзбе!
2. Бар мүмкіндігіңді пайдаланып, мақсат еткен бағытыңа жұмылдыр.
3. Бойыңдағы қабілетіңді дамыта түс.
4. Өмірдің өзі азаматтығыңды, адамдығыңды көрсетіп, өзінді дәлелдеуден тұрады.
5. Білмеген – ақымақ емес, білгісі келмеген – ақымақ. Өмірде білмегеніңді үйренуден еш жалықпа.
6. Айналаңа қатыгез болма!
7. Ешқашанда жау арттырма!
8. Қайта досыңды көбейт, қолыңнан келсе жақсылығыңды аяма!
9. «Өнерден – жақсы, білімнен – үлкен, ұяттан – сұлу нәрсе, қызғаншақтықтан асқан дұшпан жоқ» (Сократ) екенін ұмытпа.

Алтыншы хат. Өмір ұлағаты.

Ұлым, әркімнің өзінің алдына қойған мақсаты бар. Соған жету үшін талпынады. Өмір сүру дегеніміздің өзі алдағы күніне нық сену деп білем. Бұл тұрғыда өзіндік бағдарың болғаны жөн. Өмір жолы қызық та, қиын да, азапты да. Қашанда жеңіс өздігінен келмес. Түрлі сындарды бастан өткеріп, одан сабақ ала біл. Сүрінсең жасыма, қайта жалындай түс. Ізденсең, талаптансаң дегеніңе жетесің. Өмір ұлағатынан үйренуден жалықпа.

Ал, өмір ұлағаты неде?

Бірінші – бастан өткерген жәйттер. Мұның өзі үлкен сабақ. Әр күнгі кездескен құбылыс, саған әсер етіп содан жақсылық пен жамандықты айыра білу.

Екінші – сенім мен ізденіс жолы. Ол тіршіліктегі іс-әрекетіңе бағыт-бағдар алу. Ойлаған жоспарыңды іске асыруға талаптану.

Үшінші – араласқан жандардан үлгі алу. Бұл өзіңнің айналаңдағы күнде көріп жүрген жандардың жақсы қасиеттерін бойыңа сіңіру – деген сөз.

Өмір ұлағаты

1. Бастан өткерген жәйттерден сабақ алу.
2. Ізденіс арқылы сенімге ие болу.
3. Араласқан жандардан үлгі алу.

Жетінші хат. Өмір мақсатына ұмтылу.

Арайлап атқан әрбір таңың жаңа өзгеріске толы. Сәт сайын сананды сергек ұста.

Меніңше, үнемі жақсылықты, игі істі ойлап дағдыланған жөн. Сонда ғана нағыз адамдыққа бет бұрасың.

Болашағың бүгіннен басталады. Бүгінгі тыныс-тіршілігің, сана-сезімің, ертеңгі күніңнің дәмді жемісі. Сондықтан да уақытты бағалай біл.

Ойланбаған, мақсатсыз өткен күн мағынасыз, мәнсіз болып қалмақ. Дұрыс әрекет жасамаған, жақсылыққа қадам баспаған күн текке өтті дей беріңіз.

Адамның өмірге келгендегі басты мақсаты, айналаны жазалау, қаралау емес. Қайта ардақтау, аялау, адамдық сезіміңді арнау.

Сенің көңіл-көкірегің ашылмаған сандық тәрізді. Рахат та, азап та соның ішінде. Тек таңдай біл. Асылын ба, жасығын ба ол тек жеке өз үлесінде!

Адамның өмірге келгендегі басты мақсаты, айналаны жазалау, қаралау емес. Қайта ардақтау, аялау, адамдық сезіміңді арнау. Мынау жарық дүниеге мейіріммен қарау. Өзгелерге жақсылық жасаған сайын көңілің көтеріліп, жаншуағың арта түсетінін ұғын. Солай дағдылан.

Шындығында, жақсылық жасай білудің өзі адамды тәрбиелейді. Лев Толстойдың пікірінше мұның астарында адамға жақсы көрінсем деген ниет бар.

Пенденің өмірі тыныш болмайды, балам. Демек: мақсатқа ұмтылу, кері кетпеу, алға адымдау, бақытқа деген ынтызарлықта болу ләзім. Әрбір жанның мақсаты кемелдене түсу, өзін жетілдіру, өзгелердің жанына жақсы із қалдыру деп түсін.

- *Мәтіндегі автордың «Барлық адамда қабілет бар. Тек оны көрсету үшін кейбірімізге еңбекқорлық, ізденіс, шыдамдылық жетіспейді» деген ойынан не ұқтыңыздар? Автордың ойымен келісесіздер ме? Неліктен?*
- *Автор «Ойлана білмейтіндерден, жіберген кемшілігінен қысылмайтындардан қорқамын. Бұлар қоғамның да, өзінің де нағыз жаулары» дегенде жас ұрпаққа не айтқысы келді деп ойлайсыздар?*
- *Мәтіндегі «тоғыз тағылымнан» қандай тағылым алуға болады?*
- *Ата-аналарыңыздың, жақындарыңыздың айтқан осындай ақыл-кеңестері туралы айтып беріңіздер.*
- *Осы мәтіннен іс-әрекеттеріңізді, мінез-құлықтарыңызды жақсылыққа қарай жетілдіруге қандай кеңес алдыңыздар?*



4-тапсырма. Жағдаятты шешіңіздер. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

Сынып үшін маңызды іс жасау керек болды. Бірақ балалар бұл іске бірден кірісіп кетпеді. Олар бір-біріне, барлығына, біреуге, әркімге сеніп, солар жасайды деп күтті. Жұмысты ешкім жасамады. Барлығы әйтеуір біреудің жасайтындығына сенді. Бұл жұмысты жасау бәрінің де қолынан келетін еді. Алайда ешкім жасамады. Балалар бір-біріне ренжіді. Өйткені жұмыс жасалмады. Біреу жасайды деп күткен үміт ақталмады. Өкініштісі ешкім де жұмыс істелінбей қалады деп ойламапты. Соңында әркімнің жасай алатын ісін ешкім жасамағаны үшін барлығы белгісіз біреуді кінәлады...

- *Осы жағдаяттан қандай қорытынды жасар едіңіздер?*
- *Аталған жағдай оңтайлы шешімін табуы үшін оқушылардың қандай ұстанымда болуы қажет деп ойлайсыздар?*

5-тапсырма. Өсиет әңгімені оқыңыздар. Өсиет әңгіменің астарынан нені аңғардыңыздар? Мәтіндегі жағдайды адамның мінез-құлқымен, өмірімен байланыстырып, кестені дәптерге толтырыңыздар.

Жолдан өтіп бара жатқан кездейсоқ біреу жібек пілләсіндегі кішкентай тесікті, сол тесіктен шықпақ болып тырысып жатқан көбелекті көріп, ұзақ уақыт бақылап қарап тұрыпты.

Бірталай уақыт өтіп, көбелек күресе алмай қалғандай болды, ал кішкене тесік сол күйінде еді, үлкейген жоқ. Көбелек қолдан келгенінше барынша тырысқандай және бұдан былай ештеңеге шамасы келмей қалғандай болып көрінді.

Осыны бақылап тұрған адам көбелекке жәрдемдескісі келіп, қолына бәкі алып пілләні кесіп, кішкене тесікті кеңейтті. Көбелек бірден сыртқа шықты.

Бірақ оның денесі әлсіз, қуаты жоқ, қанаттары қатаймаған, өзі де зорға жылжитын еді.

Адам көбелектің қимылын бақылап тұрып, сәлден соң-ақ көбелектің қанаты қатайып, ұшып кетер деп ойлады. Бірақ олай болмады. Көбелек өзінің әлсіз денесін жер бауырлап сүйретіп жүріп, қанаты жетілмеген күйде қалған өмірін өткізді. Ол сол бойы ұша алмады.

Олай болуының себебі: адам көбелекке жәрдем бергісі келіп, көбелек өзі кеңейтіп, ішінен ұшып шығуға тиіс кішкене тесікті кеңейтті, көбелектің денесіндегі сұйықтар оның қанатын қатайтуға жұмсалатын еді, олай болмай қалды. Солай болғанда ғана көбелек ұшып кететін еді. Жаратылыс солай: көбелек кішкене тесікті кеңейтіп,

ұшып шығуға күш салу арқылы әбден шыңдалған, еркін өмірге әзір қалпында шығатын еді.

Өмірде бізге де нақ осындай күш салуға тура келетін кездер бар.

Кім өмір сүруі тиіс болса, жолында кедергілер болады. Кедергі болмаса біз көп нәрседен құр қалар едік, ешуақытта қазіргідей күшті бола алмас едік. Біз ешуақытта биікке самғай алмас едік.

Мен өмірден күш сұрап едім, ал өмір мені күшті ету үшін қиындықтар берді.

Мен өмірден ақыл сұрап едім, ал өмір маған шешілуі тиіс мәселелер берді.

Мен өмірден байлық сұрап едім, ал өмір маған жұмыс істесін деп ақыл мен қуат берді.

Мен игіліктер сұрап едім, өмір маған мүмкіндіктер берді.

Қорқынышсыз өмір сүр, кедергілерді батылдықпен күтіп ал және оларды жеңе алатыныңды дәлелде. («Көбелектен алған сабақ» Өсиет әңгіме).

Мәтін бойынша	Өмірмен байланыс

6-тапсырма. Жақсы қасиеттерді жетілдіру, кемшіліктерді жою, саналы және мақсатты іс-әрекет жасау, өзін-өзі тәрбиелеу жолдарын жасаңыздар, дәптерге жазыңыздар.



Абай

Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәрте, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың? (15-қара сөз).



Құстар қайтып барады

*Сөзі Тұманбай Молдағалиевтікі
Әні Нұрғиса Тілендиевтікі*

Жаз өмірін, мәз өмірін қысқартып,
Бара жатыр, бара жатыр құс қайтып.
Зымырлайды менің бала кезімдей,
Бір жалт етіп өте шыққан, өте шыққан сезімдей.

Құстар, құстар сызылып ән салады,
Сол әнімен тербетеді даланы.
Ал, адамдар күліп бастап өмірін,
Кетерінде жылай да алмай, жылай да алмай қалады.

Біздің жаққа бауыр басып кеткен бе,
Тамаша әнмен келіп еді көктемде.
Өскен жерге сыймай кетіп барады,
Өскен жерін қимай кетіп, қимай кетіп барады.

13-14 ӨНЕГЕЛІ ӨМІР



***Назары әдемінің ой-санасы әдемі, ой-санасы әдемі
адам өмірдің рақатын көреді.***

Халық нақылы

• Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңыздар.



Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіздер.

Ақиқаттан аттауға болмайды
(Үзінді)

Дінмұхамед Қонаев

Сол жылы менің есімнен ешқашан шықпас және ерекше бір кездесудің куәсі болдым. Омар Һайям айтқандай, жақсылармен әрбір жүздесуің жылға бергісіз өмір ғой.

Ой, қайран Мұханның мүлде жөні бөлек еді ғой. Ондай ұлы адамның әр сөзі, әр қимылы, әр ісі жанға азық, жастарға ғибрат. Көшелі кісіні көргеннің өзін айта алмай отыратын қазекемді, онымен тонның ішкі бауындай сыйлас, сырлас болған менің Мұхаң жайындағы естелігім енжар қалдырмас деп білем.

Жұмыс бабы сіңбіруге шама келтірген бе? Кеңсеге бас сұқсаң болды, алдың босамайды. Оның үстіне жеке шаруасымен келген кісілерді қабылдайтын күнім, уақытқа шек қойып, пәлсініп жату жоқ. Кімнің де болса құдайдан бір үміті бар, шаруам тынса деп, ол күпті көңілмен табалдырығынан аттайды, алдыңа келген адамға қолыңнан келген жақсылығыңды жасап, риза қылып аттандырсам деп, сен намысқа тырысып отырасың. Сондай бір қарбалас күн еді. Хатшы қыз асығып кіріп:

– Жазушы Әуезовпін деп бір кісі қабылдауыңызға келіп отыр. Жазушы дейін десем, жұпыны киініпті. Қарапайым. Түсінсем бұйырмасын, жұмысшылармен пәленбай жылдан аралас-құралас жүрген адамдай емен-жарқын әңгімелесіп отыр, – деді.

– Мен де өз құлағыма өзім сенбедім. «Апыр-ау, ұлы суреткер ат арытып, тон тоздырып бір шеттегі күнгеі елге де ат ізін салады екен-ау», – деді бір ой қуаныш отын үрлеп. Сонда да секемшіл көңіл:

– Рас айтасыз ба? – деп қайталап сұратты.

Мұханды естуім болмаса, шығармаларын оқығаным болмаса, өмірі көрген жан емеспін. Алматыда №14 мектепте оқып жүрген кезімде,

шамасы, тоғызыншы кластың оқушысы шығармын, ойдың да, бойдың да өсіп айналаңа іңкәр көңілмен көз тастап, сұлулық әлемінен сыр сабақтай бастаған шағымыз. «Қаракөз» сахнадан түспей, үлкен-кіші түгел

...ауыр істен қорықпа, ауыр сөзден қорық» дейді екен, үлкен салмақ салып отырсыз. Қара бастың бабын емес, елдің жайын ойлай келген соң, маңдайы жарылған батырдай намысқа тырысамыз.

жапырлап кеп, театрға барып жатқан. Қызық көріп мен де бардым. Әлі көз алдымда. Онан кейін «Қаралы сұлуды», «Қараш-қараш оқиғасын», «Қорғансыздың күні», «Кінәмшіл бойжеткенді», «Көксеректі» оқып, Мұханның жазғандарына бауыр басып кеткен едім. Міне, енді ол кісінің өзімен жүзdeskелі тұрмын.

Жасыратын несі бар, тірі жазушымен тұңғыш рет бетпе-бет келуім, қуанышым қойныма сыймаған да шығар, қызығу да жоқ емес еді, құштар көңіл мені қабылдау бөлмесіне қарай дедектете жөнелтті. Директорлық лауазым жайына қалды.

Шынында да, ол кісі бір топ жұмыскердің ортасында әңгіменің қызығына түсіп, дүниені ұмыт қалдырғандай әдемі бір көңіл күйде отыр екен. Қайдан тапқанын білмеймін, үстінде жұмысшы киімі, аяғында керзі етік.

Біз ұзақ әңгімелестік. Кеудемді мақтаныш сезімі биледі ме, әлде жеті қат жер астында жүріп, кен қазған қазақ өмірден шет қалмай, оның да өнерді, әдебиетті сүйетінін аңғартқым келді ме, әйтеуір, сөз орай келген тұста ол кісінің жоғарыда аты аталған шығармаларын оқығанымды айттым.

– Пәлі, қазақтың көркем әдебиеті өндіріс ошақтарын аралап, тау қопарып, тас жарған құрыш білекті азаматтардың рухани әжетіне жарап жатқаны жақсы нышан, – деп саусақтарының ұшымен оң жақ танауын елеусіз көтеріп қояды.

– Өкінішке орай, қазақ жұмысшылары саусақпен санарлық. Солардың қатарын қайтсек арттырамыз деп, намысқа тырысып жатырмыз, – дедім.

Ол кісі бұған елең ете қалды. Кітаптарыңызды оқыдым дегеннен бетер қуанды.

– Бұл баршамызға ортақ міндет. Санын да, сапасын да арттыруға ұмтылсақ еді. Кәсіпке бейімделіп қана қоймай, көкірек көздері ашылар, сілкініп, дүниеге сергек қарай бастар еді.

Соңынан ерген бала-шаға соған бауыр басып, жұмысшы әулетінің жаңа ұрпағы өсіп шығар еді. Өздеріңдей ел тізгінін ұстаған жігіттер, ендігі бар аманат өздеріне...

– Мұха, қазақ: «ауыр істен қорықпа, ауыр сөзден қорық» дейді екен, үлкен салмақ салып отырсыз. Қара бастың бабын емес, елдің жайын ойлай келген соң, маңдайы жарылған батырдай намысқа тырысамыз. Азды-көпті әрекетіміз өздеріңіздей ой тоқыған ағалардың қиялына канат байлардай нәр болса, одан асқан оздырамыз бар деп айта алман.

– Тура айтпасаң да, тұспалдай отырып маған да салмақ салып тұрғаныңды түсіндім. Уақыт жазса, дәм-тұзы тартып, құйысқан көтерткен Риддер қаламға да қайрат бергендей, желпініп қайтып барамын...

Біз сол жерде төс қағыстырып, құшақ айқастырып, қимай қоштастық.

- *Автор неліктен «Жақсылармен әрбір жүздесуің жылға бергісіз өмір» дейді?*
- *Автордың уақытпен санаспай, парасатпен елге қызмет етуі оның бойындағы қандай қасиеттерді аңғартады?*
- *Мұхтар Әуезовтің жұмысшылармен қарым-қатынасынан нені байқадыңыздар?*
- *Мәтіннен Мұхтар Әуезов пен Дінмұхамед Қонаевтың адамдарға, елге, жерге деген риясыз махаббатын, азаматтық істерін тауып әңгімелеп беріңіздер.*
- *Өздерің өмірде осындай жақсы адамдармен кездесіп, сұхбаттасқаннан соң қандай сезімде боласыздар?*



1-тапсырма. Адам өмірінің қуанышты, мәнді, мағыналы болу жолдары мен себебін тауып, дәптерге жазыңыздар.

2-тапсырма. Сіз кімге (неге) көмек көрсете аласыз? Айналаңызда көмекке мұқтаж адамдар немесе дүниелер бар ма? Оларға қандай көмек көрсете аласыз? Сыныптастарыңызбен талқылап, нақты жоспарын жасаңыздар.

3-тапсырма. Төменде берілген сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, өнегелі өмірдің формуласын жасаңыздар.

Тиісті сөздер мен сөз тіркестері: дұрыс мақсат, тұқым қуалаушылық, экономикалық ахуал, ішкі сенім, білім мен тәжірибе, мейірімділік, қайырымдылық, ақылдасу, адалдық, әр сәтті дұрыс пайдалану, дұрыс әрекет, кешірімділік, жақсы әдеттер, шектен шықпау, құмарлықтарға шек қоя білу, қиянат жасамау, сабырлылық, табандылық, еңбекқорлық, жасампаздық.

4-тапсырма. Төмендегі қасиеттерді қатыстыра отырып, «Өмір мәні – ізгілік» тақырыбына шағын қойылым дайындап, сахналаңыздар.

- ақниет;
- адалдық;
- азаматтық;
- бауырмалдық.



Әрбір адам өзіне, басқаларға ата-анасына, халқына, мектебіне, ұжымына, өз отбасына деген міндеттері мен борыштары туралы есінен шығармауы тиіс. Бұл міндеттер мен борыштарды әркім үлкен адамгершілікпен дұрыс, адал атқаруы маңызды. Ол үшін адам өзіне қатаң талап қойып, дұрыс әрекет етіп, уақытты бағалай білуі басты шарт.

Осы тұрғыда Міржақып Дулатов «Бір жылдың ішінде бір-ақ жаз болады. Ағаш, шөптер, гүл, жапырақтар бір-ақ рет жасарады. Осы секілді адамның басына жастық екі келмейді. Жастық біздің өміріміздің жазы. Жаздан кейін қалай күз келеді. Сол секілді жастықтан соң кәрілік жетеді. Шаруасына жинақты кісілер жаз күні қыстық азық-түлігін даярлап қояды. Адам да жасында өнер-білім, жақсы мінездерді бойына жинауы тиіс. Мұнсыз ол қартайған шағында рахат тіршілік ете алмайды» дейді.



Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіздер.

Жақсылыққа апарар жол қайда?

(Үзінді)

Дейл Карнеги

Бірнеше жыл бұрын мен радио арқылы елдің алдына шығып сөйлеп жүрген кезімде менен: «Сіздің өмірден алған ең үлкен сабағыңыз қандай?» деген сұраққа жауап беруімді өтінді.

Мен үшін бұл сұрақ еш қиындық туғызған жоқ. Өйткені бұл сұраққа жауап беру мен үшін оңай болатын. Менің өмірден үйренгенім – ол біздің ойлаған нәрсеміздің қаншалықты маңыздылығын түйсіне білу еді. Сен алдымен маған не ойлап отырғаныңды айтсаң, мен сенің кім екеніңді айтып беремін. Біздің ойларымыз біздің тұлғалық қасиеттерімізді айқындайды. Біздің өмірге деген қарым-қатынасымыз – біздің тағдырымызды анықтайтын фактор. Эмерсон айтқан: «Күні бойы ойлаған ойы арқылы адамның кім екендігін білуге болады». Бұдан артық не айтуға болады?

Біз жиі кездесетін бірден-бір өзекті мәселе – дұрыс көңіл-күйді таңдау екендігіне еш күмәнім жоқ. Егер біз оны дұрыс таңдай алсақ,

өз проблемамызды шешуге жол табамыз. Рим империясын басқарған ұлы философ Марк Аврелий бұл ойды тоғыз ауыз сөзбен жеткізген, бұл тоғыз ауыз сөз сіздің тағдырыңызды айқындайды: «Біздің өміріміз өзіміздің өмір туралы ойларымыздан туындайды».

Шынында, біз бақыт туралы ойласақ, өзімізді бақытты сезінеміз. Егер бізді мұң басса, біз мұңға батамыз. Егер бойымызды үрей билесе, біз қорқамыз. Егер ауру туралы ойласақ, ауырып қалуымыз әбден мүмкін. Егер біз жеңіліс туралы ойласақ, бірде болмаса бірде жеңіліске ұшырауымыз ғажап емес. Егер біз өзімізді-өзіміз аясақ, адамдар бізге аянышты көзбен қарап, айналып кетуі мүмкін.

Шынында, біз бақыт туралы ойласақ, өзімізді бақытты сезінеміз.

Сіздің ойыңызша, мен біздің проблемаларымызға оптимистік көзқараспен қарауды насихаттап отырған шығармын? Жоқ. Өмір ойыншық емес. Мен адамдардың қоршаған ортаға теріс емес, оң көзқараспен қарауын қолдаймын. Басқа сөзбен айтқанда, біз өз проблемамыз туралы мазасызданудың орнына оларды шешу туралы қамдануымыз қажет. Бұл екеуінің айырмашылы неде?

Мен бұл ойға мысал келтіре кетейін. Күн сайын мен Нью-Йорктың қандай да бір көшесін кесіп өткен кезімде көлденең өтіп бара жатқан көліктің астына түсіп қалмауыма жағдай жасаймын. Бірақ бұл қорықаннан емес. Өзіңе-өзің жағдай жасау дегеніміз – біздің проблемаларымыздың мәнін түйсіну және соны шешуге күш салу.

Біздің ішкі жан-дүниеміз проблемаларға толы болса да, оны сырт көзге білдірмей, еңсеңді көтере, басыңды тік ұстап та жүре беруіңе болады.

Адамдарға отыз бес жыл үздіксіз дәріс беруімнің нәтижесінде мен бір нәрсеге толық көз жеткіздім, ол – ерлер мен әйелдер өздерінің ой-пікірлерін өзгерту арқылы бойын мазалаған мазасыздықтан, үрейден, ауру-сырқаудан арылып, өз өмірлерін түбегейлі өзгерте алатындығы. Өз өмірлерінде осындай ұлы өзгерістер болған жүздеген адамдарды білемін. Менің оларды көп көргендігім соншалықты, мен оларға таң қалмайтын да болдым.

Менің шынында да терең түйсінгенім, сезінгенім – ол біздің рухани тыныштығымыз бен өмірдегі қызығымыз қай жерде, қандай қоғамда, қандай екендігімізге қарамастан – адамның көңіл-күйіне байланысты болады.

Мильтон көзі көрмейтін көрсоқыр болса да, бұл туралы үш жүз жыл бұрын: «Адам өзінің ақыл-ойы арқылы жұмақты тозаққа, тозақты жұмаққа айналдыра алады» деп айтқан екен.

Наполеон мен Элен Келлердің өмірге деген көзқарасы да бұл сөздеріме толық дәлел бола алады. Наполеон қанша байлыққа, атаққа, билікке қол жеткізсе де, Қасиетті Елена аралында тұрып: «Мен өзімді өмірімде ең болмаса алты күн де бақытты сезініп көрмеппін» десе, құлағы керең, көзі соқыр Элен Келлер: «Мен өзімді сондай бақытты сезінемін» деген екен.

Жарты ғасырдан астам өмірімде мен «өзімізден басқа ешкім бізге рухани тыныштық әкелмейтіндігіне» көзім анық жетті.

Ұлы философ Эпиктет: «біздің денемізде пайда болған бездерді алып тастағаннан гөрі басымыздағы жаман ойларды алып тастауға көп көңіл аударуымыз керек екендігін» баса айтқан болатын.

Француздың ұлы философы Монтень мына бір он жеті сөзді өз өмірінде, мақсат етіп ұстаған: «Адам айналадағы болып жатқан оқиғадан емес, оны сезініп, бағалағаннан кейін зардап шегеді». Ал болып жатқан оқиғаны қалайша бағалау – ол біздің өз қолымызда.

Практикалық психология саласында зор жетістіктерге жеткен Уильям Джеймс «біз өз сезімімізді тек ерік күшіміз арқылы ғана өзгерте алмаймыз, ал бірақ өз іс-әрекетімізді өзгерте аламыз» деп санайды. Біз сол іс-әрекетімізді өзгерткен кезде сезімімізді де еріксіз өзгертеміз.

«Сонымен, егер сіздің қабағыңызды кірбің шалса, сіз бірден көңілдене алмайсыз. Ал егер сіздің отырысыңызда, қозғалуыңызда немесе сөйлеген сөзіңізде бір көтеріңкі көңіл болса, сіздің тез-ақ қабағыңыз ашылады».

Шынында да осы бір қарапайым әдіс пластикалық операция сияқты әсер етеді. Сенбесеңіз, өз басыңыздан өткеріп көріңіз. Алдымен риясыз көңілмен күлімсіреңіз, денеңізді тік ұстап, терең дем алыңыз. Қандай да бір көңілді әннің бір қайырымын ыңылдап әндетіп көріңіз, ән айта білмесеңіз – ысқырыңыз. Егер ысқыра білмесеңіз – күбірлеп көріңіз. Сонда ғана Уильям Джеймстің не айтқанын түсінесіз.

Бұл табиғи шындықтың бірі және ол сіздің өміріңізге көп өзгеріс енгізеді.

Бірнеше жыл бұрын менің есімде ұмытылмастай із қалдырған бір кітап оқыдым. Оның аты «Адам қалай ойлайды?», авторы – Джеймс Лейн Аллен. Онда мынадай сөздер келтірілген:

«Адам баласы өзінің айналасындағыларға, басқа адамдарға деген көзқарасын өзгертсе, олардың да бұған деген көзқарасы өзгереді. Адам өзінің ой-пікірін түбегейлі өзгертсе, оның өмірінің материалдық жағы да өзгереді. Біздің тағдырымыз өз қолымызда. Адамның қол жеткізген жетістіктері – оның өзінің ақыл-ойының нәтижесі. Адам өзінің ойы арқылы жоғары көтеріліп, жеңіске жетеді. Ал ойын бағыттай алмаған

адам әлсіз, бақытсыз болады». Сондықтан да өз бақытымыз үшін күресейік. Алдымен күресуді оптимистік ойлау негізінде жүзеге асырайық.

- *Адам өмірінің мән-мағынасы неліктен оның ойынан басталады?*
- *Мәтіндегі «Біздің өміріміз өзіміздің өмір туралы ойларымыздан туындайды» деген оймен қаншалықты келісесіздер? Неліктен?*
- *Мәтіндегі «Біз өз проблемамыз туралы мазасызданудың орнына оларды шешу туралы қамдануымыз қажет» деген ойды түсіндіріп беріңіздер.*
- *Адам ақыл-ойының мәнді-мағыналы өмірге бастайтынын қалай дәлелдер едіңіздер?*
- *Жақсы ойлаудың жемісін көрген кездеріңізді еске түсіріп, айтып беріңіздер.*
- *Өзінің жақсы ойы арқылы жоғары көтеріліп, жеңіске жеткен өздеріңіз білетін жандар жайлы әңгімелеп беріңіздер.*



5-тапсырма. Абайдың «Қаракет²¹ қыл, пайдасы көпке тисін» сөзін талдап, өз шешімдеріңізді ұсыныңыздар.

«Нұрлы ақыл», «Жылы жүрек», «Ыстық қайрат» топтарын құрыңыздар. Топта өз көзқарастарыңыз тұрғысынан арадағы келіспеушілік тудыратын жағдаяттардың тізімін жасап, келіссөз жүргізіңіздер. Әр топ өз тізімдерін оқып, аталған жағдаяттардың оңтайлы шешімін табудың әдістері мен тәсілдерін ұсыныңыздар.

6-тапсырма. Алдын-ала жасалған жоспар бойынша сыныпта «Асар» тобын құрып, «Көзге түсу үшін емес, адамдарға риясыз қуаныш сыйлап, пайда келтіру үшін» деген мақсатпен нақты көмек көрсетіңіздер.

7-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Ондағы өмірдің мәні мен мағынасы ашылған түйінді сөздер мен сөз қолданыстарын дәптерлеріңізге теріп жазыңыздар.

Шағын ғана бір ауылда орта жастағы бір кісі дүкен ашып сауда жасамақ болады. Сөйтіп алға қойған жоспарын бастап та жібереді. Ол ақкөңіл, жайдарлы болғандықтан, ауылдың адамдарының бәрі оны жақсы көретін. Оның дүкеніне барып сауда жасайтын. Ауылдың тұрғындары тамыр-таныстарына да сол адамнан сауда жасауға кеңес беретін. Шаруасын кішігірім дүкеннен бастаған адам, бір жылдың ішінде әлемнің түкпір-түкпірінен сондай шағын дүкендер

²¹ Кәсіп, еңбек, жұмыс.

ашып тастайды. Бір күні ауыр науқастанып, бұл дүниеден өтерін сезген адам, артында қалған үш ұлын қасына шақырып:

– Үшеуіңнің біреуі барлық дүкендерімнің иесі болады. Мирасымды соған қалдырамын. Менің артымнан қалған дүние-мүлкіме қайсысың лайықты екенін білу үшін үшеуің де жүз-жүз тиыннан беремін. Осы тиындарға бір зат алыңдар. Кешкісін келгенде алған заттарың менің осы бөлмемді толығымен толтыруы керек. Шартым осы.

Ұлдары үлкен сауда орталығын басқару мүмкіндігінен айырылып қалуды ойлап, не істерлерін білмей қатты абыржиды. Қалаға барып үшеуі де ақшасын жаратты. Кешкісін әкелерінің қасына келген кезде, үлкен баласы:

– Досымның шаруашылығына барып екі қап сабан сатып алдым – деді де, қаптарды ашып сабанды әр тарапқа шаша бастады. Алайда көп ұзамай сабандар еденге түсіп, бөлмені толтыра алмады.

Екінші баласы:

– Дүкенге барып екі жастық алдым – деді де, жастықтарды сөгіп, ішіндегі жүнін бөлменің ішіне шашып тастады. Бірақ жүн де көп ұзамай жерге түсіп, бөлмені толтыра алмады.

Үшінші ұлы:

– Тиынды ұсақтап, елу тиынын мешітке бердім, жиырма тиынын қайырымдылық қорға бердім, жиырма тиынын әлеуметтік жағдайы төмен отбасына бердім. Қалған он тиынға екі нәрсе алдым – деді де, қалтасынан сіріңке мен шырақты шығарды. Бөлменің жарығын сөндіріп, шырақты жақты. Сабан мен жүнге толмаған бөлме аз уақыттың ішінде шырақтың нұрына бөленді.

Әкесі үшінші баласына риза болып:

– Мирасымды саған қалдырамын. Өйткені өмір сүрудің ең жақсы жолы – айналаңа жарық тарату, – деді. («Өмір сүрудің ең жақсы жолы». Өсиет әңгіме).



Бақыт деген

Сөзі Мұқағали Мақатаевтікі
Әні Бақтығали Жұмалиндікі

Бақыт деген – сенің бала күндерің
Бақытсыз-ақ бақытты боп жүргенің,
Бақытын да, басқасын да білмеуің
Бақытсыз-ақ ойнағаның-күлгенің.

Бақыт жайлы менің мынау білгенім.
Бақыт деген – бірде шаттық, бірде мұң.
Бақытты сол – тәрік етіп түндерін,
Бақыт іздеп азаптанса, кімде-кім.

Бақыт деген – әркімдерде бір арман,
Сол арманның шыққан жері құмардан.
Ал сен үшін бақыт деген – дәл қазір,
Бақыт жайлы жаза алмаған шығармаң.

Бақыт іздеп мал бақ, мейлің, тас қала,
Бірақ, балам, мынаны естен тастама:
Бақыттысың бақыт іздеп сорласаң,
Бақытты боп сорлап жүрсең маскара!

Бақытың – мен, бақытым деп біл мені,
Мені білсең, бақытыңды білгенің.
Ал мен үшін ең бақытты күндерім –
Балам, саған бақыт іздеп жүргенім!

15-16 АДАМДЫҚ БОРЫШ – АСЫЛ ҚАСИЕТ



*... Адамдық борышың –
Халқыңа еңбек қыл.
Ақ жолдан айнамай,
Ар сақта, оны біл.*

Шәкәрім

• Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңыздар.



Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіздер.

Жастарға хат

Илияс Омаров

Біздің заманымыз адамның ардақты атын зәулім биікке көтереді. Мұндай жағдайда адамның қоғам өміріндегі орны өз басының тіршілігіне, еңбегіне байланысты. Былайша айтқанда, бақыт кілті – әр адамның өз қолында.

Өмір жолы онай жол емес. Әркімнің өз сұрлеуі бар. Бірақ та сол сұрлеу жалпы адамдардың салған сара жолына ұласуы керек. Халық мүддесінен аулақ, жеке жол іздеу, қоғам қорынан үзіп-жұлып күн көру – адамгершілік жол емес.

Адамның қоғамдық еңбегі алдымен оның адамшылық қасиеттеріне байланысты. Ол үшін адам өзіне қатаң талап қоя білуі керек.

Сосын уақытты бағалауы басты шарт. Шығыстың ұлы ақыны Саади «Адам әрбір секундта бір дем алады...» деген екен. Ал сол дем алудың өмірде санаулы екенін ұмытпау керек.

«Мен әлі бұғанам қатпаған жаспын ғой», – деу балаларға келіспейді. «Болар бала он екісінде жастығын сылтау етпес, жүз жасында кәрімін деп қапа шекпес», – дейді халық.

Жас кездегі басты міндет – білім алу. Ілімге төте жол жоқ. Оған тек ұзақ еңбек жолы ғана апарады. Сондықтан да білімде шек жоқ дейді. Қанша білімді болсаң да, оған қанағат етпей, білген үстіне біле берген жөн.

Өмірдегі ең жаман әдеттердің бірі – табысқа масаттану, менменсу.

Халық әр уақытта қарапайымдылықты, сыпайылықты, әдептілікті жақсы көреді. Кішіпейілділіктен адам кем болмайды, қайта тұлғалана

*Халық әр уақытта
қарапайымдылықты,
сыпайылықты,
әдептілікті жақсы
көреді.*

түседі. Кішіпейілділік – адамның көркі.

Бейпілауыз жаман сөздерге әуестену, темекі тарту, арақ ішу сияқты жарамсыз қылықтар адамды тұрпайылыққа, тәртіпсіздікке, қылмысқа апарады.

Адам сыншыл, көңілі ашық, жігерлі болуы керек. Әрине, бұл қасиеттер жасанды бояулы болмай, табиғатына біткенде ғана сәнді. Дүниеде жағымпаз болудан жаман жоқ. Кішіпейілділік пен жағымпаздықтың арасы жер мен көктей.

Адамның қасиеттерін нәрлендіре түсетін нәрсе – өзін эстетикалық тәрбиеге бейімдеу. Музыкаға әуестену, музыканы сүйіп тыңдау, жақсы суреттердің мәнін түсіне білу, өлеңге, әдебиетке құлықтану, өткен тарихты білу – адам мәдениетін өсіре түседі. Мұндай адамдармен сөйлесудің өзі бір ғанибет әрі қызықты.

Өмір жолы жеңіл жол емес. Бұл жолда кедір-бұдыр аз болмайды. Табысқа мақтанбай, қайғыға бағынбай, қиыншылыққа мойымай, өзіңді-өзің ілгеріге тарту – адамшылық парызың.

Болмасаң да ұқсап бақ,

Бір ғалымды көрсеңіз.

Ондай болу қайда деп,

Айтпа ғылым сүйсеңіз, – деген Абай сөзін естен шығармаңдар!

- Мәтіндегі «Халық мүддесінен аулақ, жеке жол іздеу, қоғам қорынан үзіп-жұлып күн көру – адамгершілік жол емес» деген ойды қалай түсіндіңіздер?
- Мәтіндегі «Халық әр уақытта қарапайымдылықты, сыпайылықты, әдептілікті жақсы көреді. Кішіпейілділіктен адам кем болмайды, қайта тұлғалана түседі. Кішіпейілділік – адамның көркі» деген ойды түсіндіріп беріңіздер.
- Автордың адам бойындағы жақсы қасиеттердің жасанды болмауы керек деуінен нені түсіндіңіздер?
- Мәтінде айтылған жастық кезеңнің міндеттері өз ұстанымдарыңызға сай келе ме? Неліктен?
- Өздеріңіз күнделікті өмірде талап қоя білесіздер ме? Ол не үшін қажет? Қойылған талап пен уақыттың қандай байланысы бар?
- «Өзіңе сыни көзбен қарау» дегенді қалай түсінесіз?
- Жас кезеңнің міндеті ретінде тағы нені қосуға болады?



1-тапсырма. Сөздіктерден «адамдық», «адалдық», «борыш» сөздерінің анықтамасын тауып, оқыңыздар. Олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табыңыздар.

2-тапсырма. Мақал-мәтелдерді оқып, негізгі ойын анықтап, бүгінгі өмірмен байланыстырып, қорытынды жасаңыздар.

Адамның ұяты бетінде,
Адамгершілігі ниетінде.

Адамның құлқы түзелмей,
Өмірдің құлпы түзелмейді.

Адамды тұрар адам қып,
ақжүрек пен адалдық.

3-тапсырма. Төменде берілген мәтіндерді оқып, адамдық борышқа қатысты түйінді ойларды іріктеп алыңыздар. Олардың маңыздылығын дәлелдеп беріңіздер.

а) *Құрамында қазақтың ұлы перзенті, академик Қаныш Сәтбаев бар делегация Англияға барады. Сонда атақты Уинстон Черчилль аса бойшаң, ірі қазақ ғалымын көріп: «Қазақтардың барлығы сіздей биік пе?» деп сұраған көрінеді. Сонда Қаныш ағамыз саспастан: «Жоқ, менің халқым менен де биік» – депті.*

ә) *Адам өмірге келеді, зейнет іздейді, бақыт табады. Дүниенің шалқар теңізін өктем адыммен кешіп өтпестен тұтқиылдан соққан асау толқын жаңқа секілді жазаға лақтырып тастайды. Сондықтан әрдайым бекем, әрдайым берік болуың керек. Өмір сенің еркелігіңді көтермейді. Әр адамның өмірлік мұраты, мақсаты болуы тиіс. Өзіне жүктелген міндетті дұрыс ұғыну қиын нәрсе, ал оны қалтқысыз атқару – одан да қиын. Сол себепті де әркім дүниеге ашық та ойлы көзбен қарауға, өзінің адамдық парызын жете түсінуге міндетті. Бұлай болмайынша негізгі мақсатқа жету мүмкін емес. (Ы. Жақаев «Ақылдың кені»).*

б) *... Адамзат бойына берілген қандай жақсы қасиеттердің барлығы қазақтың бойынан табылады. Қонақжайлылығы, кеңпейілділігі, ақкөңілділігі тағы басқа толып жатыр.*

Менің қазақ ауылында өскенімді бәрі біледі. Мені бірде-бір рет ренжіткен қазақ болған жоқ. «Гера, Геражан» ауылдың сүйіктісі болдым. Менің адам болып өсуіме қазақтар көп әсер етті. Той-томалақтан қалмадым. Шалдар тәттінің тәуірін, дәмдісін, жсіліктің майлысын маған беретін. Менің жүрегімді мейірімділікке толтырған, ыза-кек, қызғаныш, өшпенділік дегеннен аулақ сақтап қалған осы «қазақ ауылы» болды деп ойлаймын. Мен қазақтың алдында осы үшін де қарыздармын. Адами қасиеттеріммен қалдым. Барды қанағат тұту, міне, бұл да қазақтан жұққан қасиет маған. (Г. Бельгер).

4-тапсырма. Өзіңіз «жақсы адам» деп санайтын адамдардың бірімен сөйлесіп, сұхбаттасып, жақсы адамның бойындағы қасиеттерді байқап, анықтап, дәптерге жазыңыз. Түйген ойыңызды сыныптастарыңыздың пікірімен салыстырып, қорытынды жасаңыздар.



Әрбір адамның өзіне, ата-анасына, халқына, мектебіне, сыныптастарына, өз үй-ішіне, отбасына адамгершілікпен қарым-қатынас жасауы адамдық борыш. Ондай адамдар өзін ғана ойламай, өзгелер үшін адамдық танытып, борыш, міндет, парызын адал орындайды.

Осы тұрғыда Бауыржан Момышұлы «Адамгершілігі жоғары адамның алдында жат қылықтар жасауға ешкімнің батылы бармайды. Себебі, оның мысы болады, жан жүрегі таза, рухы биік адамды ешкім басына алмайды» дейді.

Адамдық борышқа адалдық адамның адамға және қоғамға қарым-қатынасында жақсы қасиеттер, игі істер арқылы көрініп отырады.



Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіздер.

Жонылған ағашты қайта жонуға әрекет етпеңіз

(Үзінді)

Дейл Карнеги

... Өткен өмір еншісінен өз пайдамызға жарата алатын бір-ақ тәсіл бар, ол – бүгінгі күнгі өмірімізде артта қалған күндерде жіберген кателіктерімізді қайталамау үшін оларды асықпай отырып електен өткізу керек.

Бойды билеген мазасыздық туралы ұлы адамдардың жазғандарының барлығын оқысаңыз да, «Көпірге жетпей жатып, одан өттім деме», «Төгіліп қалған сүт үшін көз жасыңды төкпе» деген ескі мақалдардан артығын таппайсыз. Бұл – өз басыңызға уақытынан бұрын киындық тудырмаңыз дегенді білдіреді.

Шынында, біз өмірлік тәжірибемізде ескі мақалдардың біршамасын қолдана білсек, көп нәрсені түйсінген болар едік. Тек түйсініп қана қоймай, оны өмірде жүзеге асыра да білу керек. Бұл кітаптың мақсаты – сіздерге жаңа бір нәрсе айту емес, өздеріңіз білетін өмір шындықтары туралы еске салып, оны өз өмірімізде қолдану үшін іс-әрекет етуге ұмтылдыру болып табылады.

Фред Фуллер Шедд ескіден келе жатқан өмір шындықтарын жаңаша мағынада қызықты етіп түсіндіретін. Ол «Филадельфия буллетин» журналының редакторы болатын. Бірде ол колледж жастарына: «Сіздердің араларыңызда кім арамен ағаш кесті, қолдарыңды

көтеріңдер» деп сұрақ қойды. Отырғандардың көпшілігі қолдарын көтерді. «Ал ағаш жоңқасын арамен кескен адам бар ма?» дегенде, ешкім де қолын көтерген жоқ.

«Әрине, ағаш жоңқасын жону мүмкін емес, өйткені олар жонылған. Өткен күндер туралы да осыны айтуға болады. Өткен өмір туралы, болып кеткен жайлар туралы ойлаған кезіңізде сіз сол ағаш жоңқасын қайта жоңғанмен бірдей боласыз».

Әрине, барлығымыз да пендеміз ғой, қателік жасамайтын адам жоқ. Ондай-ондай кемшілік кімнің басында болмайды? Тіпті Наполеонның өзі жүргізген үлкен ұрыстардың үштен бірінде жеңіліске ұшыраған.

Бір сөзбен айтқанда, қанша жерден патша болса да, оның айналасында жүрген адамдар да өткен күнді қайтара алмайды. Сондықтан мына ережені есте ұстаңыз: «Жонылған ағаш жоңқасын қайта жонамын деп әуре болмаңыз».

Түйін:

Мазасыздыққа бой беретін жаман әдеттен қалай арылуымыз керек?

1-ереже. Бойыңызды билеген мазасыздықтан құтылу үшін бос жүрмей, өзіңізді-өзіңіз жұмысқа жегіңіз. Бұл – мазасыздықтан, алаңдаушылықтан арылудың бірден-бір жолы.

2-ереже. Түкке тұрмайтын нәрсеге бола ашуланбаңыз.

3-ереже. Бойыңызды жайлаған мазасыздықты кетіру үшін үлкен сандар заңын қолданыңыз.

4-ереже. Айналаңыздағы болып жатқанды сол күйінде қабылдаңыз. Егер оны өзгерту немесе түзеу қолыңыздан келмесе «Бұның басқа жолы жоқ бұл осылай күйде қалуы керек» деп сендіріңіз.

5-ереже. Мазасызданудың да шегі бар деп белгілеңіз. Болып жатқан оқиға қаншалықты мазаңызды ала алатынын шамалаңыз да, одан әрі оны ойламауға тырысыңыз.

6-ереже. Өткен күн туралы ойламаңыз. Ағаш жоңқасын қайта жонудың қажеті жоқтығын есте ұстаңыз.

Түйін:

1-ереже. «Біздің өміріміз – ол туралы біздің не ойлайтындығымыз» екендігін естен шығармай, өз ақыл-ойыңызды тыныш өмір, үміт, денсаулық туралы ойлармен толықтырыңыз.

2-ереже. Ешқашан да өзіңізге дұшпан адамдардан кек алуға тырыспаңыз, себебі, сіз олардан гөрі өзіңізге көп зиян келтіресіз. Генерал Эйзенхауэр айтқандай, өзіңіз жақсы көрмейтін адамдар туралы бір минут та ойлаудың қажеті жоқ.

3-ереже. а) Адамдар жасаған қайырымсыздыққа бола өкпелемей, солай болуы мүмкін-ау деп қараңыз.

ә) Бақытқа қолжеткізудің бірден-бір жолы – жасаған жақсылығыңызға

біреулердің алғыс айтуын күту емес, алдымен жақсылық жасау және сол арқылы алғысқа бөлену.

б) Алғыс айта білу – көргенділіктің, тәрбиенің нәтижесі екендігін есте ұстаңыз, егер біздің балаларымыз тәрбиелі болсын десеңіз – осы қасиетті бойына сіңіре біліңіз.

4-ереже. Сәтсіздіктеріңізді емес, қуанышты күндеріңіздің есебін жүргізіңіз.

5-ереже. Ешкімге ұқсамауға тырысыңыз. Өзіңізге тән бейнеңізді табыңыз да, сол қалпыңызда қалуға тырысыңыз. «Қызғаныш – қызыл от, ал біреуге еліктеу өзінді өзің, өлтіргенмен бірдей» екендігін естен шығармаңыз.

6-ереже. Өмір сізге ащы дәмін татырса, сіз оны тәтті дәмге айналдыруға тырысыңыз.

7-ереже. Өз басыңыздағы сәтсіздіктерді ұмытыңыз. «Өзгелерге жақсылық жасау арқылы сіз алдымен өзіңізге көмек көрсетесіз».

Шынында, біз өмірлік тәжірибемізде ескі мақалдардың біршамасын қолдана білсек, көп нәрсені түйсінген болар едік. Тек түйсініп қана қоймай, оны өмірде жүзеге асыра да білу керек.

- *Мәтіндегі «Көпірге жетпей жатып, одан өттім деме», «Төгіліп қалған сүт үшін көз жасыңды төкпе» деген мақалдарды қалай түсінесіздер?*
- *«Жонылған ағаш жоңқасын қайта жонамын деп әуре болмаңыз» деген ойдың маңыздылығын қалай дәлелдеуге болады?*
- *Мәтінде жасалған түйіндермен келісесіздер ме? Өздеріңіз қандай түйін жасайсыздар?*
- *Күнделікті өмірде өздеріңізге сабақ болған жағдайларды еске түсіре отырып, тағы қандай ереже қосуға болады деп ойлайсыздар?*



5-тапсырма. «Адамдық борышқа – адалдық» немесе «Менің адамдық борышым» тақырыбында эссе жазыңыздар.

6-тапсырма. Өсиет әңгімені оқыңыздар. Өсиет әңгіменің астарынан нені аңғардыңыздар? Мәтіндегі жағдайды адамның адамдық борышымен байланыстырып, жағдаятқа айналдырыңыздар. Өз ойларыңызбен толықтырып, рөлге бөліп орындаңыздар.

Бір орманда өзен жиегінде ағаштар өсетіні еді. Олағаштар бар күшін биік болып өсуге жұмсап, тамырын дамытуға күштері қалмайтын. Олар үшін биіктік пен сұлулық маңыздырақ болып көрінетін...

Өздерінің биіктігімен, әдемі гүлдерімен басқаларды тамсандырған

ағаштардың арасында гүлсіз, кішкентай лавр ағашы да өсетін.

Лавр ағашы бар күшін тамырына жұмсайтын еді. Барлығы оны үлкен әрі әдемі гүлдері, алып бойы болмағандықтан, менсінбей қарайтын.

– Лавр, сен, бар күшіңді несіне тамырға жұмсайсың, бізге қарасаңшы, жапырақтарымыз үлкен, хош иісті гүлдерміз, биіктігіміз үшін бізге барлығы қызыға қарайды. Лавр: «Маған өсу үшін тамырымның күшті болғаны маңызды және маған мұқтаж болғандарға өз жапырақтарымды беремін», – дейтін.

Бірде қатты жел соғып, тамырлары әлсіз ағаштар құлап қалады. Ал лавр болса, тек бір-екі жапырағын ғана жоғалтқаны болмаса, аман-есен қалады.

Сол кезде ғана басқа ағаштар қиын сәттерде бізді сыртқы келбетіміз бен түріміз емес, тамырымыздағы күшіміз сақтап қалатынын түсінді. (Өсиет әңгіме).

Лев Толстой



... Адамдармен қатынаста ізгілік міндетті нәрсе. Егер сен адамға қайырымды болмасаң, ашулы болсаң, оның бойында да ашу-ыза тудырасың.

... Сенің бұл ниетің жастық шақтың орындалмайтын арманы ғана, бәріміз де арман қылдық, қол создық, сөйтсек, өмірдің өз талабы, өз қалауы бар екен, ендеше, өмір былай болар ма еді деп бос қиялдағанша, сол өмірдің талабына сай әрекет қыл дегендерге сене көрме. Ізгілік пен ақиқаттың толық үстемдік етуі мүмкін емес дейтіндерге сенбе...

Тәңірі тектес сезім шырағы алғаш рет көкірегіңде жарқ етіп тұтанған киелі шақтағы, әу бастағы адал шақтағы мына өзіңе сен. Сол шырақты өшіре көрме, бар қуатыңды пана қылып жандыра түс, лаулай түссін.

Ізгілікті көбірек екенге ізгілікпен қарымта қайтады және керісінше, біреуге жамандық тілегенге жамандық үйірсектейді.



Өміріңе немқұрайлы қарама

*Сөзі Серік Сейітмандікі
Әні Сәкен Дәрібаевтікі*

Тыңда, досым, мен айтайын от тілек,
Дүниеден өтті бай да, өтті бек.
Өміріңе немқұрайлы қарама,
Дәулетіңмен тұрсаң-дағы көк тіреп!
Әр күн сайын тек сен үшін атып таң,

Зерлі шапан киінсең де жақұттан.
Өміріңе немқұрайлы қарама.

Шақша басың айналса да бақыттан,
Бақ құсыңды қонған кезде бағала.
Қолда мәңгі тұрмайтын ол шағала,
Кенелсең де, досым қанша шаттыққа,
Өміріңе немқұрайлы қарама.

Тұсау салып, бас тартқызбай көш дара,
Етсе-дағы дұшпан күлкі, дос таба,
Өміріңе немқұрайлы қарама.
Тағдыр жолы қарсы алдыңнан соқса да,
Күн сағатта сақтау үшін өз басын.
Сатып кетсе, сеніп жүрген жолдасың,
Өміріңе немқұрайлы қарама.

Айдын көлге айналса да көз жасың,
Бақ құсыңды қонған кезде бағала,
Қолда мәңгі тұрмайтын ол шағала.
Қанша азап көрсең-дағы бауырым,
Өміріңе немқұрайлы қарама.

БІЛІМДІ БЕКІТУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТІЛЕУ

1-тест

Адамның ішкі дүниесін жақсартатын:

- а) Ізгілік.*
- ә) Өз жеке мақсатына ниеттеніп, іс-әрекет ету.*
- б) Табысқа қол жеткізу, іс-әрекеттің марапатталуы.*

2-тест

Адамға өзін-өзі тәрбиелеу не үшін қажет?

- а) Адамның ойын, сөзін, ісін жүйелі түрде реттеп, жақсылыққа бағыттап, бойындағы жақсы қасиеттерін жетілдіріп, кемшіліктерін жоюға деген саналы және мақсатты іс-әрекет жасау.*
- ә) Айнала қоршаған ортамен ортақ тіл табыса алу.*
- б) Жетістікке қол жеткізу.*

3-тест

Қуанышты, мәнді, мағыналы өмір:

- а) Өзгенің жетістігіне өз жетістігі мен игілік-бақытындай қуанып, ар-ұят пен адамишылыққа жүгініп, адамдарға, қоршаған ортаға, еліне-жеріне ізгі ниетпен құрмет, жанашырлық таныту, қоғамға риясыз қызмет ету.*
- ә) Адамдардың қажеттілігі: тамақ, киім-кешек, тұрғын үй, демалыс, көңіл көтеру, денсаулық сақтау.*
- б) Ақыл-ой арқылы мәдени, материалдық игілік жасау.*



4-тест

Адамдық борыш:

- а) Ар-ұят пен адамишылыққа жүгініп, ешкімге, ешнәрсеге қиянат жасамау, айнала қоршаған ортасына, бүкіл адам баласына, отбасына, Отанына адал қызмет ету.*
- ә) Жеке адамның кемелденген іс-әрекеті.*
- б) Сыртқы жағдай мен әлеуметтік ортаның өзгеріп отыруына қарай бейімделіп тіршілік ету.*

ІІІ ТАРАУ

ҚОҒАМДАҒЫ ӨМІР





«Менің борышым» жобасы

3-кезең

«Ең басты мамандық – Адам болу» тақырыбында акция өткізіңіздер:

1. Өздеріңіз тұратын елді мекендегі әр түрлі мамандық иелерінен «Мамандығым – мақтанышым ба?» тақырыбында шағын сұхбаттар алыңыздар. Сұхбат желісі төмендегідей сипатта болуы ұсынылады:

- Мамандығым – мақтанышым: мансабым жоғары;
- Мамандығым – мақтанышым: материалдық жағдайым жақсы;
- Мамандығым – мақтанышым: атақ-даңққа бөлендім;
- Мамандығым – мақтанышым: күнделікті қызметімнен ләззат аламын;
- Мамандығым – мақтанышым: адамдарға риясыз қызмет етемін;
- Мамандығым – мақтанышым: адамдардың ризашылығына бөленемін.

Жазба немесе бейне материал әзірлеңіздер.

2. Түрлі нәтижеге жеткен мамандық иелерімен кездесу өткізіңіздер.

3. Өздеріңіз үшін жақсы, парасатты адамдармен кездесу өткізіңіздер.

4. Акция нәтижелерін жариялаңыздар.

Осы кезең нәтижелерін жоба күнделігіне жазыңыздар.

17-18 ОТБАСЫ АЯСЫНДА



Отбасы – бақыт бастауы.

Халық нақылы

• Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңыздар.



Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіздер.

Менің әкем

Ерлан Бекхожин

Әкем Қалижан Бекхожиннің туған жері – Баянауыл, Қызылтау Кереку, яғни Павлодар өңірі халқымызға ежелден-ақ құтты қоныс болған қасиетті мекен. Сол өлкеден қазақ тарихының төрінен орын алатын небір өнер дүлділдері мен жүйріктері суырылып шыққан. Атақты Бұқар жырау, Жаяу Мұса, Мәшһүр-Жүсіп, Сұлтанмахмұт, Иса, Естай, Майра сияқты өнер тарландарының көкіректерінен шыққан көрікті сөздерін зердесіне тоқып, ән-жырларын құйма құлағымен тындап, жауһар қазына – асыл мұраларынан мейлінше сусындап, рухани шөлін құмарлана қандырып өскен әкеміз қыран құстай қанатын ерте қомдап, ғұмырлық һәм шығармашылық жолында үлкен бел-белестерге шығуға талпынған өршіл ақын.

Алдына үлкен мақсаттар қоя білген кез келген жұмыр басты пенде өз мұратына жететіні бесенеден белгілі. Менің әкем де сондай алдына үлкен мақсаттар қойған қаламгерлердің бірі. Талмай ізденудің, індетте оқудың, ерінбей еңбек етудің, аянбай тер төгудің арқасында өз мұратына жетіп, қазақ елінің қабырғалы қаламгеріне айналғаны ешбір жан аттап өте алмайтын шындық. Артына, өсер ұрпағына, іздер қауымына, еліне-жұртына өлмес-өшпес мол мұра қалдырып кетті. «Өлді деуге сыя ма ойландаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған», – деп ұлы ақын Абай атамыз айтпақшы, әкеміз өлсе де, оның өнері, өлеңі, жыр-дастандары өлген жоқ. Елі барда, ұрпағы барда, халқы барда мәңгі жасыл шыршадай көркейіп жасай бермек.

Әкеміз текті елдің, текті жердің, текті атаның баласы. Зерделеріне құйып өссін деген ойы болған шығар, оны көзі тірі кезінде бізге жыр ғып айтып отыратын.

Әкеміздің ең алғашқы тізгін²² ұстатқан ұстазы өз әкесі Нұрғожа атамыз болыпты. Көзі ашық, көкірегі ояу, оқыған-тоқығаны көп,

²³ Ерік, бостандық.

сөзге шешен атамыздың айтқан әңгімелері, бұрынғы би-жыраулардың сөздері, діни қисса²³, дастандар мен ғибратты²⁴ хикаяттар әкеміздің бала кезінен-ақ ой қиялында берік ұялап, рухани жетілуіне ықпал еткен.

Қазақ әдебиетінің өркендеуіне атсалысқан ғұлама тұлғаның бірегейі біздің әкей. Сол отызыншы жылдардағы жастардың айтар әңгімелері, шертер күйлері өздерінің жаңадан жазған поэзиялары болғандықтан, сол жас таланттардың табысып-танысқан достықтарын, бір-біріне өте адал болғандықтарын, бір-біріне аялай қарағандықтарын маған үнемі айтып отыратын. «Жаңадан жазған жырларымызды бәріміз бірге оқып, бастарымызды қосуға асығатынбыз», – дейтін. Менің әкем өзінің замандастарымен, тұрғыластарымен салыстырғанда, талант ретінде үлкен эпиктігімен, лириктігімен айрықша көзге түскен ақын еді.

*Әкенің мейірімі күн
шуағындай төгіліп
тұратын. Біз бала
шағымыздан сол
жылылықты сезініп
өстік.*

Ол – ақындығы өз алдына, оқулықтардың авторы, зерттеуші, сыншы, шебер аудармашы және драматург. Әлем әдебиетінен Байрон, Гете, т.б. шығыс әдебиетінен Низами, Манас және Қытай, Азия-Африка ақындарын қазақша сөйлеткен ақын. Ол орыстың, Украинаның, басқа да бауырлас елдердің үлкен ақындарының үздік шығармаларын аударуға көп еңбек сіңіріп, оларды өзіміздің ана тілімізде сөйлетті.

Әкеміздің отбасымыздағы орны туралы да азырақ тоқтала кетсек, артық болмас деген ойдамыз. Үлкен жүректі адам еді марқұм. Әкенің мейірімі күн шуағындай төгіліп тұратын. Біз бала шағымыздан сол жылылықты сезініп өстік. Үнемі қамқорлығын танытып, бәйек болып жүретін. Әлі күнге дейін сол жылылықты сағынамыз, сағына отырып аңсаймыз. Бірге болған күндерді, бірге жүрген сәттерді ойласақ жүрегіміз сыздап, жанымыз мұңға оранып, көзіміз жасқа толып, ерекше бір қимас сезімдерге бөленеміз. Бұл да сол әкеміздің әкелік парызын өтеп кеткендігінен шығар. Қанаттыға қақтырған жоқ, тұмсықтыға шоқыттырған жоқ. Көйлегіміз көк, тамағымыз тоқ болды. «Не ішеміз, не киеміз?», – деп тарыққан кезіміз болған жоқ.

Әкеміз өте балажан адам еді. Асты-үстімізге түсіп, бәйек болып жататын. Бала тәрбиесіне аса мән беретін, жүріс-тұрысын да сырттай бақылап жүретін. Оқуымызға да көп көңіл бөлетін. Үнемі сабағымызды сұрап, қадағалап отыратын. Осындай әкелік қамқорлықтың арқасында қатарымыздан қалғанымыз жоқ. Етегімізді жаптық, ес білдік. Орта мектепті бітірдік, жоғары оқу орнын тәмамдадық. Қызмет істедік. Жер көрдік, ел таныдық. Азды-көпті жетістіктерге жеттік. Ел ауызына

²³ Дастан.

²⁴ Тәрбиелі.

іліндік. Бұның бәрін мақтаныш үшін айтып жатқан жоқпын, әрине. Тек біздің өмірде болсын, қызметте болсын, жеткен жетістіктеріміз бен шыққан биіктеріміздің өзі осы әкеміздің арқасы деп білемін.

Кез келген бала үшін әке мен ананың орны ерекше екенін білеміз.

Біздің осындай ел қатарына ілігуімізге әкеміз бен бірге шешеміздің де еңбегі орасан зор. Әкеміз Қалижан мен шешеміз Зайда екеуі өте тату-тәтті ғұмыр кешті. Жалғанның жалғандығын түсінгендіктен болар, қатты сыйласты. Әй-шәй деспейтін, ыдыс-аяқ сылдырламайтын. Міне,



балаларына осылай үлгі-өнеге көрсетіп, түсіністікпен, сыйластықпен, бір-біріне деген ыстық сезіммен, жылы жүрекпен, ерекше құрметпен өмір сүрді. Бұның да біздің өмірімізге сәуле түсіргені, шуақ шашқаны анық. Әкеміз шешемізді Зайдахан деп еркелетіп атайтын. Әкеміз бен шешеміздің арасындағы осындай ерекше бір сыйластықты біз бала болсақ та сезетінбіз, сезінетінбіз, тәтті қиялға шомып, кеудемізді мақтаныш сезімі билеп, қуаныштың айқара ашылған күндей ыстық құшағына бөленетінбіз. Мен әкемнің кітабын қолыма алған сайын «Тереземді бүркемеші» деген өлеңін іздеймін. Оқимын. Оқимын да жұбанамын... Жаныма сондай жақын осы бір жыр жолдарын оқыған сайын көңіл құсым күйкылжып, ән салып қоя береді

Жан дүнием асау теңіздің толқындарындай толқып, жансарайым раушан гүлдің қауызындай ашылып, жадырап сала береді. Ол өлең – мынау.

Тереземді бүркемеші, Зайдахан,
Күлімдеген жұрттың жүзін көрейін.
Тындап бақтан бұлбұл дауысын сайраған,
Бәйтеректей көтерілсін мерейім.
Әйнегімді бүркемеші, Зайдахан,
Батар күннің шырайына қарайын,
Нажағайдың, бұлтты қуып ойнаған,
Жанарыма түсірейін арайын.
Тереземді ашып қойшы, Зайдахан
Түнде тұрып жұлдыздарды байқайын.
Бір досымның талайына жайнаған
Жұлдыз көрсем, соны жыр ғып айтайын.
Әйнегімді айқара ашып, Зайдахан,

Шолайыншы шың-құздарды ерте мен.
Самал таудан, толқындасын ой маған,
Биіктесін жырмен өрлеп мәртебем.

Осынау қысқа ғана өлең шумақтарында әкеміздің бүкіл болмыс-бітімі, өр тұлғасы, кесек келбеті, кісілігі, мұң-наласы, сағыныш саздары, сезім толқындары, арман-мақсаты, жарық дүниеге деген ынтықтығы... бәрі-бәрі толық көрініс тапқан. Қалауын тапқан кірпіштей шебер өрнектелген. Міне, біздің әкеміз өмірге осындай көңіл көзімен қарайтын, жан жүрегі нұрдан жаралған адам еді. Амал не, тағдырдың жазмышы шығар, ажал құрғыр арамыздан ерте алып кетті. Ерте айырылып қалдық. Тек, көңілді демейтініміз, арты жақсы болды, ұрпақтары атына кір келтірмей жетіліп келеді. Ошағы бүтін, үйінің түтіні түзу шығып жатыр. Артында қалған ұрпақтары да сыйластықпен, татулықпен, түсіністікпен ғұмыр кешіп жатыр.

Арамыздағы асыл қазынамыз да, бағалы байлығымыз да – Анамыз. Сондықтан қашан да анамыздың амандығын тілей отырып, балаларыңыздың қуанышын қызықтап, шаршамай-талмай жүре беріңіз дегіміз келеді.

Сөз соңында айтарымыз, егер қолымыздан келсе әкемізді ажал құрығынан арашалап алып қалар едік. Ол қолымыздан келмеді. Жұмыр басты пенденің қолынан келетін іс емес. Біздің қолымыздан келері – жақсы әкенің атына кір келтірмей, әр кез рухына тағзым етіп жүру ғой!

Біз осы жолмен жүріп келеміз!.. Әке рухы риза болсын деп...

- *Автор әкесінің қандай қасиеттері туралы айтады?*
- *Бекхожсиндердің отбасын бақытты, өнегелі деп айтуға бола ма? Неліктен?*
- *Аталған отбасының қандай құндылықтары жөнінде білдіңіз?*
- *Қазіргі заманғы отбасы құндылықтары қандай деп санайсыз?*
- *Сіздің ойыңызша, өз отбасының тарихын білу керек пе? Неліктен?*
- *Сіздің ұғымыңызда өнегелі отбасы қандай болуы керек?*



1-тапсырма. Белгілі ақын Оразақын Асқардың екі өлеңін мәнерлеп оқып шығыңыздар. Отбасындағы әкенің, ананың орны, олардың адамгершілік қасиеттері, рухани байлығы туралы өз ойларыңызды ортаға салыңыздар.

Әке

Оразақын Асқар

Есейіп оралсаң да шалғайыңнан,
Еңкейтіп иіскейді ол маңдайыңнан.

Ұйқыңнан қанша ерте оянсаң да
Естисің тыстан үнін мал қайырған.
Тұнығын шайқасаң да оңды-солды,
Кешіргіш, мейірімді, бөлек орны.
Көңілі хош, дүниесі түгел оның
Қалқиып көз алдында жүрсең болды.

Анама

Оразақын Асқар

Есейіп жігіт болсам да,
Қоймайсың айналғаныңды.
Өзге үйге бір күн қонсам да,
Айтасың сағынғаныңды.

Кезімде сәби былдырлап,
Не дедім, қалай жүгірдім.
Айтасың ылғи қызықтап,
Қылығын сол бір күнімнің.

Есейдім, өтті ол бір кез,
Өмірге ойлы қарадым.
Қалыпты бойда бал мінез,
Алдында әлі баламын.

2-тапсырма. Отбасы туралы мақалдарды оқып шығыңыздар. Қазіргі уақытта мақалдардың қайсысы өзекті деп санайсыздар? Жауаптарыңызды нақты мысалмен дәйектеп айтыңыздар.

- «Сіз», «біз» – деген жылы сөз,
Ағайынға жарасар.
- Қарындасың – қарлығашың.
- Інісі бардың тынысы бар,
Ағасы бардың жағасы бар.
- Ата – баланың қорғаны.
- Ананы сыйламаған, ел қамын ойламаған.
- Ата – арым, ана – дәрім.
- Атаңа не қылсаң, алдына сол келер.
- Ердің анасы – елдің анасы.
- Бала – бауыр етің.
- Бала – көңілдің гүлі, көздің нұры.
- Қартың болса, жазып қойған хатпен тең.

3-тапсырма. Ұсынылып отырған отбасы қажеттіліктерінің тізбесімен танысып шығыңыз. Керек деп тапсаңыз, тізбені толықтырып, маңыздылық дәрежесіне қарай бір бағанға тізіп, дәптерге жазыңыз. Өз таңдауыңызды түсіндіріңіз.

- жалпы ортақ мүдделердің болуы
- отбасы мүшелерінің арасындағы өзара сыйластық
- бір-бірінің ісіне араласпау
- сүйіспеншілік
- отбасы мүшелерінің дербестігін сақтау
- материалдық молшылық
- руханилық
- ұлттық біртектілік
- айналасындағылардың көзімен қарағандағы ынтымақтастық
- тәртіп
- отбасы мүшелерінің әрқайсысының өз міндетін атқаруы
- бос уақытты бірге өткізу
- достары, туыстары мен әріптестері үшін – «ашық үй»
- көп бала
- жақсы денсаулық
- отбасы мүшелерінің арасындағы ынтымақтастық
- ата-ананың мызғымас беделі
- сенім
- өзара көмек ...

4-тапсырма. Өзіңіз үлгі санайтын отбасы туралы әңгімелеп беріңіз. Бұл отбасы мүшелерінің қандай өнегелі істері, қол жеткізген жетістіктері туралы айта аласыз?

5-тапсырма. «Отбасым – менің тірегім» тақырыбында ризашылық шарасын өткізу үшін төмендегі қадамдарға сәйкес бағдарлама әзірлеңіздер:

- тақырыпқа сәйкес ашық хаттар дайындау;
- мерекелік шараның сценарийін құру;
- қатысушыларға сыйлық жасау.



Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіздер.

Бала Шоқан

Сапарғали Бегалин

Шыңғыс өзі оқып білім алған және келешек ғылым-білім өрісі орыс мектебінде екенін біле тұрса да, баласына шығыс әдебиеті мен тарихынан

хабардар болсын деп, Әубәкір молданы әдейілеп Орынбордан көшіріп алып келген-ді. Алдымен балаларын ана тілінде сауаттандырып және өзімен өмірлес шығыс елдерінің мәдениетімен де таныс ету ниеті болған. Сондықтан да ол:

– Шоқанға өзің білетін барлық оқуынды үйрет. Бұларға енді жеті жұрттың тілін білу керек, – дейтін.

Шыңғыстың бұлтапсырмасын Әубәкір бұлжытпай қолға алды. Шығыстың атақты ақындары Әбілқасым Фердоусидың «Шаһнамасын», Жәмидің, Омар Хайямның рауаяттарын²⁵, Науаидың дастанын, әзірбайжан ақындары Низами, Ғанжауи, Физулилардың шығармаларымен таныстырды. Шоқанның өте-мөте қызыға оқығаны Ләйлі-Мәжнүн жыры, Хайямның рауаяттары болды. Әсіресе Омар Хайямның ислам діні жөніндегі жансыз сопылық, жалған мүлгушілікке қарсы жазылған өткір хиялы²⁶ рауаяттарын ұнататын.

Қысқы үйге кіргелі Шоқандардың оқуы құнтты жүрді. Әубәкір молда да, бұрынғыдай ауыл арасының шақыруынан босап, Шоқанға парсы тіліндегі кітаптардан уақиғалы хикаяларды оқытып білім өрісін кеңейте түсуде. Анадaғы әжесі айтқан: «Байлық та, бақыт та тыянақсыз, ең тыянақты қасиет өнер-білім. Жеті жұрттың тілін білмеген адам шалағай» деген сөзді өзінің естелік дәптеріне Шоқан жазып қойғанды. Шоқанның күзден бергі оқуға деген ыждаһатына²⁷ Әубәкірдің өзі де іштей таңданатын. Ол тек жай оқып қоймайды. Оқыған кітабының уақиғасын бажайлап, түпкі мағынасын білуге ізденеді. Шоқанды аса қызықтырған Жәми ақынның «Ескендір намасы» болды. Әубәкір өзі оқып, Шоқанға мағынасын түсіндірсе, кейбір жерлерін жаздырып отырды. Ескендір Зұлқарнайын туралы шығыс елдері аңыз әңгімелерімен

«Байлық та, бақыт та тыянақсыз, ең тыянақты қасиет - өнер-білім. Жеті жұрттың тілін білмеген адам -шалағай»

қатар, Жәми жырлаған дастан да сондай қызықты екен. Жас Ескендірді анасының үлкен данышпан ғалымға беріп оқытқаны Айғаным әжесінің «білім-оқуда» деген насихат сөзіне ұштасып жатты. Осыны оқығаннан кейін Шоқан бір күні әжесіне келгенде:

– Әже, сіз Жәми ақынның «Ескендір намасын» оқыған ба едіңіз? – деді.

– Қарағым, оны неге сұрадың?



²⁵ Ақыл.

²⁶ Сөзді.

²⁷ Сабыр.

Шоқан жымыып:

– Әже, Ескендірдің шешесі ақылды болған екен. Ескендірді ең үлкен данышпан ғалымның қолына беріп оқытыпты. Сол оқу білімінің арқасында бар әлемді билемек болып үлкен жорық жасапты, – деп Шоқан әжесінің өңіне қарады.

– Қарағым, ол дастанды мен оқығам. Сен де жақсы түсініпсің. Білімділік жақсы, мансапқорлық жаман емес пе. Ол әлемді аузыма қаратам деген озбырлықтан апатқа ұшырады ғой, – деп әжесі сөзін аяқтады.

Шоқан ойланып қалды. Айғаным да сүйкімді немересіне әдеттегі мейірбан ықыласынан басқа ешнәрсе айтқан жоқ. Ханымға амандық айтуға ауыл арасының үлкен кісілері келген кезде ол әжесіне қош айтып қайтып кетті.

- *Шоқанның азамат болып қалыптасуына отбасы қалай ықпал етті?*
- *Шоқанның тәрбиесіндегі әжесінің орны қандай болды?*
- *Шоқан өскен ортаның, отбасының құндылықтары туралы не айтасыз?*
- *Шоқанның әжесі: «Білімділік жақсы, мансапқорлық жаман емес пе. Ол әлемді аузыма қаратам деген озбырлықтан апатқа ұшырады ғой», – дегенде не айтқысы келді деп ойлайсыз? Ойыңызды дәлелдеп беріңіз.*
- *Шоқанның өмір жолын адамзатқа қызмет ету жолы деп атауға бола ма? Неліктен?*
- *Қазіргі уақытта бірнеше тіл білу қанишалықты маңызды? Ойыңызды нақты мысалмен түсіндіріңіз.*
- *Мәтін бойынша Шоқан оқыған кітабының уақиғасын бажайлап, түпкі мағынасын білуге ізденеді. Ал сіз кітап оқисыз ба? Қалай, қандай кітап оқисыз? Неліктен?*
- *Өз отбасыңыздағы әжеңіздің, атаңыздың сізге берген үлгі, өнегесі қандай? Олардың қандай жақсы қасиеттерін бойыңызға сіңіріп өскіңіз келеді?*



6-тапсырма. «Отбасым – менің тірегім» тақырыбында ризашылық шарасын өткізіңіздер.



Төменде берілген ойды оқып, «көзқарас – себеп – мысал – қорытындылау» әдісімен талқылаңыздар: «Байлық та, бақыт та тыянақсыз, ең тыянақты қасиет өнер-білім. Жеті жұрттың тілін білмеген адам шалағай».



«Менің үйім – менің қорғаным» – дейтін ағылшындар үйінің қабырғасының қалыңдығын ғана емес, сонымен қатар, үйінің, отбасының рухани және адамгершілік беріктігін айтады.

Нағыз отбасы кез келген қиындыққа, сынаққа тосқауыл бола алады, өмірдің қандай да болсын талқысына шыдай алады, төтеп бере алады. Отбасы аясында адам әдемілік әлеміне сапар шегеді, табиғатты сүйеге, музыканы, әдебиетті түсінуге, өзін бағалай білуге, өзгелерді бағалап, құрметтеуге, сыйлауға үйренеді. Әрбір үй, әрбір отбасы мәдениеттің шынайы ошағы болуы тиіс.



Ана

*Сөзі Жұбан Молдағалиевтікі
Әні Александр Зацепиндікі*

Солғанша гүлім күзде тоңып,
«Ана!» деп ән салам.
Жүрейін мейлі жүзге толып,
Бөбекпін мен саған.

Қайырмасы:

Мама, мама, мама,
Мәңгі дос сен ғана,
Абзал ана, ана,
Көңілің – кең дала.
Данасың сен,
Данасың сен,
Дарасың сен.
Мақтанатың,
Мархабатың
Махаббатың.

Ардақтайды есіміңді
Ел-ана, деп адам,
Жер-ана, деп адам,
Тербеп мәңгі бесігіңді.
Анажан аңсаған
Арналды ән саған.

Қарызбын әжім, ақ шашыңа,
Көзіңнің жасына.
Өзіңсің бақыт бақшасы да,
Өмірдің басы да.

Қайырмасы.

19-20 МЕН СЕНІҢ ӨМІРІҢНІҢ ЖАЛҒАСЫМЫН



Ата-ананың қадірін білмеген – ел қадірін біле алмас.

Бауыржан Момышұлы

• Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңыздар.



Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіздер.

Ұлыма хат

(үзінді)

Немат Келімбетов

Ұлым менің!

Теңіз жағалауынан алыста жүзіп жүрген кемелер тұманды күндері адасып кетпеуі үшін порттағы биік бағаналар басына күндіз-түні өшпей, жарқырап жанып тұратын үлкен шамшырақтар іліп қояды.

Құлыным! Мені асырып айтып отыр деп ойлап қалма. Менің өз әкем өзіме сол шамшырақтар секілді көрінеді. Тұйыққа тірелген сәттерде мен: «Осындай кезде әкем не істер еді?» – деп өзіме-өзім сауал қоямын. Сол сұраққа әкемнің тұрғысынан жауап іздеп табуға өзімше әрекет жасаймын.

Менің әкем қол бастаған батыр да, сөз бастаған шешен де емес еді. Қарапайым бағбан болатын. «Қарапайым» деймін-ау, әкемнің бағбандық өнерін күллі Оңтүстік өңірі әлі күнге аңыз етіп айтады.

Әкем марқұм орта бойлы, мығым денелі, қапсағай, жалпақ жауырынды, ат жақты, кең маңдайлы, қастары қою біткен, бадана көз, қара кісі еді. Қап-қара сақалы өзіне жарасып тұратын.

Тегінде, адам бойындағы жақсы қасиеттердің бәрі де мейірімділіктен бастау алса керек. Әкем туралы ойлағанда ұдайы осындай тұжырымға келем.

Кешегі сұрапыл соғыстан әкем қос балдаққа сүйеніп оралды. Әкемнің балдаққа сүйеніп, кетпен шауып жатқаны әлі күнге көз алдымда тұр. Бұған бала кезде жете мән бермеген екем. Соның бәрін мен кештеу түсініп, әкемнің жойқын²⁸ қайсарлығына қайран қалдым.

...Мен әкемнің сұлулыққа соншалықты құштар жан болғанын есейген шағымда ғана түсіндім. Мұндай құштарлық тек жаны мөлдір жандарға ғана тән қасиет шығар деп ойлаймын.

²⁸ Орасан мықты, күшті.

... Ерте көктем шығысымен-ақ әкем қыс бойы көміліп жатқан жүзім бұтақтарын ашып, оны ағаштан иіп жасалған арнайы белдеулерге асып қоятын. Бұл өте күрделі, нәзік жұмыс. Қысымен жер астында жатқан жүзім бұтақтары кейде топырақ астында жатып-ақ бармақтай-бармақтай бүртік шығарып қалады. Оны абайсызда жұлып түсіруге болмайды. Әкем топырақ астында көзге көрінбей жатқан адам саусақтары секілді жүзім бұтақтарының қай тұста, қалай жатқанын алақанымен сипалап білетін. Сол себепті көктемдегі жүзім ашу ісіне өзінен басқа тірі пендені жолатпайтын. Мұндайда әкем жүзімнің әр бұтағын қолымен сипалап, «Ә, оянып қалдың ба, жарайды, сен де жарық дүниеге шыға ғой», – деп өзінен-өзі күбірлеп сөйлеп жүретін.

...Шілде айында өрік пен шабдалы уылжып тұрған кезде де, қазанда жүзім мен алма піскенде де әкем бүкіл ауыл адамдарын бауға шақырып, әрқайсысының үйіндегі адам санына қарай пәлен түп жеміс ағаштарын «мынау сенікі, анау сенікі» деп бөліп-бөліп беретін. Әрбір отбасы өзіне тиесілі ағаш басындағы жемістерін бала-шағасымен жабылып жүріп лезде жинап



алатын. Колхоз берген арбаларға жәшік-жәшік өрік, шабдалы, алма, тағы басқа жемістерін тиеп алған ауыл адамдары әкеме алғыстарын айтып, құдды тойдан қайтып бара жатқандай мәз-мейрам боп тарайтын.

Менің әкем алғанына емес, біреуге бергеніне қуанатын адам еді. Ал, күзгі жеміс жинау кезеңі – әкемнің өміріндегі ең бақытты күндері болатын. Мәуе төккен күзгі ағаштар түбінде асығыс-үсігіс жеміс жинап жатқан балаларға мейірлене ұзақ қарап, іштей елжіреп, нұрланып, рухтанып, тіпті көрер көзге кәдімгідей жасарып кететін еді. Маған әкем өзінің бүкіл өмірін, күш-қуатын, қабілетін осы минуттар үшін, яғни адамдардың өзіне риза болған қуанышты жүздерін көру үшін жұмсап жүргендей боп көрінетін.

Бүгін ойлап қарасам, әкем марқұм өзі үшін емес, өзгелер үшін өмір сүрген екен. Соғыстан кейінгі жылдары ауылда ер адамдар саусақпен санарлықтай ғана еді. Мүмкін, содан шығар, әйтеуір ауылда біреудің пеші яки тандыры бұзылып қалса да, есік-терезесі қирап немесе

құдығынан су шықпай жатса да әкемді шақырып әкететін. Өз үйіміздегі қыруар шаруалар басымыздан асып жатса да әкем көмек сұрап келгендерге «жоқ» демейтін. Түн ортасы болса да орнынан тұратын да, әлгі жәрдем сұрап келген адамға ілесіп, үн-түнсіз үйден шығып кете беретін. Мұндайда әкемнің қабақ шытқанын көрген емеспін, сірә. Ең бастысы – әкем өз еңбегі үшін әлгі адамдардан көк тиын алмайтын.

... Бір жолы әкем үйге өте кеш келді. Күйеуі соғыстан қайтпай, жесір қалған бір көп балалы әйел бар еді. Сол үйдің шатырын жөндепті. Дәл осы күні көрші ауылда тұрған ағам мен жеңгем қонаққа келген еді. Ағам сол жолы әкемізге зіл тастап сөйледі:

– Өз шатырымыздан су сорғалап тұрғанда өзгенің шатырын жамап-жасқап жүргеніңіз қалай? – деді. Әкем оған ренжіген жоқ. Қайта қарқылдап бір күліп алды да, ағамның әлгі сұрағына сұрақпен жауап берді:

– Әрқайсымыз тек өзіміз үшін ғана тырбанып бақсақ, онда анау өзі үшін жайылып жүрген малдан қандай айырмамыз болмақ?

Ағам түксиген күйінде үн-түнсіз тұрып қалды. Жеңгем «өзіне де сол керек» дегендей маған күлімсірей қарады.

Қазір ойлап қарасам, әкем өз отбасына ғана емес, бүкіл бір ауылға «Мейірімділік» деп аталатын пәннен мықтап дәріс беріп кеткен екен. Құдайға шүкір, бүгінгі қиын-қыстау кезеңнің өзінде ауылдастарым бір-біріне қарасып, жең ұшынан жалғасып келеді. Қартайып қалған көршісінің тозығы жеткен шатырын жөндеп, сынған терезесін салып беретін қайырымды жігіттер ауылда әлі де бар екен.

*Қазір ойлап қарасам,
әкем өз отбасына ғана
емес, бүкіл бір ауылға
«Мейірімділік» деп
аталатын пәннен мықтап
дәріс беріп кеткен екен.*

Ұлым менің!

Әкемнің маған берген тәрбиесін мен саған толық бере алмаған шығармын. Кейде ол кісі маған бала бүркітті баулап жүрген саятшы секілді көрінетін. Мені қасынан тастамайтын. Жеміс ағаштарының жас көшеттерін отырғызып жатса да, қырға шығып шөп шапса да, арық қазып, көпір салып жатса да ұдайы мен әкемнің жанында жүретінмін. Әрине, қызықтау үшін емес. Әкемнің қалай кетпен шауып, қалай орақ орып, қалай балға соғып жатқанын көріп өстім.

Бертін келе әкем маған аса жауапты істерді сеніп тапсырып, өзі басқа шаруалармен айналысып кететін болды. Мұндай кезде «бір нәрсені дұрыс істемей, бүлдіріп аламын ба?» деп іштей қатты қорқушы едім. Талай рет бүлдіріп те қойдым. Бірақ әкем іштей қанша ренжіп тұрса да ашуға тізгін бермейтін. «Өзің бүлдірдің – өзің жөнде» дейтін де, кетіп қалатын.

Кейде әкем күні бойы кетпен шауып әбден шаршап, жеміс ағаш

көлеңкесінде шалқасынан аспанға қарап жатқан сәттерінде бүркіт, қаршыға, қырғи, ителгі хақында қызықты аңыз-хикаялар айтатын. Солардың бірі әлі есімде.

– Бүркіт көп өмір сүреді, – деп бастады әңгімесін әкем. Бірақ ол өзінің ұзақ өмірінде ұяда жатқан әр балапанын небәрі бір рет қана ұшырып үйретеді. Енді ғана темір қанат болып келе жатқан балапанын бүркіт тістеп алған күйінде көз жетпес биік аспан тұңғиығына самғап ұшып шығады да, кенет аузындағы балапанын төмен қарата лақтырып жібереді. Әлі бір рет те қанат жазып, ұшып көрмеген өз балапанын аямайды екен-ау деп қаласың. Бірақ қас-қағым сәтте әлсіз қанаттарын ашуға шамасы келмей, жерге қарай құлдырап бара жатқан балапаны соңынан ана бүркіт құйындай ағып келеді. Егер балапан жерге жақындағанша қанатын аша алмаса, онда ана бүркіт шүйіліп кеп оны қағып алады да, қайтадан биік шың басындағы өз ұясына апарып қояды. Бірақ ана қыран шексіз аспан әлемінде өз күш-қуатымен бірден самғап кете алмаған темір қанат балапанына қайта мойын бұрып қарамайды екен.

Енді әлгі балапан өзінің жер бауырлап жүретін жылан емес, аспан әлемінде құйындап ұшатын қыран екенін тек өз қайратымен, ерік-жігерімен ғана дәлелдей алады. Егер оған рухы жетпей қалса, онда қайырымсыз қанаттарына қарғыс айтып, үн-түнсіз мына жарық дүниемен мәңгілікке қоштасады екен, – деп бітірді әңгімесін әкем.

Иә, қыран құстар хақындағы бұл аңызды әкем маған текке айтып отырмағанын ішім бірден сезді. Бұнда бір гәп²⁹ бар деп түйдім. Ақыры әкемнің астарлап меңзеген³⁰ ойын ұқтым. Ол маған: «Өмір сүргің келсе – өз бетіңмен тіршілік етуді қазірден бастап үйрен. Өмір аспанында өз қанатымен ұша алатын қыран екенінді балапан кезінде көрсет. Мен сені сақалың шыққанша сүйрей бермеймін. Жетелеген ит ауға жарамайды. Өз әрекетінді өзің жаса», – деп отыр.

Міне, содан бері арада талай жылдар өтті. Мен қыран боп өз күшіммен көкке самғап шықтым ба, жоқ па? Оны басқалар айта жатар. Бірақ мәңгі-бақи аспанға ұша алмай, темір қанат күйімде қалып қоймау үшін барымды салып, жан аямай әрекет жасап келе жатқаным даусыз. Ешкім ешқашан қолтығымнан демеген емес. Өз биігіме өзім ұшып шықтым. Саған да соны тілер едім, ұлым.

- *Автор өзінің әкесін неліктен шамишыраққа ұқсатады?*
- *Автордың «Қазір ойлап қарасам, әкем өз отбасына ғана емес, бүкіл бір ауылға «Мейірімділік» деп аталатын пәннен мықтап дәріс беріп кеткен екен» деген сөздерінен не ұқтыңыз?*
- *Автордың әкесінің бойынан қандай қасиеттерді байқадыңыз?*

²⁹ Бір нәрсенің сыры, мәні.

³⁰ Нұсқау, көрсету, сілтеу.

- Әкесі неліктен әрқашан айналасына көмек көрсетуге дайын болды?
- «Өмір аспанында өз қанатымен ұша алатын қыран екеніңді балапан кезіңде көрсет» деген тұжырымға өз өміріңізден мысал келтіре аласыз ба? Алған асуларыңыз, шыққан биігіңіз қандай? Қалай жеттіңіз? Кімге (неге) сүйендіңіз?
- Қыран құс туралы аңыздан өзіңіз қандай ой түйдіңіз?
- Адам мақсатына қол жеткізуі үшін не істеуі керек?
- Сіз ата-анаңызға қалай көмектесесіз? Нақты мысал келтіріп, сыныптастарыңызбен ойыңызды бөлісіңіз.



1-тапсырма. Әзірбайжан ақыны Низами Гәнжауи және қазақ ақыны Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерінен үзіндіні оқып шығыңыздар. Ақындардың өскелең ұрпаққа өсиеті не туралы? Екі өлеңге де ортақ идея қандай? Өз пікіріңізді сыныптастарыңызға жеткізіп, ортаға салыңыз.

Ұлыма өсиет

Низами Гәнжауи

Ұланым! Даналардың ұқ ақылын,
Мектебің ғой сол ақыл, сара ғылым.
Білім ғана шын досың, сүйенішің,
Қиындықты шешушің, сүйер күшің.

Білімі мол алады қолмен епті,
Шыңнан лағыл³¹, теңізден меруертті.
Ақыл мен жан дем алып бір санадан,
Жеңеді, мәңгі тірі ақыл мен жан.

Қарағым

Мағжан Жұмабаев

Қарағым, оқу оқы, босқа жүрме!
Ойынға, құр қаларсың, көңіл бөлме.
Оқымай, ойын қуған балаларға
Жолама, шақырса да, қасына ерме!

Кідірме, аялдама, алға ұмтыл,
Алам деп көктен жұлдыз, қолың серме.
«Қарманған қарап қалмас» деген рас,
Тоқтамай істер болсаң батып терге.

³¹ Қызыл түсті асыл тас.

2-тапсырма. Тәмсілді оқып, сұрақтар бойынша жұмыс жасаңыздар.

Ары қарай не болады?

(Тәмсіл)

Жас жігіт қуана келіп әкесіне:

– Әке, менімен бірге қуан. Мен университетке түстім. Заңгер боламын! Бақытымды таптым-ау!

– Өте жақсы, ұлым, – деді әкесі, – сен енді көп оқитын боласың. Ары қарай не болады?

– Төрт жылдан соң университетті аяқтап, үздік диплом аламын.

– Одан ары қарай не болады?

– Содан соң мен бар күшімді жұмсап еңбек етемін, қорғаушы болып жұмыс жасаймын.

– Содан соң ше?

– Одан соң үйленемін, отбасын құрамын, балаларымды тәрбиелеймін, оларға білім беремін және жақсы мамандық таңдауына көмек беремін.

– Содан соң?

– Жетістіктерге қол жеткізіп, зейнетке шығамын – балаларымның бақытына қуанып, тыныш өмір сүремін.

– Ары қарай не болады?

– Содан соң ба? – деп жас жігіт бір сәт ойланып қалады. – Иә, бұл өмірде ешкім мәңгі емес. Сондықтан барлық адамдар сияқты мен де өмірден өтермін.

– Содан соң не болады? – деп сұрады дірілге толы даусымен әкесі. – Қарағым, ұлым, содан соң не болады?

Ұлы ойланып барып, сенімсіздеу жауап берді:

– Әке, рахмет саған. Мен бәрін түсіндім. Мен ең бастыны ұмытқан екенмін...

- *Баласы нені ұмытты деп ойлайсыз?*
- *Бұл сұраққа өзіңіз қалай жауап берер едіңіз?*
- *Тәмсілден қандай ой түйдіңіз?*

3-тапсырма. Төменде берілген қанатты сөздермен танысып, бүгінгі күні сіз үшін қайсысы өзекті екендігін айтыңыз. Ойыңызды нақты мысалмен дәйектеңіз.

- Сен адамның ізгілікті қасиетін бағала,
Жақсы киім, жалған жүзді жүрісіне қарама. *Насыр Хұсырау*
- Ұлым, босаға қанша биік болса да – табалдырықтан еңкейіп,
басыңды иіп атта. *Халық даналығы*
- Сүйер ұлың болса, сен сүй,
Сүйінерге жарар ол. *Абай*

- Жігіт қадірі өнерімен өлшенер болар. *Мұхтар Әуезов*
- Ата – кәрі тәжірибе, бұрнағы күн. Әке – кеше мен бүгін. Бала – бүгін мен ертеңгі күн. Немере – қалыс. Тіршілік еш нәрсені ұмытпаған. *Ғабит Мүсірепов*
- Біз өз отбасымызға өзіміз қонақ екенімізді ұмытуға әсте болмайды. *Халық даналығы*
- Әке даңқын асырғың келсе, әкеден асып кетуге асық. *Халық даналығы*
- Ата-анасын налытқан³², кім екендігін танытқан. *Халық даналығы*
- Ұл мен қыздың шын еркіндігі тыңдай білер балалардан шығады. *Василий Сухомлинский*



Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіздер.

Бақ туралы аңыз

Ғалым Бақыткерейұлы

Ертеде бір бай өзінің ержетіп келе жатқан ерке ұлын еңбекке баулып, оған қажетті тәлім-тәрбие беру мақсатында оны бір мезгіл өз иелігіндегі бау-бақшаға жіберіп тұруды ұйғарыпты. Содан байдың баласы жемістері төгілген ағаштары, сылдырай аққан мөлдір бұлақтары, тамылжыта сайраған құстары мен алаңсыз жайылған жан-жануарлары бар осынау әсем бақта өз бетімен қала бастапты.

Жемістерден қалауынша үзіп жеп, бұлақтан қанғанынша су ішіп, ұйқысын әбден қандырып алған соң ол зерігіп ермек іздей бастаған екен. Содан қызық үшін аң-құстарды үркітіп, олардың қашқанына елігіп, қиқулап тас ата қуған бала бейбіт жатқан осынау бақтың астан-кестенін шығарыпты. Мұнымен қоймай күннен-күнге бұзықтықтардың неше түрін ойлап тауып бетімен кеткен ол кеш батқанша бау-баққа біраз бүліншілік³³ істеп үлгеріпті.

Осылайша бұл бала әр келген сайын бақты ойрандап³⁴, аздырумен болыпты. Соның нәтижесінде уақыт өте келе осынау әсем бақ ағаштары құрап, бұлақтары бітелген, аң-құстары үркіп бет-беттеріне безіп кеткен өлі баққа айналыпты. Ендігі жерде байдың баласына да бұрынғыдай көңіл көтеріп, асыр салып ойнамақ түгел, тамағын тауып жеудің өзі қиынға айнала бастапты. Бейнеті басынан аса бастағаны соншалықты, кейбір кездерде мұндай тірліктен қатты қажып, түңіліп кететін жігіт өзінің осынау бағынан қашып үйге қайтып оралуды ойлайды екен.

Содан сүреңсіз³⁵ бақтан әбден запы³⁶ болған байғұс жігіт бір күні әкесінің аяғына жығылыпты да «Әке, сол қараң қалған бақта мен не

³² Ренжіту.

³³ Тыныштықты кетірген дау-жанжал.

³⁴ Сындыру.

³⁵ Сұры қашқан, сиықсыз.

³⁶ Жалығу, шаршау.

жоғалтып едім, неге маған үйде болуға рұқсат бермейсің?» – деп өксіп тұрып жылапты. Сонда әкесі оған ренішпен «Әй, балам-ай! Қалай түсінбей жүрсің? Сол «қараң қалған» бақта сен өзіңді жоғалтқан жоқсың ба? Мен де сонда өз ұлымды жоғалтқан болатынмын. Енді сол бақ қайта қалпына келмейінше сенің де менің балам ретінде үйде қалуға құқығың жоқ!» – депті. Сонда ғана өз кінәсін түсіне бастаған жігіт тәубеге келіпті де, өз қолымен аздырған бағын өз қолымен қайта қалпына келтіруге бекініпті.

Сонда ғана өз кінәсін түсіне бастаған жігіт тәубеге келіпті де, өз қолымен аздырған бағын өз қолымен қайта қалпына келтіруге бекініпті.

Содан ол баққа әр келген сайын бел жазбай еңбек етіп, бұлақтардың көзін ашып, жылғаларын тазартыпты, ағаштарды баптап, жаңадан жас шыбықтар отырғызыпты. Бірте-бірте шырайы кіріп құлпыра бастаған бау-баққа аңдар мен құстар да қайтып оралып, сәніне ән қосып шаттыққа толтырыпты. Бейбіт еңбек етіп өздеріне жағдай жасап жатқан жігітке де бойлары үйрене бастаған олар, оған іш тартып, үйірсектей бастапты.

Содан баласының үйге бұрынғыдай бірде жабырқау, бірде ызалы қайтпай, шаршаңқы болса да ақжарқын кейіпте қуана оралып жүргенін байқап жүрген бай бір күні баққа өзі барып оның себебін білмек болыпты. Баққа еніп, оның бұрынғыдан да бетер құлпырып кеткенін көріп, риза болып келе жатқан бай бір алма ағашының саясында демалып отырған баласын байқапты. Жұмыстан шаршап, бұлақ басында салқындап отырған жігіттің төбесінде бұлбұл сайрап, алдында ақ тиін ойнап, көздері мөлдіреген сүп-сүйкімді еліктің лағы оның бетін жалап еркелеп тұр екен.

- *Мәтінді оқығанда қандай ой түйдіңіз?*
- *Жігіттің әкесі: «Әй, балам-ай! ... Сол «қараң қалған» бақта сен өзіңді жоғалтқан жоқсың ба? Мен де сонда өз ұлымды жоғалтқан болатынмын», – дегенде не айтқысы келді деп ойлайсыз?*
- *Байдың өз баласына қатысты әрекетін қалай бағалар едіңіз?*
- *Жігіт неліктен бел шешіп жұмыс істей бастады?*
- *Ол алдына нақты мақсат қойды деп ойлайсыз ба? Неліктен?*
- *Жігіт қандай қасиеттері арқылы мақсатына жетіп, өзі аздырған бақты қалпына келтірді? Жауабыңызды дәйектеп жеткізіңіз.*
- *Аңыздан өзіңіз қандай сабақ алдыңыз?*
- *Өзіңіз алдыңызға қойған мақсатқа жету үшін қандай әрекет жасайсыз?*



4-тапсырма. Тәжік-парсы ақыны, философ Насыр Хұсыраудың өлеңінен үзіндіні оқыңыздар. Ақынның өсиетін қалай түсінгеніңізді өз сөзіңізбен жеткізіңіз.

Адамгершілік

Насыр Хұсырау

Бар өмірің адамзатқа қуаныш боп тарасын,
Жүзімдейін тәтті болып, билеп ал сен санасын.
Сенде егерде мұншалықты үлкен жүрек болмаса,
Майшамдай-ақ жарық төк те зәбір берме жанға аса.

Адамдарды ісіңмен де, сөзіңмен де жүдетпе,
Елді тыңда мейіріммен, салмақ салма жүрекке!
Дерті барды айықтыр да! Қайғылыны жұбат сен!
Жердегі өмір қатыгез ғой теңестірсе тозақпен!

Буырқанған жассың ғой сен, жыртқыштарды үйрет сен,
Ата-ананды әрқашанда қуанышпен билет сен.
Анамыздың бізді аялап өсіргенін ұмытпа,
Әкеміздің тәрбиесін салма әсте құлыпқа.

Содан да сен өзің жасар бейқамдықтан алшақ бол
Қартайғанда жүрегіңе у боп тұнар жаңсақ жол.
Көп ұзамай өзіңді де жаулап алар кәрілік,
Бұл киелі заңдылықты ұстама сен әрі ғып.
Өмір кеш сен бар жан үшін өзіңді әсте ойлама,,
Сенің жаның жарқырайды алғыс алып қайда да.



Ұлы Абайдың төмендегі өлең жолдарын тақырып етіп алып, топта пікір алысу ұйымдастырыңыздар.

Тамағы тоқтық,
Жұмысы жоқтық,
Аздырар адам баласын.



Әрбір отбасы мүшесінің өз құқы мен міндеттері бар, оны байыппен, қалтқысыз орындау отбасын бақытты етеді. Отбасында балалардың ең бірінші міндеті – ата-аналарын құрметтеу. Сондықтан ата-ана алдындағы перзенттік міндеттерді, борышты орындау өте маңызды. Үлкендерді құрметтеу дәстүрінің тамыры тереңде жатыр.

Отбасында ата-әжеге, әке-шешеге, бауырларға риясыз, адал қызмет етуіміз – бұл отбасылық өмірдің іргетасы, ондағы бақыт пен бірліктің, отбасы өркендеуінің негізі болмақ. Сол себепті әр қайсысымыздың ең жоғарғы борышымыз бен міндетіміз – өз ата-аналарымызға, отбасы мүшелеріне адал қызмет ету.



Әке туралы жыр

*Сөзі Мұхтар Шахановтікі
Әнін Нұрғиса Тілендиевтікі*

Жас едім өмірге еркін бойламаған,
Күні ертең не боларын ойламаған.
Шарықтап кетсем-дағы қанат қағып,
Өзіңдей қамқор әке қайда маған.

Сүрінсем сынай қарап от жанарың,
Сен мені жақтамадың, ақтамадың.
Әрдайым осы қатал мінезіңнен,
Күш алып мақсатыма аттанамын.

Жан әке, шертіп сезім домбырасын,
Кеудемді қуанышқа толтырасың.
Арманның асқарына құлаш ұрсам,
Алдымда асқар тау боп сен тұрасың.

Бұл күнде мен де өзеннің арнасымын,
Кім мөлдір болса соның жолдасымын.
Қуан сен, қуана бер, әкетайым,
Мен сенің өміріңнің жалғасымын.

21-22 КӨШБАСШЫ БОЛУ



Ел көшін бастау – маған сын, мені қостау – елге сын.

Нұрсұлтан Назарбаев

• Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңыздар.



Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіздер.

Ол – туған халқының кемеңгері

Нұрмұханбет Дияров

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, белгілі филолог-ғалым Мырзатай Жолдасбеков – Тәуелсіз еліміздің туын көтерісіп, сол бір күрделі кезеңдерде Елбасымыздың сенімді серіктерінің бірі болған, оң жағынан табылған тұлға. Ол «Ел тағдыры – ер тағдыры», «Сөзді ұғатын кез келді», «Күндерімнің куәсі», тағы да басқа еңбектерінде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көшбасшылық, қайраткерлік, адами келбетін бейнелейді.

– Ал шын мәніне келсек, Нұрсұлтан Әбішұлы туралы көбірек білетін адамдар санаулы. Соның бірі өзіңіз екендігіне тіпті де күмән жоқ. Сондықтан әңгімені ол кісіні алғашқы көрген сәтіңізден бастасаңыз.

– Болашақ Президентті алғаш рет 1957 жылы көрдім. Қаскелеңдегі Абай атындағы қазақ орта мектебінде педагогикалық практикадан өткенімде Нұрсұлтан оныншы кластың оқушысы еді. Жүзі жайнап, екі көзі оттай жанып, жарқ-жұрқ етіп, ай маңдайы жарқырап, бәйге атындай тыпыршып отыратын. Ішіне сыймай жүрген бір құдірет бардай көрінетін. Қажырлы, еңселі болатын. Тұрғыластарының арасынан иығы озық тұратын. Намысшыл болатын. Момынға болысып, жұртқа көмектесіп жүретін.

«Болат кездік³⁷ қын түбінде жатпайды» дегендей, ол жастайынан қынаптан суырылған қылышқа ұқсады, әуел бастан-ақ мұзжарғыш кемедей қай ортаға барса да сыйып, сіңіп жүре берді.

Орта мектепті үздік бітірді. Бала жастан елгезек болып өсті. Ерте тұрды, кеш жатты. Отбасының ауыртпалығын әке-шешесімен бірге көтерісті. Жатпай-тұрмай ата-анасына қолғабыс тигізді.

Асылы, ықылым³⁸ заманнан бері қоғамдық өмірде қалыптасқан белгілі бір құбылыс – кесек, біртуар тұлғалардың жаратылысы

³⁷ Пышақ.

³⁸ Ескі.

ерекше болып, көпшілік ортада Құдай берген қадір-қасиетімен бала кезден танылатындығы. Сөйтіп, жасынан көзге ілігіп, қай істе де мақсаткерлік мінез-болмысымен дараланып, шоқтығы биік тұратындығы.

«... Мен өз халқымның жолында басымды бәйгеге тіккен адаммын».
Нұрсұлтан Назарбаев

Өзі қатарлы балалар ауылын қимай жүргенде Қаскелеңге тиіп тұрған әсем Алматыға емес, ол кезде жер түбіндей көрінетін Арқадағы Қарағандыға, оның да өзіне емес, жанындағы ол кезде атын біреу естіп, біреу естімеген Теміртау қаласына, онда да оқуға емес, жұмысқа тартып кеткенін, кейіннен өзге де қазақстандық жастармен Днепродзержинскіге аттанғанын, келгеннен кейін Қазақстан Магниткасының маңдайалды металлургі атанғанын да, сонда жүріп көзге түсіп, әуелі комбинаттың, одан қаланың, одан облыстың басшылығында болғанын да, қылшылдаған қырықтағы жасына жаңа жеткенде республикалық деңгейдегі лауазымды қызметке – Орталық Комитеттің хатшылығына шақырылғанын да, мұнан соң көп ұзамай сол кезде Кеңес Одағындағы ең жас Министрлер Кеңесінің Төрағасы болып бекітілгенін де бүгінде халық жақсы біледі.

– Бүгінде тәуелсіздігімізді нығайтып, алыс-жақынға танылып, тіпті бірсыпыра жерлерде мойындатып, біраз ілгері бастық. Ал кешегі бір қиын күндерде, яғни өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарындағы тұсқа қайта бір оралайықшы. Сол кездегі Президент, сіздің көзіңізбен қарағанда, қандай қиындықтарды бастан кешті және елді адастырмас тура жолды қалай тапты?

– Тәуелділіктен арылып, тәуелсіздікпен қауышқан тұста, ызықы кезеңде мен Нұрсұлтан Назарбаевтың елді апатқа ұшыратып алмай, аман алып шығудың айла-әрекеттерін іздеп шарқ ұрған, елі үшін төсегінен түңіліп, түн ұйқысын төрт бөлген мазасыз күндерінің, ұйқысыз түндерінің куәсі болған, жан тебіренісін де, күйзелісін де көрген адаммын. Жан-жақтан анталаған кезеңде жанында болған, ерлігін, қайсарлығын, тәуекелшілдігін көзіммен көрген, елі үшін атқарған ерен еңбектерінің куәсі болған адаммын. Шамам келгенше қолғабыс тигізген нөкерлерінің³⁹ бірімін.

Тәуелсіздіктің қиын да күрделі жылдары бес жыл бойы күні-түні қасында болып, тереңдігін, кемелдігін көрдім. Елім дегенде ен дүниеге сыймай талай тебіренгенін, талай ұйқысыз түндер мен тынымсыз күндерді басынан кешіргенін көзіммен көріп, жүрегіммен сездім. Арпалысқан, аласапыран кезеңде үйреніскен қалыпты жүйенің астан-кестені шығып жатқан, алда не боларын білмей жұрт сасқалақтаған

³⁹ Серік.

уақытта ол именбей қол бастады, тар кезеңнен жол тапты. Алаштың аманатын мойнымен көтерді. Азаттыққа қолымызды жеткізіп, мәртебемізді асқақтатты.

Сын сағатында, алмағайып заманда екі өмір, екі дүние, екі дәуір арпалысқа түскен шақта Назарбаев осындай қадамға барды. Керек десеңіз, бәйгеге басын да тікті. Ештеңеден, ешкімнен қаймыққан жоқ. Қалай барды? Неге сенді? Кімге сенді? Бұл арасы ол кезде тек оның өзіне ғана мәлім еді.

Ес жиып, етек жапқан кезде ол туралы Нұрсұлтан Назарбаевтың: мен халқымның тәуекеліне сендім деп жазғаны да, «...Мен өз халқымның жолында басымды бәйгеге тіккен адаммын. Маған ары үшін жанын садаға ететін осындай текті халыққа, мені ұлым деп, перзентім деп төбесіне көтерген халыққа, арғы-бергідегі қазақ баласының бірде-бірінің пешенесіне⁴⁰ бұйырмаған бақыты толыққанды, тәуелсіз мемлекет құрудың басында болу бақытын бұйыртқан халыққа қызмет етуден артық ештеңенің керегі жоқ, осы жолда мен бойымдағы бар қайрат-қабілетімді, білім-білігімді аямай жұмсаймын, қандай да тәуекелге барамын...» – деп ағынан жарылғаны да жадымызда. Қандай да бір шешім қабылдағанда да, нендей бір істі бастағанда да Елбасы осылай, үнемі халыққа сеніп, халқына арқа сүйеп келеді. Президентті қолтығынан демеген де, демейтін де, қолдаған да, қолдайтын да өзінің туған халқы.

Осының бәрі айтуға ғана жеңіл. Әйтпесе тар кезеңде азаматқа елдің тілегін жүзеге асыратын жүрек керек еді. Білек те керек еді, қолдайтын тілек те керек еді. Риясыз жүрек те, тілек те болды. Алла не берсе де оңынан берді. Соның арқасында біз басымыздан кешпеген өмірді кешіп отырмыз, жүріп өтпеген жолға түсіп отырмыз. Назарбаевты қазақтың пешенесіне берген, халық үшін туған ұлы перзенті дейтініміз сондықтан.

– Жалпы жұртшылықтың бәрі тереңдеп біле бермейтін, әп дегеннен ұғына алмайтын жайттары болады. Әр кезеңдерде Елбасы ұстанған саясат туралы айтып берсеңіз.

– Елбасы саясатының алтын арқауы, басты өзегі – ел бірлігін сақтау. Мемлекет рәміздерінен бірде-бір кем ұстамайтыны, қайта-қайта аузынан тастамайтыны – елдің ынтымағы мен бірлігі. Билікті қолына алған сәттен бастап осыны саясатының туы етіп ұстап келеді.

Бізге ең алдымен ынтымақ, бірлік, елдің тыныштығы керек еді. Ырың-жырыңға жол бермеу керек еді. Бұдан басқа жол жоқ еді. Бабаларымыз бізге мирас етіп кеткен сол жолдан Елбасы ешқашан тайған емес. Небір тар жол, тайғақ кешуден де, неше түрлі сыннан да, тозақтың отынан да, қияметтің қыл көпірінен де бірлік пен ынтымақтың арқасында аман өтті.

⁴⁰ Тағдыр.

Одақ тарағаннан кейін бұрынғы одақтас республикалардың барлығы дерлік дағдарысты басынан кешіргені есімізде. Қалыптасқан колхоз-совхоздар ыдырады, зауыт-фабрикалар күйреді, балабақшалар, мектептер, мәдениет ошақтары талан-таражға түсті, экономика құлдырады, ел күйзеліске ұшырады; жұртты үрей биледі, мұның аяғы не болады деп пұшайман⁴¹ болды. Қайтіп ел боламыз деп сергелдеңге түсті. Неше түрлі арандатушылар пайда болып, әбіржітті, ел ішіне іріткі салды.

Сол бір алмағайып⁴² кезеңде Елбасы халықтың ортасынан шыққан нағыз интеллектуал екендігін, саясатта салқынқандылық, төзімділік керек екендігін шебер дәлелдеді. Кемеңгерлікке тән мінез танытты.

Президент Назарбаев – мемлекеттігімізді орнатып, оны қалыптастырып, экономикасын реформалау арқылы өзін де, елін де әлемге мойындатқан заманның аса дарынды тұлғасы. Елбасының аз ғана жылдарда адам айтса нанғысыз атқарған қыруар істері болашақ ұрпаққа аңыз болып жететіні сөзсіз. Аумалы-төкпелі, алмағайып заманда мың өліп, мың тірілген қазақтың, үш ғасыр бодан⁴³ болған елдің тізгінін Нұрекендей азаматтың ұстауы Алланың халыққа берген сыйы еді. Қазақ халқы сан мың жылдар іздеген мұратына да, арманына да Нұрсұлтан Назарбаевтың тұсында жетті. Осы жылдарда біз Президентіміздің жарқылдаған келбетін, биік болмысын, кемел дарынын, ел басшысы ретіндегі көсем қасиеттерін айқын таныдық.

Нұрсұлтан Назарбаев – ұлттық дәстүрде тәрбиеленген, халқының бар қадір-қасиетін бойына жиған, тілін, тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін жетік білетін, ұлтын жан-тәнімен сүйетін, оның мәртебесін өсіріп келе жатқан, халқының үмітін, сенімін ақтап келе жатқан ұлтжанды Азаматы; қалың елдің жанашыры; мұндасы, тағдырласы; қорыққанға қорған, тарыққанға пана, зарыққанға сана бола білген өз елінің шын перзенті; алдағыны болжай білетін, ертеңгісін де оза ойлай білетін көсемі; елінің жүгін көтеріп келе жатқан қара нары; халықаралық қауымдастыққа кеңінен танылған, өркениетті елдердің басшыларымен терезесі тең, сөйлескенде сөзі асатын, егескенде еңсесін басатын, елдескенде мейірімін шашатын аузы уәлі, сөзі дуалы саясаткері.

Шынтуайтына келгенде, Нұрсұлтан Назарбаев – тарих толғатып туған ғасырдың тұлғасы, елінің жанын ұғатын, халқын замана көпірінен аман өткізіп келе жатқан қамқоршы; еліміздің дарынды ұйымдастырушысы, көреген басшысы, нарықтық экономиканың терең білгірі, аңқылдаған ақкөңіл; кекшіл емес, текшіл; жікшіл емес, көпшіл; жұртты сендіре де, иландыра да алатын, өз елім – менің өзегім дейтін Азамат.

⁴¹ Бейшара, сорлы.

⁴² Қиын.

⁴³ Тәуелді.

Нұрсұлтан Назарбаев – адамзат тарихын терең білетін, замана ағымын жіті ойлайтын, әлемнің озық тәжірибесін ұтымды пайдаланып, ата-бабадан қалған асыл өнегені әдемі ұштастырып келе жатқан стратег, тәуелсіздік заманының бірнеше ұрпағын өсіріп келе жатқан тәлімгер.

– Президенттің көпшілік біле бермейтін тағы қандай қырларын айтар едіңіз?

– Бұл сауалыңызға байланысты мынаны айтайын. Біз абзалы, Елбасымыз туралы өзіміз айта бермей, сырт көздің де пікіріне құлақ түріп көрелікші. Мәселен, Ұлыбританияның саясаткері Джонатан Айткен «Назарбаев туралы кітап жазуға не себеп болды?» деген тілші сауалына: «Дүниедегі саяси лидерлер маңайына ауа райын жасай біледі. Маңайына жарқыраған шуақ шашсын, я болмаса нөсер әкелсін, әйтеуір өзінше ауа райын туғызған лидерлер тегін болмайды. Олар туралы жазу да, оқу да қызық. Мен айтсам: өзінің саяси өмірін Кеннеди мен Хрущевтан бастап, осы күнгі Обама мен Медведевпен бір бойлықта қажыр-қайрат танытып жүрген жампоздар⁴⁴ некен-саяқ. Өмір баспалдағы өнеге баспалдағына айналған адам ретінде Назарбаев оқырманды қатты қызықтырады» деп жауап береді. Иланбасқа шараңыз жоқ.

Сауд Арабиясына барған жылы ол жерде үш ай бойы ылғал тамбаған екен. Нұрекең қасиетті Қағбаға кірерде жаңбыр құйып, шыққанда аспан шайдай ашылыпты. Бұған таңғалған король Фейсаль:

– Сіз тегін адам емес екенсіз, Алладан не тіледіңіз? – деп сұрапты.

– Қазағымды, елімді аман қыл деп тіледім, – деген екен Елбасымыз.

Көк түріктің кіндігінен жаралғандардың ішінен озып туғаны да, түрік тектес халықтардың лидері де – Нұрсұлтан Назарбаев. Түркияның Премьер-министрі Тайып Ердоғанның Назарбаевты түрік әлемінің лидері дегені – сол мойындаудың келісті көрінісі.

Аты әлемге мәшһүр қаламгер Шыңғыс аға Айтматов: «Ойпырмау, бұл кісі данышпан екен ғой. Зауыт салуға болар қазір, фабрика салуға болар, өндірісті дамытуға болар, бірақ мынадай қиын заманда университет салып, рухын еліне оралтып отырған мынау шын мәнінде түріктің түнегін ашқан данышпан ғой. Мен өмірімде, соңғы кезімде көрмеген рахатымды көріп келдім. Нұрекеңмен сөйлескенде үлкен бір байтақ дарияда жүзгендей болып келдім», - дегенде төбем көкке екі елі жетпей қалды.

Нұрсұлтан Назарбаев – әлем мойындаған, жаһанға атағы жеткен, жер жаһанға сөзі өтіп, айтқанын істетіп отырған бүгінгі заманның лидері; тумысынан кие дарыған қайраткер; табанды күрескер; гуманист, туған халқының Бәйтерегі, Көсемі, Кемеңгері. Елінің аманатын арқалаған тірегі, алтын дінгегі.

Міне, менің шын жүрегімнен шыққан сөзімнің түйіні осы!

⁴⁴ Алғыр адам.

- Автордың «Болат кездік қын түбінде жатпайды» дегендей, ол жастайынан қынаптан суырылған қылышқа ұқсады, әуел бастан-ақ мұзжарғыш кемедей қай ортаға барса да сыйып, сіңіп жүре берді» деген сөздерін қалай түсіндіңіз?
- Елбасының «...Мен өз халқымның жолында басымды бәйгеге тіккен адаммын...» дегенде не айтқысы келді деп ойлайсыз? Нақты мысал келтіріңіз.
- «Президентті қолтығынан деген де, демейтін де, қолдаған да, қолдайтын да өзінің туған халқы» деген жолдардан халықтың қандай қасиеттерін байқауға болады?
- Жүсіп Баласағұнидің «Ел-жұртты басқаратын адам – ақыл-парасаты ұшан-теңіз, ниеті түзу, сөзі шырын, білім мен өнерге жетік, қолы ашық, пейілі кең, жүзі жарқын, ешкімге кек сақтамайтын жан болуы шарт» деген тұжырымын оқылған мәтін мазмұнымен байланыстырып, жауабыңызды дәйектеп айтыңыз.
- Сіздің ойыңызша, көшбасшының бойында қандай қасиеттер болуы керек? Нақты мысал келтіріп, өз пікіріңізді дәлелдеңіз.
- Тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттері мен оның көшбасшы болу қабілеті арасында байланыс бар ма? Сіздің ойыңыз қандай?
- Өз өміріңізге қатты әсер еткен адам болды ма? Неліктен, қалай, қандай жағдайда?



1-тапсырма. Төменде берілген канатты сөздерді зер сала оқып, көшбасшының жеке адам, қоғам және мемлекет, сондай-ақ адамзат тарихындағы рөлі мен орны туралы ой-тұжырымдарыңызбен бөлісіңіздер.

- Басшы болу, өзінің соңынан басқаларды ерту кез-келген адамның қолынан келе бермейді, ол үшін ерекше қасиеттер керек. *әл-Фараби*
- Көшбасшы ердің төрт құбыласы тең болсын, елде – кісі, сыртта – бүтін ел болсын! *Жүсіп Баласағұни*
- Көшбасшы болу шеберлігін үйрету мүмкін емес, оған адамның тек өзі ғана үйрене алады. *Гарольд Дженин*
- Ханда қадір болмаса, қарада ұят болмайды. *Қожа Ахмет Иассауи*
- Егер билік ақылды адамның қолына берілген болса – онда ақылды басшыға, ал егер ақымаққа берілген болса – онда есерсоққа айналады. *Бауыржан Момышұлы*
- Өзіңіздің адамдарыңызды, өзіңіздің қазіргі қызметіңізден де қатты жақсы көруіңіз керек. *Джон Максвелл*
- Жеңімпаздың басымдығы ұстанымда жатыр. Ұстаным – жетістіктің белгісі. *Деннис Уайтли*

- Үлкен сәтсіздікті жеңіп шыққан мықты адамдар ғана үлкен жетістікке жетеді. *Роберт Кеннеди*

2-тапсырма. Сөзтізбектегі сөздердің орнын дұрыс тапсаңыздар, американдық кәсіпкер, ірі болат өндіруші, мультимиллионер және филантроп Эндрю Карнегидің қанатты сөзін оқуға болады.

Барлығын	алмайды	барлық	,	бола	атына	келетін	адам
өзі	көшбасшы	алғысы	өзінің	істеп	еңбектің	жемісін	.

3-тапсырма. Төмендегі тізімді екі бағанға бөліп, бір бағанға басқарушының іс-әрекетіне тән нәрсені, ал екінші бағанға шынайы көшбасшының іс-әрекетіне тән нәрсені жазыңыздар. Өз таңдауларыңызды нақты мысалдармен дәйектеп, түсіндіріңіздер.

Басқарушы	Көшбасшы

- | | |
|---|--|
| 1. Әкім. | 14. Қадағалайды. |
| 2. Жаңашыл. | 15. Кәсіби. |
| 3. Рухтандырады. | 16. Энтузиаст. |
| 4. Жүктейді. | 17. Істі дұрыс атқарады. |
| 5. Өз мақсаттары бойынша жұмыс істейді. | 18. Шешімдерді шындыққа айналдырады. |
| 6. Өзгелердің мақсаттары бойынша жұмыс істейді. | 19. Шешімдер қабылдайды. |
| 7. Дәлелдемелерді пайдаланады. | 20. Дұрыс істі атқарады. |
| 8. Өзінің жеке тәжірибесін қолданады. | 21. Сыйлы. |
| 9. Идеалдары іс-әрекетке бастайды. | 22. Ұнамды, құрметті. |
| 10. Шамдануы іс-әрекетке бастайды. | 23. Көру, елестету – іс-әрекет негізі. |
| 11. Жеке басының мүдделері бар. | 24. Жоспар – іс-әрекет негізі. |
| 12. Риясыз. | 25. Жүйені арқа тұтады. |
| 13. Сенеді. | 26. Адамдарға сенеді. |
| | 27. Қозғалысқа серпін береді. |
| | 28. Қозғалысты қолдайды. |

4-тапсырма. Танымал заманауи көшбасшыларды атап беріңіз. Олардың өмірі мен адами қасиеттері туралы материалдар жинап, ойыңызды дәлелдеңіз.



Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіздер.

Қаныш Сәтбаев жайлы екі әңгіме

Ерлан Төлеутайұлы



Қаныш Сәтбаев мысты Жезқазғанның қазба байлықтарын игеру керектігін айтқанда, талай адам қарсы шыққан. Мәскеуліктер: «Мұндағы қор мардымсыз, оны игеруге су да жоқ. Адам тұруға да қолайсыз», – деген. Бірақ Сәтбаевтың табандылығының арқасында кен орны ашылған.

Мен Сәтбаевтар әулетінің тектілігіне тәнті боламын. Бұл өзі Құдайдың назары түскен сәулелі әулет. Қазаққа бергені көп әулет. Мысалы, Қаныштың ағасы Әлкей

Сәтбаев Семейде педагогикалық училищенің директоры болған. Әлкей Марғұлан, Мұхтар Әуезовтерді алғаш оқытқандардың бірі. Әлкей Сәтбаев Алашордашылардың құрамында болып, сотталған. Бөкеш деген бауырын да бір түнде айдап әкеткен. Қаныш сонда да алған бетінен қайтпай, ғылымға адалдығын танытады.

Қаныштың екінші әйелі Таисия орыс ұлтынан. Ол бастапқыда Жезқазғанда тұрғысы келмепті. Қысы қатты. Жағатын отын жоқ. Пойыз қатынамайды. Таисия мұндай қиындыққа шыдамай, жылайды екен. Сонда Қаныш: «Таисия, бұл аймақта тіршілік әлі-ақ мидай қайнап жатады. Сонда көресің – мен сені пойыздың жұмсақ купесіне мінгізіп қыдыртамын. Осы жерді қимайтын боласың», – дейді екен. Сөйтіп жүргенде жалғыз ұлына суық тиіп, қайтыс болады. Қарсақбайда бір дөкейдің ғана үйінде көмір болыпты. Үсіп бара жатқасын Таисия Қанышты көмір әкелуге жіберіпті де, өзі сыртынан бақылап тұрыпты. Ешкімнің ала жібін аттап көрмеген Қаныш далада жатқан көмірден бір шелегін салып алуға қолы бармайды. Состиып тұрғанын үй иесі байқап қалып, Қанышқа көмірді өзі салып берген екен.

Бірде Қаныш түс көреді. Түсінде өлген әке-шешесінің көзін Қарашаңырақ деген қаршығасы шоқып жеп отыр екен. Сонда бір жағдайдың болғанын сезіпті. Бөкеш ағасынан хат келеді. Онда: «Қарашаңырақ иесіз қалды», – деп құпия сөз жазылыпты. Ол кезде хаттарды тексеретін болған. Асылында, Бөкеш біраз туыстарын алып, Омбыға көшіп кетіпті. Қаныш туған жерінде болып жатқан жайды

көзбен көру үшін машинаға азық-түлік тиеп, ауылына келіпті. Аш-жалаңаш халыққа талғажау болатын азық-түлік үлестіріпті. «Үлкендерді алып кететін жағдайым жоқ, балаларды алып кетейін», – деп, үй-үйді аралап, жүруге жарайтын балаларды машинаға салып алыпты. Өзінің туған әпкесі кезінде атақты бай болған, жайлауға жылқысы сыймаған Шорман әулетінің келіні екен. Ол да аштықтан көз жұмыпты. Әпкесінің көзіндей болып, құр сұлдері қалған екі жиенін көреді. Оларды жол жүруге жарамайды дегенге қарамастан, алып кетеді. Жалпы саны оннан аса шалажансар баланы құрым киіздерге орап, жолай ауыздарына су тамызып отырып, үйіне жеткізіпті. Таисия: «Бұл балаларды қайтеміз, қалай асыраймыз?» – деп үйінде ұрыс-керіс болады. Қаныш бұл балалардан бұрын да аштықта қалған біраз адамды үйіне алып келген екен. Адам кейпін жоғалтып бара жатқан адамдарды көріп Таисия да қажып кеткен ғой. Сонда Таисияның шешесі келіп қызына: «Қызым, қазақ жігітіне тұрмысқа шығарда, оның туыстарының көп болатынын баяғыда ойлауың керек еді. Енді неғып тұрсындар, моншаны жағып, жуындырындар. Қаныш, сен құр тұрма, мата алып кел. Өзіміз киім тігеміз», – депті. Сол балалардың барлығы Қаныштың арқасында аман қалып, оқып-жетілген. Соғысқа қатысқан. Соның бірі – Есіктегі «Алтын адамды» тапқандардың бірі, атақты археолог Кемал Ақышев. Ол Қаныштың аман қалған екі жиенінің біреуі. (*Baq.kz сайтынан*).

- *Мәтіндегі Қаныштың іс-әрекетінен нені аңғаруға болады?*
- *Мәтіннен Қаныштың нағыз көшбасшыға тән азаматтық іс-әрекеттерін тауып, оқып беріңіздер.*
- *Түрлі дерекөздерден Қаныштың Сәтбаевтың адамгершілігі мен азаматтығы туралы ақпараттар жинап, айтып беріңіздер.*
- *Қаныш сияқты өздеріңіз білетін адамдар бар ма? Әңгімелеп беріңіздер.*



5-тапсырма. Режиссер Рүстем Әбдірашевтың «Елбасы жолы» фильмін көріп, төмендегі тапсырмаларды орындаңыздар.

- *Фильмде қандай рухани құндылықтар ашылған?*
- *Сіздің өміріңіздегі мақсатыңыз, жүрек қалауыңыз, таңдауыңыз қандай?*
- *Өз мұратыңыз, арман-мақсатыңызға жетіп, қабілеттеріңізді ашу үшін сізге не қажет деп ойлайсыз?*
- *Шынайы көшбасшыға тән адамгершілік қасиеттер қандай?*
- *Фильмдегі өз халқына, Отанының көркеюіне риясыз қызмет ету үлгісінен қандай сабақ алдыңыздар?*

- *Тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттері мен оның шынайы көшбасшы болуы арасында байланыс бар ма? Сіздің ойыңыз қандай?*
- *Өзіңіздің ең асыл, маңызды арманыңызды атаңыз. Өмірде неге қол жеткізгіңіз келеді?*
- *Өз өміріңізде үлгі алатын шынайы көшбасшыңыз (туыс-туғандар, мұғалімдер, достарыңның арасынан және т.б.) туралы айтып беріңіз.*



В.Гюгоның «Ұлы адамдар өз ескерткішінің тұғырын өзі орнатады, ал мүсінін болашақ соғады» деген ойын тақырып етіп алып, пікір алысу ұйымдастырыңыздар.



Кез-келген қоғам жүрегі ашық, қоғамға адал қызмет ететін, білімді адамдарды қажет етеді. Ойлары, сөздері және істері ізгі, адал адам нағыз көшбасшы бола алады. Ондай адамдар қоғамға, ұйымға немесе топқа ықпал етуге қабілетті болады. Өйткені олар өзгелердің мақсат-мүддесін толық сезініп, қорғай білетін, бойына адамдыққа лайықты қасиеттерді жия білген тұлғалар.



Қайрат Әлімбеков

Мен – өмірді жас зерттеуші, жас ғылым,
Енді оянып, енді зерттей бастадым.
Өмір – кітап, түсінуі тым қиын,
Әрбір күнім – әрбір бетін ашқаным.

Жағылды ма жүрегімде жаңа шам,
Ойланумен өтеді ылғи оңашам.
Армандаймын: ұлы еліме сүйікті,
Жақсылықтар жасасам деп орасан.

Маржан іздеп терең теңіз түбінен,
Күн батарда атар таңға үңілем,
Өмірімнен, өз ортамнан үйреніп,
Жақсы адамға айналармын түбі мен!

23-24 ҚЫЗМЕТ ЕТУ ҚУАНЫШЫ



Ел дегенде еміреніп, жұрт дегенде жүгініп қызмет еткін!

Бауыржан Момышұлы

• *Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңыздар.*



Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіздер.

«Ленинградтық өренім» өлеңі қалай туған?

(Үзінді)

Гүлсім Оразалықызы

Аракідік архив қопарып қоятын әдетіміз бар.

Ел мен жердің, халықтың, оны басқарған басшының тағдырынан сыр шертетін құжаттар Мемлекеттік Орталық мұрағатта тұнып тұр. Тек сөйлете білу керек.

Таяуда қолымызға қызық бір телеграмма түсті. Соғыс кезінде жазылған.

Бұл құжат соғыс жылдарында ел Үкіметін басқарған, яғни, ең ауыр кезеңде Қазақстан Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы болған Нұртас Оңдасыновтың айтқан бір әңгімесін тірілтіп тұрды. Дәлелімізді толықтыра түсу үшін өзі жазып кеткен естелікті қайта бір қарап, оқып шықтық. Естелігінде ол былай депті:

«Неміс басқыншылары Ленинградты қоршап алды. Сыртпен байланыс үзіліп, 90 тәулік қала қоршауда тұрды. Ладога көлінен өтетін бір ғана соқпақ арқылы кең байтақ Кеңестер Одағынан жиналған азық-түлік, киім-кешекті бораған оқтың астынан амалдап өткізіп, қала тұрғындарына жеткізілді. Содан бұл соқпақ «өмір жолы» деп аталып кетті.

Қазақстан тез арада ленинградтықтарға ұзын саны 140 вагоннан тұратын, екі теміржол составын жасақтады. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті бұл сәлем-сауқатты оларға Жоғарғы Кеңестің Төрағасы Әбсемет Қазақбаевтың бастап баруын ұйғарды. Сыйлыққа қоса Қарағандының №31 шахтасының кеншісі Түсіпов өз атынан хат жолдады. Ол өз хатында қазақ халқының сый-сияпатын ақ ниет пен берік достықтың нышаны деп білерсіздер деп жазды Менің көкейімнен материалдық көмекпен қоса қоршауда қалған қала жұртшылығына моралдық күш беретін, рухын көтеретін бір сәлем сөз арнау кетпей

қойды. Бұл ойымды Орталық Комитеттің отырысында айтып едім, көпшілік қолдады. «Сөз анасы – сәлем» демей ме қазақ, сол асыл сөзді кімге жаздыруды ойлаған кезде аузыма Жәкең – Жамбыл Жабаев түсті.

Содан Орталық Комитеттің тапсыруымен 1941 жылдың күзінде қасыма ақындар Әбділда Тәжібаев, Ғали Орманов, тағы да біраз адамдарды ертіп Жәкеңнің аулына келдік.

...Қашанда да қонаққа жаюлы тұратын Жәкеңнің молдастарханы, оның айналасына бәріміз жайғастық. Жәкең төрде ілулі тұрған домбырасын алдыртып, шанағын қағып-қағып жіберді. Әдетте қарт жыраудың жырды нөсерлетіп төгіп-төгіп жіберетін, бір сөзін екінші рет қайталамайтын қасиетін білетін ақындарымыз қағаз бен қаламдарын алып, аңысын аңдып дайын отыр. Жәкең жырын бастады, ол қағазға түсіп мәңгілік дүниеге айналып жатты...

Ленинградтық өренім,
Мақтанышым сен едің!
Шамы Күндей жайнаған,
Аспанға үйлер бойлаған...
Арқа тұтып алыста,
Айбыным деп ойлағам!
Жабықпағын Ленинград!
Отан әмір берген шақ.
Сап-сап қол барар
Қорғап сені ол қалар.
Жанышталар айдаһар!
Жата алмаймын төсекте,
Жаным қалай жайланар?
Құс ұйқылы көнемін,
Қайтып ұйқы көремін,
Жетсін деймін сендерге,
Жыл құсындай өлеңім,
Қаласында Лениннің,
Сайып қыран өренім...

Келген мақсатымыз орындалып, кіші бесінде Алматыға олжалы оралдық. Қуанышымыз шексіз.

Тез арада Жамбыл ақынның «Ленинградтық өренім» өлеңін орыс ақындары аударды. Артынша қарағандылық кеншілер хатын, Жамбыл өлеңін, республика жұртшылығы жинаған сәлем-сауқатты алып Қазақстан өкілдері Ленинградқа жүріп кетті.

Жәкеңнің өлеңі көп кешікпей Бүкілодақтық радио арқылы оқылды, сан мәрте плакат болып басылып, қала көшелеріне ілінді. Сол кезді көзімен көрген көрнекті орыс жазушысы, публицист Всеволод Вишневский «Правда» газетіне былай деп жазды:

*...Адамдарды
осылай достыққа,
бауырмалдыққа шақырып,
қиындықта жаныңа
жылылық құйып, рухыңды
көтеретін жақсы
идеялар жан-жақтан
туындап жатса...*

«...қалаға тез тараған плакаттан Жамбыл ақынның «Ленинградтық өренім» өлеңін оқығанда барлығымыз көзімізге жас алдық. Жылап тұрып қайта-қайта оқыдық. Қазақ халқының достығы мен сүйіспеншілігіне шексіз риза болдық. Алыста жатса да арқа сүйер тірегіміз барына қуандық».

Ағынан жарыла айтылған бұл сөздің күдіреті Жәкең жырында, жыр күдіретінде жатқанын түсіндік. Және орыс әдебиетінің аса ірі өкілдерінің бірі Николай Тихонов Жамбылды – «Ақындар атасы» деп атағанда өз халқына деген адал пейіл, таза жүректі бағалағаны болуы керек. Шынында да «Ленинградтық өренім» деген бір ауыз сөздің өзінде қаншама жылылық, нағыз жанашырлық пейіл жатқан жоқ па?! Жәкең өлеңі тоңғандарды жылытты, қажығандарға әл берді, зұлым жауға қарсы бітіспес күреске шақырды. Соғыс түнегіне көмілген ұлы қаланың зеңгір аспанында найзағайдай ойнап, қыспаққа алған жауға сес көрсетті...».

...Адамдарды осылай достыққа, бауырмалдыққа шақырып, қиындықта жаныңа жылылық құйып, рухыңды көтеретін жақсы идеялар жан-жақтан туындап жатса, «Соғыс!» деген суық сөз жер бетін кезбес еді-ау. Амал қанша, қазіргі адамзатқа жетіспей тұрғаны да осы – бауырмалдылық, жанашырлық, қамқорлық. Дәрменсіздіктен «амал қанша?» дейміз де қоямыз. Амал қанша...

- *Ленинград халқына Жамбыл ақын қамқорлықты қалай танытты?*
- *Жамбыл жырының Ленинград халқының еңсесін көтерту себебі неде деп ойлайсыздар?*
- *Айналаңыздағы адам, Отан игілігі үшін қызмет етіп жүрген жандар жайлы не айтасыздар? Олар сіздерді несімен қызықтырады?*
- *Өзгелерге қызмет етіп, қуанышқа бөленген кездеріңіз бар ма? Әңгімелеп беріңіздер.*



1-тапсырма. Ұлағатты сөздердің мағынасын қалай түсінесіздер? Өзіңіздің болашақ кәсіби қызметіңізде ұран ретінде алуға болатын біреуін алып, жасаған таңдауыңызды дәлелдеңіз.

- Еңбек қылсаң ерінбей, Тояды қарның тіленбей. *Абай Құнанбаев*
- Даңққа жеткізетін жол еңбекпен салынады. *Публилий Сир*
- Ісім оңсын десеңіз, сол істің маманы болыңыз. Даңқым шықсын десеңіз, көпшіліктің адамы болыңыз. *әл-Фараби*
- Талантты әрі еңбексүйгіш адамдарға тосқауыл жоқ. *Л.Бетховен*
- Еңбек қана адам жанын айқындыққа, жарасымдылыққа және өзіне-өзі ризалық сезімге кенелтіп, оны бақытты ете алады. *В.Г.Белинский*
- Адам жұмыс істеген уақытта ғана толық адам болады. *Ж.Гюйо*
- Әркімде сенген ісін орындауға жетерлік күш-қайрат болады. *И.Гете*

2-тапсырма. Ұлы Абайдың «Ақырын жүріп, анық бас, Еңбегің кетпес далаға» деген өлең жолдарын негізге ала отырып, өзіңіз білетін адал қызмет етіп жүрген адамдар туралы ойыңызды ортаға салыңыз.

3-тапсырма. Өзіңіз ұнататын мамандық бойынша «Қоғамға адал қызмет ету кодексін» жасап, дәптерге жазыңыз.



Адамдарға жарқын ойларымен, риясыз көмектесіп, ең алдымен, жеке басының пайдасы емес, басқалардың әлауқаты туралы ойлаған адам – халқына адал қызмет етеді.

Халқына адал қызмет ету адамға қуаныш, шығармашылық шабыт сыйлап, жаңа игі бастамаларға талпындырады. Мұндай адамдарды қазақ халқы «азамат» деп жоғары бағалайды. Сондықтан да, әрбір адам тек қана өзінің жеке басын, өз пайдасын ғана ойламай, өзгелер үшін де жақсылық жасауға ұмтылуы керек.



Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіздер.

Жақсылық жаса адамға

Сағындық Ордабеков

Қай қоғамда болмасын адамзат үшін ең қажетті, ең киелі екі мамандық иесі бар: біріншісі – дәрігер, екіншісі – ұстаз десек, тәжірибелі де білімді дәрігер – нағыз құнды маман. Өйткені, денсаулықтан артық бұл жарық дүниеде қазына-байлық жоқ. Дәрігер күректеп ақша таппаса да, өз еңбегінің, білімінің арқасында сырқаттарды жанына батқан

ауруларынан айықтырып, олардың өмірін ұзартуға себепкер болып жатқанына іштей риза болып, қуанады, жүрегі жылып, жаны семіреді. Сондықтан, дәрігер мамандығын адамдарды жақсы көретін жандардың ғана таңдауын қалар едік. Адамдарды сүйген адамдар ғана жақсы дәрігер бола алады.

Қазақтың ұлттық академиясының алғашқы президенті Қаныш Сәтбаевтың қызы, медицина ғылымдарының докторы, профессор Қаниса Қанышқызы дәрігерлік мамандық туралы былайша толғанады: «Алғашқы дәрісімнен бастап өз шәкірттеріме медицина қызметкерлерінің еңбегі әрі құрметті, әрі жауапты екендігін әркез айтып отырамын. Мен үшін бұл – бұлжымас заңдай. Екінші бір есте ұстар мәселе – бұл салада білімге үстірт қарауға болмайды. Дәрігер болам деген адамның институтта жүрдім-бардым оқуына жол жоқ. Өйткені, өмір мен өлімнің белдесуінде кімнің жеңіске жететіні көп жағдайда дәрігердің білімі мен білігіне байланысты. Ол қандай қиын жағдайға тап болса да асып-саспай өз парызын өтеуге – адам жанын аман алып қалуға тиіс. Міне, осындайда дәрігердің мамандығы бойынша жинақталған тәжірибесінің мәні аса зор болмақ». Осы сөздерді оқыған сәтте менің көз алдыма өзінің дәрігерлік қызметін жанындай сүйетін, ізденуден жалтықпайтын әріптестерім келеді. Солардың бірі Денсаулық сақтау министрлігінің бас ангиохирургі болған, «алтын қолды оташы» атанған, медицина ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Уалихан Жақыпов болатын. Ол сонау студенттік шағынан еңбекке ерте араласып, ғылыми орталықта санитарлық қызметтен бастап, елімізге белгілі ғалым-хирург деңгейіне жеткен жаны жайсаң, көңілі жарқын, көпшіл, азаматтық қасиеті жоғары азамат еді. Сол қасиеттерімен елдің есінде қалды. Ол операцияны ерінбей-жалықпай орындап, сәтті аяқтап шығатын. 4-5 сағат аяғынан тік тұрып, жаны қиналып шыққан кезде маңдайындағы терін сүртіп отырып, латын тілінде:

*Өзге біреуге жасаған
жақсылығың ертең
өзіңе, ұрпағыңа қайтып
оралатынын естен
шығармалық, қадірменді
ағайын!*

«Мен қолымнан келгеннің бәрін істедім, басқалар одан жақсы жасай алса, қолға алсын» – дейтін. Сол азамат басқаларды ажал тырнағынан арашалай жүріп, өзі жазылмас дертке шалынды. 2008 жылы дер шағында о дүниелік болып кете барды... Иә, дәрігердің қызметі солай – өзге жандарға денсаулық, қуаныш, бақыт, өмір сыйлай жүріп, кейде өзі қалай сөніп қалғанын білмей де қалады. Бірақ олардың адамдық

жарқын бейнесі, игілікті істері көптің көңілінде, халықтың ойында қалады, әріптестерінің ардағына айналады.

Ғұлама әл-Фараби: «Жақсы мінез-құлық пен ақыл біріккенде біз өз бойымыздан, әрі өз әрекеттерімізден абзалдық пен жетілгендікті табамыз және осы екеуінің арқасында біз ізгілікті, қайырымды боламыз» депті. Осы асыл қасиеттерді көптің бойынан тауып жатсақ несі артық!

«Ұлтқа қожалық жасауға болмайды, оған тек қызмет ету керек» – деп Мұстафа Ататүрік қалай тауып айтқан. Адамдардың алдында ары таза болып, елге беріле қызмет ету қасиеті бастықтың да, байдың да, шенеуніктің де бойынан табылып жатса қандай ғанибет!

Таяуда қазақтың дегдар азаматы Дінмұхамед Қонаевтың естелік кітабын оқып отырып, оның мына парасатты сөздеріне көңіл аудардым: «...Мен бірде-бір адамның, мейлі ол кім болсын, қай ұлттан болсын, меселін қайтарып көрген емеспін. Үміттің аяқасты болуынан артық қорлық жоқ. Жердің үстімен келіп, астымен қайтқаннан асқан азап болмайды. Жақсылығыңды адамға жаса, сол үшін жаса, сол үшін елдің сенген тізгінін ұстап отырсың. Күнде жұмысқа келе жатқанда осы ой жетелеп кеп табалдырықты аттаттырады» – деп жазған екен ол. Осы дана сөздерді оқып отырып, еріксіз ойға берілесіз: осындай ұстам қазіргі билікте отырған кейбір шенеуніктердің бойынан табыла бере ме екен? Қайдам, менің оған күмәнім мол...

Сөзімнің соңында жазушы Виктор Гюгоның өз заманында адамзатқа арнап: «Қайырымдылық жасауға асық!» деген сөзіне жүгінсем деймін. Неге десеңіз, бұл сөз әлі де құндылығын жоғалтқан жоқ. Сондықтан, қолдан келгенше біреуге жақсылық сыйлауға, қиналғанға қол ұшымызды беруге, қайырымдылық көрсетуге әрдайым асығып тұралық. Өзге біреуге жасаған жақсылығың ертең өзіне, ұрпағыңа қайтып оралатынын естен шығармалық, қадірменді ағайын!

- *Автор неліктен дәрігер мен ұстаз мамандығын киелі мамандық дейді?*
- *Өзгелерге қызмет ету адамды қандай игіліктерге жеткізеді?*
- *Сізге мәтіндегі қай кейіпкердің ойы ұнады? Неліктен?*
- *Адам неліктен өз жасаған жақсылығынан қанаттанып, рақаттанады деп ойлайсыздар?*
- *Өзіңізге өзгелердің жасаған жақсылығы есіңізде ме? Сол кезде қандай сезімде болдыңыз?*



4-тапсырма. Сіздер болашақтағы мамандықтарыңызды қалай таңдайсыздар? Бұл таңдаудың қандай себептері бар? Кестені дәптерде толтырыңыз.

Себептің аталуы	Себептің мазмұны
Жан қалауы	
Дарындылық	
Қызығушылық	
Қабілеттілік	
Мүмкіндік	
Еліктеушілік	
Басқа да себептер	



Төменде берілген сұрақтар бойынша сыныпта пікір алысу ұйымдастырыңыздар.

- Бейімділіктің, әуестіктің адам өміріндегі орны мен маңызы қандай?
- Сіздің өмірдегі мақсатыңыз, жүрек қалауыңыз, таңдауыңыз қандай?
- Өз мұратыңызға, арман-мақсатыңызға жетіп, қабілеттеріңізді ашу үшін сізге не қажет?



Жасампаз еңбекпен айналысқан адамның қандай кемелдікке жетіп, биік асуларды бағындырғанын сол адамдардың өмірінен көруге болады. Ол адамдарда болашаққа зор үміт, өзінің күшіне мол сенімі болған. Өзі таңдаған кәсіппен шұғылданып, бар ынта-жігерімен кіріссе, ол көздеген мақсатына жетпей қоймайды.

Ұлы ағартушылардың бірі Ахмет Байтұрсынов айтып кеткендей, «... тіпті мүддесі жоқ адам болмайды. Адам болған соң оның көңілі бір нәрсені тілемей тұрмайды; көңілі тілеуіне қарай бір нәрсе істемей тағы тұрмайды. Көңілінің тілеуі де, ал тілеуінің жолындағы қамалы да адамына қарай түрлі болады. Неғұрлым қайратты болса, соғұрлым мақсаты да зор болады. Ұсақ адамның мақсаты да ұсақ болады. Біреу адам баласын теңгеріп, арасына әділдік орнатып, дүниеден жұмақ жасау талабында болып, өмірін сонымен өткізеді. Біреулер тек дүние жию, бай болу мақсатымен өмір өткізеді, әйтеуір тілеусіз, мақсатсыз адам жоқ. Аз болсын, көп болсын әркімнің мүддесі бар; ұлы болсын, ұсақ болсын әркімнің мұраты бар. Тілеусіз, мақсатсыз адам болмаған соң талассыз,

тартыссыз да адам жоқ. Өркім әліне қарай таласады, тартысады. Талас-тартыс – табиғаттың негізгі заңының бірі».



5-тапсырма. «Асар» тобының жоспары бойынша «Жасыл, таза ел» акциясын жүргізіңіздер.



Оңай сөз ғой «Отанды сүйем» деген

Мұқағали Мақатаев

Оңай сөз ғой «Отанды сүйем» деген,
Не тындырдың «басымды иемменен?»
Оңай сөз ғой, құрбым-ау, оңай сөз ғой,
«Отан үшін өлемін, күйем» деген.

Өлім деген ерліктің қорегі ме?
Өлмей-ақ қой, бос сөздің керегі не?
...Егер Отан сыңсыған орман болса,
Жапырақ боп жармасқын терегіне.

Самалы бол Отанның салқындаған,
Сандуғаш бол, сайратсын алтын далаң.
Семсері бол Отанның қынабында,
Сертке ұстаса, селт етпей жалтылдаған.

Шетсіз, шексіз, қиырсыз ұлы дала,
Шуақ болып шашылмай жылына ма?
Сүй Отанды! Шынымен сүйіп өт те,
Гүл боп қадал, ойына, қырына да.

БІЛІМДІ БЕКІТУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТІЛЕУ

1-тест

Отбасы құндылықтарының бірі ретінде жалпы ортақ мүдделердің болуы шарт. Сіз қалай ойлайсыз?

- а) Әрине, жалпы ортақ мүдделердің болуы – отбасын біріктіретін маңызды шарттардың бірі.*
- ә) Меніңше, отбасы мүшелерінің әрқайсысы өзінің қамын ойлауы тиіс.*
- б) Мүмкін, бірақ мен толық қосыла алмаймын.*

2-тест

«Ата-ананың міндеті – тәрбиелеу және жақсылыққа үйрету» деген ойға сіздің көзқарасыңыз?

- а) Әр бала өз бетінше жақсы тәрбие алып, жақсылық жасауға талпынады емес пе?*
- ә) Бала тәрбиесімен мектеп айналысады ғой. Ата-ананың міндеті – баланы материалдық жағынан қамтамасыз ету.*
- б) Дұрыс айтады, әрбір ата-ананың басты міндеті – баласын тәрбиелеу және жақсылыққа үйрету болып табылады.*

3-тест

Шынайы көшбасшының іс-әрекетіне тән нәрселер:

- а) Қозғалысқа серпін береді.*
- ә) Жеке басының мүдделерін көздейді.*
- б) Өзінің жеке тәжірибесін қолданады.*

4-тест

«Жасампаздықтың арқасында ғана адам өзінің шеткері деңгейінен асып түсіп, нормаға, қалыпқа сыймайтын құбылыстарға кенеледі» деген ойға пікірім.

- а) Жоқ. Қазіргі жаһандану заманында олай деп айта алмаймын.*
- ә) Иә, келісемін. Адамның күйін толығырақ кіргізетін оның табиғи, рухани жасампаздығы.*
- б) Мүмкін. Бірақ толықтай қосыла алмаймын.*

IV ТАРАУ

АДАМЗАТ ӘЛЕМІ





«Менің борышым» жобасы

4-кезең

Бұл кезеңде жоба нәтижелерін презентациялауға дайындық жасайсыздар.

1. Жыл бойы «Әр күнде бір игі іс» мақсатымен жасаған іс-әрекеттер мені және менің өмірімді қалай өзгертті» тақырыбында қорытынды жасаңыздар.
2. «Борыш» тақырыбы бойынша дайындаған дәйексөздер мен нақты деректер сериясы бойынша жасаған материалдарды кітапшаға айналдырыңыздар.
3. Әр оқушының жеке жасаған түсіндірме сөздіктерін бір жүйеге келтіріп, біріктіріңіздер.
4. «Қуанышыммен бөлісемін» акциясы бойынша слайд әзірлеңіздер.
5. «Ең басты мамандық – Адам болу» тақырыбында өткізілген акция нәтижелерін әлеуметтік желілердегі парақшаларыңызда жариялаңыздар.

25-26 АДАМ ВИРТУАЛДЫ КЕҢІСТІКТЕ



*... Қайрат пен ақыл жол табар
Қашқанға да, қуғанға.
Әділет, шапқат⁴⁶ кімде бар,
Сол жарасар туғанға.*

Абай

• Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңыздар.



Өлеңді оқып, сұрақтарға жауап беріңіздер.

Компьютербасты жарты адамдар

(Рухсыз күш формуласы)

(Үзінді)

Мұхтар Шаханов

«Елге ұстаздық еткен қарттан алғыр, құйма құлақты,
Қонақтары сұрапты:
– Аға, неше балаңыз бар соңыңыздан самғаған?
– Бір жарым! – деп тіл қатыпты әлгі адам.
– Ал, дәл айтсам, үш ұлым бар зерек әрі білімді,
Үшеуі де ғылым қуып назарға ерте ілінді.
Сол үш ұлдың бірі ғана қайсар, ұшқыр арманын,
Техникалық санаты мен ғылыми өр талғамын
Өз ұлтының рухани байлығына жалғады,
Содан шуақ, қуат алып, ғаламдық ой толғады.
Екі ұлымның тағдырында ол өзгеріс болмады,
Екеуі де жалаң білім шеңберінде сорлады.
Рухы, жаны аласаның зорлық жатар парқында,
Сондықтан қос перзентімді санаймын мен жарты ұлға.

Мейлі, мейлі, екі ұлымды қақса да уақыт арқадан
Нағыз ұлым біреу ғана, ана екеуі жарты адам!
Иә, бізді қайда апармақ мына заман ақпалы?
Ұлан-байтақ жерімізді жарты адамдар қаптады.

⁴⁶ Шапағат, мейірім.

... Қайтсек екен, мониторкөз, компьютербас, жас талап,
Білім – Рух болуы үшін ажырамас қос қанат?
Қай кезде де білім – күшің, әрі нұрлы жетегің.
Білімнің де адамзатқа зияны бар екенін
Кім ойлапты құдайым-ау,
егер ұры қаншама,
Зор білімін қулығына қару етсе жан сала
Бейқам елге оның тартар азабы да соншама.
Сан жас қанат ғаламзатқа болмақ үшін өтімді,
Түнгі оттарды іздеп ұшар көбелектер секілді,
Қасиетті ата қоныс – өзен-тауын жерсінбей,
Баба тарих ардақтаған рух тұғырын менсінбей,
Ойын тұсап ессіз, көзсіз еліктеудің жарқылы,
Тек батыстық даңғаза өнер толқынында қалқыды.
Әлде бұл да жолы шиыр ұлтымыздың соры ма,
Қалай түстік біз батыстық қиратқыш күш торына?
Қуанып ек, қосылдық деп кәусар бұлақ қорына.
Адаскандай тылсым нудан,
Біз олардың кір су құйған
Жүрек пен ой айнытатын құбырына тап болдық,
Тіпті аз жылда қолда барды жоғалтуға шақ қалдық...
Ұлы Ғабит Мүсірепов – қара сөздің кемелі,
Бүткіл қазақ рухының еңкеймес бір беделі,
Тіршілікпен қоштасатын ең соңғы сәт соққанда
Сол соңғы сәт өз күшінің соңғы шамын жаққанда,
Ажырамай сенімінен,
Діріл қаққан ерінінен,
Қанатты ойын келер күнге ақку етіп оздырған.
Шыншыл тұлға жаны дара,
Нақ мынадай мағынада
Елге арнаған ақтық сөзін маған айтып жаздырған:
«Шын өнерді басынса да жеңе алмайды асқазан,
Шырқау рух аспанында басқа мүдде, басқа заң.
Ғасырды асар әдебиеті, өнері ұлы болмаса
Ұлт даралық таба алмайды,
Және ұлы боп саналмайды ешқашан!»
... Бүгін неге рухсыздық секілді зор батырлық?
Ізгіліксіз батырлықтан зардап шегіп жатыр жұрт.
Ньютон ашқан үшінші заң нені үндейді білдік пе?
«Әрбір қимыл – қарсы қимыл тудырады» тірлікте.
Егер қарын байлығынан рухымыз пәс тұрса,

Ұқсас, тектес жебір ойлар бір бағытта асқынса,
Қоғам қалай ұстамақшы әділ ойдың шылбырын,
Жан байлығы саяз күштер жек көреді бір-бірін.
Олар қазір заманды алдап, заңдастырып әр ісін
Оятпауға құлшынады аңқау елдің намысын...
Оян, Данте, Фирдоусидің және Абайдың айбыны!...

- *Қарт неліктен үш ұлы бола тұрып, «Бір жарым» ұлым бар деді?*
- *Қарттың жалаң білімді ұлдарын «жарты адамға» теңеуінің себебі неде?*
- *Ақын адам қай кезде «толық, кемел адам» болады дейді?*
- *Өлеңде айтылған келеңсіз жағдайлардан қалай шығуға болады деп ойлайсыздар?*



1-тапсырма. «Компьютердің адам өміріндегі рөлі» тақырыбында нақты ақпараттар мен деректерге сүйене отырып, зерттеу-мақала жазыңыздар.

2-тапсырма. Ақпарат көздерінен виртуалды өмір мен нақты өмір туралы ақпараттар жинап, өз қорытындыларыңызды жасаңыздар. Ондағы мәселелерді анықтап, шешудің жолдарын тауып, дәптерге жазыңыздар.

3-тапсырма. Жағдаяттарды оқып, өз шешімдеріңіз бен ой-тұжырымдарыңызды айтыңыздар.

Жағдаяттардағы мәселелерді анықтап, одан шығудың жолдарын ұсыныңыздар.

а) *Айжан сабақтан бос кезде аулаға да шықпайды, сыныптас достарымен серуендеуге, кездесіп уақыт өткізуге құлқы жоқ. Анасына оған уақыт жұмсаудан гөрі, әлеуметтік желіде достарымен көрген-білгендерін әңгімелеп, қажетті ақпараттармен бөлісіп, «фото орнатып», «лайк басып», «пікір білдіріп», «селфи жасап» отырғанның әлде қайда дұрыс екенін айтады.*

ә) *Арман интернет арқылы қарым-қатынаста достардың санын көбейтуге күш салады және соған қуанады. Сыныптас досы Ғалымның «Дос санымен емес, сапасымен, адамгершілігімен құнды» деген сөзіне құлақ та аспайды.*

б) *Данияр өзінің жанында күнделікті қамқор болып жүрген достарынан гөрі әлеуметтік желідегі достарына көбірек сеніммен қарай бастады. Оның бұл әрекетін аңғарған әкесіне әлеуметтік желілердегі достарының қарым-қатынаста әлеуметтік статусы,*

материалдық жағы, жас ерекшелігі, қайда тұратындығы кедергі келтірмейтінін, өзіне осы жағдайдың ұнайтынын айтты.

в) Рамазан досы Қайраттың әлеуметтік желідегі парақшасына қарап таң қалады. Ол түр-келбетіне қанағаттанбайтынын айтып, өз суреттерін қалағанынша өзгертіп қояды немесе өзге біреудің суретін енгізеді. Өзі туралы ақпаратқа шындыққа жанаспайтын жетістіктер туралы қоя салды. Достары да күнде өзгеріп тұрады. Қалаған адамымен тез араласып, тез араларын үзе салу оған қиын емес. Мен досымның әрекеттеріне қарап оның шынайы өмірден алыстап бара жатқанын сезіндім. Енді не істеу керек екенін ойлап бас қатырып отырмын...

4-тапсырма. Facebook, Instagram, Twitter желілерінен рухани-адамгершілік бағытындағы парақшалардың көлемін, сипатын қарап, талдап, өз қорытындыларыңызды шығарыңыздар.



Адам баласының табиғаты, жан дүниесі басқа адамдармен сөйлесуді, танысуды, пікір алмасуды, яғни қарым-қатынас жасауды жақсы көреді. Демек, кез-келген адамға басқа адамдарсыз, олардың қарым-қатынасынсыз өмір сүру қиынға соғады. Сондықтан адамдар бір-бірімен қарым-қатынас жасауға талпынады.

Қазіргі таңда көптеген жастар, тіпті ересектер де тікелей бетпе-бет қарым-қатынас жасаумен қатар, әлеуметтік желілер арқылы қарым-қатынас жасауға жүгінеді. Әлеуметтік желі – адамдардың бір-бірімен интернет арқылы қарым-қатынас жасайтын құралы болып табылады.

Әлеуметтік желі арқылы қарым-қатынас жасаудың өзіндік артықшылықтары да бар. Алайда қарым-қатынасты көбінесе интернет пен әлеуметтік желілер арқылы жасау адамдармен шынайы қарым-қатынасты шектейді. Ал адамдардың тікелей бетпе-бет, қоян-қолтық, шынайы қарым-қатынас жасауы олардың бір-бірін тереңірек түсінуіне, сезінуіне, қамқорлық танытуына мүмкіндік береді.



Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіздер.

Виртуалды әлемде адасқандар

Эссе

Дмитрий Сахаров

Мен ескі компьютерімді өшіргенде қараңғы түн болатын. Интернеттің шексіз әлемін шарлаған бірнеше сағат ішінде туындаған ойлар тынышталсын деп, біраз уақыт қозғалмай отыруға тырыстым.

Басым гуілдеп тұр. Уақыт пен кеңістік жойылған, ойлар, сөздер мен бейнелерге толған қуыста отырғандай таныс сезім биледі. Мен екі әлемнің – виртуалды әлем мен шынайы әлемнің шекарасында отырған тәріздімін. Және осы нүктеде екеуі де бірдей шынайы болып тұр. Қытай философының сөзі есіме түсті: «Мен оянып, өзімнің кім екенімді түсіне алмадым: мен – көбелек екені түсіне кірген адаммын ба, әлде, адам екені түсіне кірген көбелекпін бе».



Осы минуттарда өзімді тең дәрежеде тірі адам болып та, компьютерлік желілерді шарлауға шыққан мәңгі жолаушы болып та сезіндім. Осы әлемдер торабында тұрған сәтімді тоқтатқым келді. Кейбір адамдардың виртуалды әлемде не іздеп, не тауып, «кәдімгі» өмірден неге кетіп, өзге шынайылықты неге іздейтінін түсінгім келді. Бұл виртуалды әлем біз білгеннен әлдеқайда ауқымды.

Оның ішінде шынайы әлемді алмастыруға, оның имитациясын жасауға, адамда иллюзия немесе иллюзия кешенін тудыруға арнайы жасалғанның бәрі бар. Сондықтан оған әртүрлі тренажерлар мен имитаторларды, мысалы, ұшқыштарға арналған, және өз заңдылықтарымен дамып келе жатқан Интернет желісін, интерактивті телевидениені және тағы басқаларды жатқызуға болады. Бірақ, адам ойы мен қиялының күшінен пайда болған өзге әлемдерге қарағанда, виртуалды әлем пайда болғаннан кейін өзінің жеке, жаратушысынан тәуелсіз өмірін сүріп келеді. Ол – белсенді, біздің өмірге басып кіріп, өз орнын алуда.

... Виртуалды әлемде супермен болу немесе өзің қалаған адам болу өте оңай – тырысудың, еңбек етудің қажеті жоқ, ал қателескен жағдайда ойынды қайта бастауға болады. Бұл жалған әлемде жеңіліс жоқ, сен әрқашанда жеңімпаз боласың, және осы әлемнің сыртында сенің талантыңды ешкімнің білмейтіні маңызсыз. Бұл әлемнің патшасы – сен. Сондықтан осындай виртуалды әлем шынайы әлемнің орнын басып келе жатыр. Оларды үйлестіре білу үшін виртуалды әлемді екінші орынға қойып, ондағы «жеңістер» мен «ерліктерді» нақты орындарына қоя білу керек. Бірақ қорқыныш пен шынайы әлемге деген сенімсіздік орын алса, виртуалды әлем жеңіп, тәулік бойы виртуалды әлемде отырған, шынайы әлемді ұмытқан адамдар жайлы әңгімелер ешкімді таң қалдырмайтын болады.

Ғылым мен техника орнында тұрмайды. Бүгінде үш өлшемді

виртуалды әлемде әрекет етуге көмектесетін ойын шлемдері, арнайы қолғаптар және өзге құрылғылар әдеттегі заттарға айналды.

«Виртуалды шынайылық» термині 70-ші жылдары адамның компьютерлер көмегімен жасалатын кеңістікте болу идеясын білдіру үшін пайда болған. Адам өзінің сезім мүшелерін компьютерге табыстаған тәрізді болады, ал компьютер ол мүшелерді бейнелерге, дыбыстарға және сезімдерге «толтырады». Компьютер

тікелей адам миымен әрекеттесіп, оның көргенін, естігенін, сезінгенін өзінде жинақтайды. Осы жерде басты философиялық сұрақ туындайды: адам және компьютер симбиозындағы «басшы» кім? Бір жағынан адам өзін компьютерге табыстай отырып ойынға өз еркімен кіріп отыр, екінші жағынан ол виртуалды шынайылыққа кіргеннен кейін тек компьютер ұсынған шектен шыға алмай әрекет етеді. Адамның қолынан келетін жалғыз әрекет – белгілі бір сәтте «ойыннан шығу». Бірақ, бұл оңай емес, виртуалды әлем неғұрлым шынайы болып көрінген сайын, ол адамға нағыз, табиғи болып көрініп, одан шығу соғұрлым қиынға түседі немесе одан шығу керектігі мүлде ұмытылады.

... Біз виртуалды шынайылыққа үйрендік, оны қабылдаймыз. Тіпті көптеген адамдар оған кіруге асығады. Қазір арғы жақта, яғни виртуалды әлемнен шықпай өмір сүріп келе жатқан адамдар көп емес, бірақ жыл сайын олардың саны көбейіп келеді, ал виртуалды әлем «өмір сүруге» қолайлы болып келе жатыр. Мүмкін біздің «бәрі бақылауда» және қорқудың қажеті жоқ деген ойымыз қателесу шығар: әзірше виртуалды және шынайы әлемдер бөлінген, бірақ болашақта не болады? Қазіргі кезде виртуалды әлемді неғұрлым шынайы жасауға барынша күш салынып жатыр емес пе. Бір сәтте адамның ой-өрісі дисплей экранына дейін тарылып кеткенін байқауымыз мүмкін ғой.

Осы ойымнан селк еттім. Мен ұзақ отырған күйімнен шығып, жинала бастадым. Мені достарым, міндетті түрде іске асырылатын маңызды істер күтуде. Интернеттен тапқан ақпарат пайдаға асты. Шаршағаным басылып, өзімнен қайта сұрадым: «Мүмкін осының бәрі түс болар. Жақын арада бәріміз оянып, біз өмір сүріп жатқан жалғыз ғана әлемнің бар екенін түсінетін шығармыз. Тек осы әлемде ғана біз өзімізді, өмірімізді өзгерте аламыз. Тек осы әлемде ғана біз таңғажайып саяхаттар жасап, нағыз жетістіктерге қол жеткізе аламыз». Кім білсін...

*Жақын арада бәріміз оянып,
біз өмір сүріп жатқан
жалғыз ғана әлемнің бар
екенін түсінетін шығармыз.
Тек осы әлемде ғана біз
өзімізді, өмірімізді өзгерте
аламыз.*

Аударған Айым Ерімбетова

- Мәтіндегі кейіпкердің «екі әлемнің – виртуалды әлем мен шынайы әлемнің шекарасында отырған тәрізді» сезінуіне не себепкер болды деп ойлайсыздар?
- Дәл сол уақытта кейіпкерге «екеуі де бірдей шынайы болып» көрінуінің себебі неде?
- Кейіпкерге осы жай-күйінен шығуға кім (не) көмектеседі деп ойлайсыздар? Абайдың «... Қайрат пен ақыл жол табар Қашқанға да, құзанға» деген даналығы көмекке келе алады деп ойлайсыздар ма? Себебін түсіндіріңіздер.
- Виртуалды әлемді өз қажетіңе жаратып, одан қажетіңді алып, жақсы мен жаманды ажырата алуға кім (не) көмектеседі деп ойлайсыздар?



5-тапсырма. Жағдаятты оқып, сұрақтарға жауап беріңіздер.

Атасы мен немересі компьютердің пайдасы мен зияны туралы сөз қозғады. Немересі компьютердің пайдасын санамалай жөнелді. Одан ақпараттарды тез өңдеуге болатынын, интернет арқылы бәрімен және барлығымен байланысуға болатынын, әртүрлі есептеулер жүргізетінін, құжаттарды безендіру мүмкіндіктерінің зор екенін, уақыт үнемдейтінін және жүздеген адамның жұмысын бір компьютер атқара алатынын айтып тауыса алар емес.

Атасы: «Балам, сенің айтқандарыңның барлығы да дұрыс, еш таласым жоқ. Тек қана әрбір жақсы дүниенің де шегі, шекарасы болатынын біліп, ондағы өте көп ақпараттардан жақсы мен жаманды, ақиқат пен шындықты ажырата алып, оған тәуелді болмасаң болғаны. Компьютерде тұрған ештеңе де жоқ, тек оған сенің қалай қарағаныңда, оған деген қатынасыңда», – деді.

Алайда немересі атасының сөзін толықтай түсінбей, ойланып қалды...

- Сіздер немересіне жағдайды қалай түсіндірер едіңіздер?
- Өздеріңіз интернеттегі жақсы мен жаманды қалай ажырата аласыздар?

6-тапсырма. Құрбы-құрдастарыңыздың арасында «Әлеуметтік желіні не үшін пайдаланам?» және «Әлеуметтік желідегі ақпараттардың «жақсы-жаман», «дұрыс-бұрыс» екенін қалай ажыратам?» тақырыбында сауалнама жүргізіңіздер. Сауалнама нәтижесі бойынша қорытынды жазыңыздар.

7-тапсырма. «Ғаламтор кітапты алмастыра ала ма?» тақырыбында эссе жазыңыздар.



«Ешқандай техника адами құндылықты алмастыра алмайды» тақырыбында пікір алысу жүргізіңіздер.



8-тапсырма. Facebook, Instagram, Twitter желілерінде рухани-адамгершілік бағытындағы парақшалармен бөлісіңіздер. Осы желілерде рухани-адамгершілік бағыттағы өз парақшаларыңызды ашып, сыныптарыңыздағы «Асар» тобының қызметімен бөлісіңіздер.



Компьютерде уақытының басым бөлігін виртуалды әлемде өткізу денсаулыққа қауіп төндіріп қана қоймай, адамды компьютерлік тәуелділікке, психологиялық күйзеліске ұшыратады.

Ең дұрысы виртуалды өмір мен нақты өмірдің арақатынасын дұрыс ажырата алып, өзіне шек қоя алу.

Ал адам виртуалды өмір мен нақты өмірде дұрыс таңдау жасай алмаса, виртуалды кеңістіктің тұтқынына айналады. Бұл адамның өзіне және қоршаған ортасына үлкен қауіп-қатер әкеледі.



Адам

*Сөзі Тұманбай Молдағалиевтікі
Әні Әсет Бейсеуовтікі*

Адам күліп қарсы алады таң нұрын,
Адам жырлап жөнелтеді әр күнін.
Сәл қайғырса, ол ұғына түседі,
Дүниенің кеңдігі мен тарлығын.

Қайырмасы:

Адам боп өтейік,
Адам боп туған соң.
Мақсатқа жетейік,
Мақсатты қуған соң.

Адам күліп қарсы алады таң нұрын,
Адам жырлап ұзартады әр күнін.
Сәл қуанса, шығарады ол естен,
Дүниенің кеңдігі мен тарлығын.

Қайырмасы.

27-28 ЕҢБЕК ЕТСЕҢ ЕРІНБЕЙ...



*... Адал сол – таза еңбекпен күнін көріп,
жаны үшін адамшылық ар сатпайды.*

Шәкәрім

• *Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңыздар.*



Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіздер.

Неге арналсаң, соны істе!

Жүсіпбек Аймауытұлы

Әлеумет тұрғысындағы зор кемшіліктің бірі – әлеумет мүшесі, әр адам «өз орнында» қызмет етпеу. Адам – өзінің ыңғайымен, еркімен қызмет етеді. Кісі іштен туғаннан-ақ белгілі бір өнерге, қызметке икем болып туады. Басқаша айтқанда, әр адамда бір нәрсе талап, ыңғай, қабілет яки зеректік болады. Біреу бала оқытуға, біреу етік тігуге, әкім болуға, мал бағуға, әскерлікке, жазушылыққа, дәрігерлікке, сөзге, біреу дауға ыңғайланып жаратылады. Кімде-кім өзіне біткен ыңғайына қарай, өз жолымен жүріп, қызмет етсе, өз басына да, әлеуметке де үлкен пайда келтірмек. Өмірде еш жұмысқа икемі жоқ жан сирек болады «Өз орнында» істеген адамның жұмысы да өнімді, берекелі болмақ. Әр адамның еңбегі жемісті болса, соғұрлым әлеумет тұрмысы да тез оңалмақ. Әркім «өз орнында» қызмет істегенде әр адамның еңбегі жемісті болады. Олай болса бұл – негізгі мәселе.

Әр адам әлеуметке пайдалы болу үшін өз орнында істеп жүр ме? Үйтсе де жалпы кемшілікті көрсете кету артық болмайды. Оқыған азаматтың қызметте тұрлаусыздығы, білімі аз шалалығы, құр даурық, еліктегіш, мансапқорлығы, кеңсешілдігі, пайдакүнемдігі, өз әлін өзі шамалай алмауы, негізгі мақсаты, мұраты жоқтығы, берік жол тұтына алмайтындығы, осының бәрі шын әлеумет қызметкері болуға піспеген, шынықпағандығын көрсетеді.

Адам сүйегіне біткен икемділігіне қарай қызмет ету керек. Ол үшін адам өзінде қандай талант, қандай зеректік, қандай қабілет, бір сөзбен қандай қасиет барлығын білу қажет. Дәлдеп айтқанда, әр адам өзін-өзі тану керек. Өзін-өзі танымаған – өзгені де тануға шорқақ.

Адамның өзін тану, өз жолын табуы өте қиын. Бұл қиындық әсіресе жастардың басында: олар тәжірибесіз, олар көңілі, ойы құбылмалы, толқымалы, сондықтан өзін сынай алмайды. Жастар тоқсан жолдың

торабында. Қай жолға түсерін білмей дағдарады. Егер жазатайым болып теріс жолға түсіп кетсе, өмірі өкініші кетпейді.

Әр адам әлеумет ісіне көмектес болуға міндетті. Ол үшін өнер (профессия) таңдау керек. Әрбір өнер белгілі мінсіз қасиет тілейді. Ондай қасиеті болмаса, қызмет жемісті болмайды. Белгілі бір өнерге арналып, бейім бола туған адамда ондай қасиет анық байқалады. Мысалы, артистік – бойына біткен мінез қасиеті. Біреудің басынан кешірген халін ұға білу, өзін өзгенің орнына қоя білу. Басқалардың кейпіне түсу. Оның үстіне артист болуға өткір сезім, күшті қиял, жаттау қабілеті, ұстамдылық сипаттары да керек. Әскер қызметі көнбістікті, ерлікті, тәуекелшілдікті, тез байыптағыштықты тілейді. Осындай өзгеше сипаттар әр адамға белгілі рең береді.



Өнерге ыңғайлы болу үйренумен, машықтанумен, жүре табылмайды. Адам іштен туа өнерге бейім бола туады. Менің табиғатым нені қалайды? Ындыным нені сүйеді? Ішімдегі даусым мені қайда шақырады? Менің «менмендігімді» сыртқа шығаратын ең басым, күшті ыңғайым, талабым қайсы? Сол дауыстың айтқанына жүруім керек. Адамның өзге сипаттарының бәрінен артық жетілетін талабы осы болу керек. Өмір жолының тоғысында тұрған әрбір адам осылай істеуі тиіс. Бірақ бұл оңай іс емес. Үй іші баласын белгілі өнерге арнағанда, оның ыңғайымен есептеспейді. Көрнекі орында шен алатын, мал табатын қызмет еткенін қалайды. Ал енді жас буынның өз таңдауына жіберсек, өзі одан әрі асады. Кейде жолдасы қай жолды таңдаса, ол да соған еліктейді. Кейде біреудің орнына, «дәрежесіне» қызығып, соның жолын көксейді. Сонымен теріс жолға түсіп кетеді. Ыңғайы келмейтін

Адамның өзін тану, өз жолын табуы өте қиын.

қызметті істегеннің сазайын ондай адам келешекте мықтап тартады. Өз жолында қызмет ету – ырыстың басы.

Шу дегеннен өзінің тура жолын тауып алатын ырысты адамдар да бар. Болмаса, жасынан-ақ бір өнерге үздік туғаны анық көрінеді де, бейімделген жағына ауып кетеді. Кейбіреулер өмір бойы қараңғыны қармалап, әр өнердің басын бір шалып, өз жолына түсе алмайды.

Бір іске олақ адамды ешнәрсеге икемсіз, мүлдем топас адам деуге болмайды. Рас, кейде адам іске тұрлаусыз, табансыз, бірді бастап, бірді

тастағыш келеді. Мұндайлар толық адам емес. Бұлар дауыстың өзі емес, жаңғырығы. Бұлар – әрі-сәрілер. Бұлар қай ортаға кез келсе, сол ортаның жағдайына ыңғайланып жүре береді. Өз ойынан шығаратын үздік өнері болмайды. Дегенмен, ондай кісіде тіпті ыңғай жоқ деуге келмейді. Ыңғайы болса да дер кезінде ұстармаған, жетілмеген болады. Тура жолына түсуге адамды табиғаты тура жетектей бермейді және адамның жетілуі де дәйім бір бағытпен жүре бермейді. Әр адамның өмір ағымын зерттесек, түрлі қабілеті түрлі мезгілде өсіп-өнетінін байқаймыз. Біреу салғаннан кең жолға түсетін болса, енді біреу өмірде әр қызметті бір ұстайтын болып жаралады. Бір қызметтен екінші қызметке көшіп, қабілетінің әр тарауын жетілдіруді қалайды, оның мүддесі өзінен өзі өзгеріп отырады. Ол өзгеруде ешбір жүйе, тәртіп те болмайды. Кісінің өзі байқамай жүрген қуатын кейде тұтқиылдан өмір, іс туғызады. Өмір бойы еңбек еткен адамның қандай кемелдікке жеткенін ірі адамдардың өмірінен көруге болады. Кемелдікке жету үшін ірі адамдарда келешектегі игілікке зор үміт, өзінің күшіне зор сенім болған. Бір нәрсені іздеп, зерттеп, соңына түскен адам, егер ынтасы, қабілеті, таланты болса, түптің-түбінде мақсатына жетпей қоймайды.

- *Автор «өз орнында қызмет ету» дегенде нені меңзейді?*
- *Неліктен әркім өз орнында қызмет еткенде еңбек жемісті болады?*
- *Өз ісіне деген сүйіспеншілік пен табандылық адамды қандай игіліктерге жеткізеді?*
- *Жүсіпбек Аймауытовтың «Өмір бойы еңбек еткен адамның қандай кемелдікке жеткенін сол адамдарың өмірінен көруге болады» деген ойын басшылыққа алып, өздеріңіз білетін еңбегінің жемісін көріп отырған адамдар туралы әңгімелеп беріңіздер.*



1-тапсырма. Еңбек туралы мақал-мәтелдерді оқып, ондағы түйінді ойды негіз етіп алып, «Абыройға бөлеген – адал еңбек» тақырыбында эссе жазыңыздар.

*Еңбек ерлікке жеткізер,
Ерлік елдікке жеткізер*

*Еңкейгеннің еңсесін
еңбек көтереді.*


*Қолыма жұмыс бергенің –
жаныма тыныс бергенің.*

*Көз қорқақ, қол батыр .
 Алғыр жігіт ақылына қарай іс қылар,
 Олақ жігіт оңай жұмысты күш қылар.
 Істегенің еліңе жақсы,
 Үйренгенің өзіңе жақсы.
 Ынта болса адамда,
 Қиын іс жоқ ғаламда.*

2-тапсырма. «Адал еңбек иесі» тақырыбында зерттеу жұмысын жүргізіңіздер. Өздеріңіз білетін еңбек адамдарымен сұхбаттасып, олар (ата-анан, туысқандарың, ұстазың, таныстарың, досың, белгілі адамдар және т.б.) туралы альбом, слайд немесе қолдан шағын кітап әзірлеңіздер.



Өнер туындыларымен танысып, «Адал еңбек етудің жарқын бейнесі» тақырыбында пікір алысу жүргізіңіздер.



*Алматы колхозы.
 Әбілхан Қастеев*



*Мақта жинау.
 Әбілхан Қастеев*



*Соколов-Сарыбай кеніші.
 Әбілхан Қастеев*



*Шөп шабу.
 Әбілхан Қастеев*



Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіздер.

Адалбақан

(Үзінді)

Бейбіт Сапаралы

Биылғы қой жылы қазақ жамғатына жайлы тиіп, кесек-кесек іс-әрекеттер мен көл-көсір қуаныштар бойды тіктеп, ел еңсесін көтере түсуде. Соның бірі қазақ халқы жер бетінде барында мәңгілікке ұмытылмас бір айтулы сәті деп тұңғыш қазақ ғарышкері алты қат аспан көгіне самғауын айтар едік.

Әуелі Тоқтар ғарышкерлер тобына дайындыққа қосылды. Аз уақыт аясында ерен қабілет-бейімін танытқан ол мемлекеттік сарапшылар тарапынан бірауыздан жоғары баға алып, негізгі ғарышқа ұшушылар құрамына тіркеліп, енді ғарышта ұшу күндерінің қыруар іс-жоспарымен таныса бастады.

Төл тарихымыздың қазыналы ордасы Байқоңыр жерінде болғанымызда, ғарышкерлермен ұшу сапары алдында неше қайтара жүздескенімізде, ғарыш кемесі зымырандай көк тұңғиығына көтеріліп бара жатқанда «Тоқтар қандай қазақ перзенті?» деген сауал жан-дүниемізді мазалады да тұрды. Өйткені, ендігі жерде Тоқтар Оңғарбайұлы әлем халықтарына өзін тудырған халықты тағы бір жаңа қырынан таныстыратын еді...

Тоқтар ер тұлғалы, елгезек, ар-иманы бетіне үйірілген, жаны жайсаң, әскери сынақшыға тән қатулығынан гөрі ашық-жарқындығы, өзгенің жанын түсіне білушілігі басым, байқампаз азамат кейпінде танылды. Екі жасында әкеден жетім қалып, апа-жездесінің қолында өсіп, өскен ортасынан көп тәлім-тәрбие алуы да, шет-шығандап кетіп өзінің өмірдегі жолын батыл іздеуі де оны ерте бастан есейткен сияқты.

«Байқоңыр» мейманханасында ғарышкерлермен аттаныс алдындағы дәстүрлі баспасөз конференциясы болып өткеннен кейін үш-төрт әріптестер оңашада Тоқтар Оңғарбайұлымен мөлдір шынының ар жағында отырып жүздескенімізде тұңғыш қазақ ғарышкері қара домалақ қазақ балаларына бағыштап: «Інілерім мен қарындастарым бөгеліп-тосылып қалмай батыл өнер іздесін, өнер тапсын! Және өнерді қорықпай алыстан да іздесін! Ғасырдың ғылыми жетістіктерін меңгерсін!» – деп тілек айтуы жүректерде ұзаққа жатталар өсиеттей еді.

Иә, қазақ ғарышкері ұшу сапары алдында тігілген киіз үй дастарқанынан дәм татып, Қорқыт баба мәңгілік тұрақ тапқан мекеннің топырағы салынған бойтұмарды тағып, Сыр бойының құрметті азаматтарынан ақ бата алып, «Қазақ даласында ең жақсы көретін өсімдігім – жусан, ал ғарыш төрінде Мәди атамның «Қарқаралы» әнін орындайтын боламын», – деп тілшілер сауалына тебірене жауап қатып,

елтаңбаны жүрек тұсына аялай тағып, ұлттық нақышты сый-заттар мен «Батыр», «Алма», «Мақсат», «Өнер» деп аталатын ғылыми-тәжірибелік бағдарламаларды ғарыш кемесіне жайғастырып, тұңғыш Қазақстан президентіне «Ұшуға дайынмын!» деп серт беріп, «Қазақ перзентінің иісі болмаған» тұңғыық кеңістікке «Сәт сапар!» деп аттанып кетті.

Қазан айының 10-шы жұлдызында ақ түйенің қарны жарылып, тұңғыш ғарышкеріміз Тоқтар Әубәкіров қасиетті Торғай даласына жерге қонды. Сөйтіп, Табиғат-Анаға, Жер-Анаға, Күн-Әкеге, Айға, Жұлдызға, Тәңірге, Көкке қадым заманнан қасиеттеп қараған қазақ, құпия-жұмбағы шешілмес «Он сегіз мың ғаламға» бір мәрте кеңістікке көтеріліп тұрып, көз тастап, ғарыштық өлшеммен алғанда өрісін кеңейтті.

- *Тоқтар Әубәкіровтың топырақты, жусан мен қазақ әнін, елтаңбаны өзімен бірге ғарышқа алып ұшуының себебі неде?*
- *Ғарышкердің орнында болсаңыздар, сіздер ғарышқа не алып ұшар едіңіздер?*
- *Ғарышкер жастарға қандай тілек айтты?*
- *Ғарышкерді осындай жетістіктерге жеткізген қандай қасиеттері деп ойлайсыздар?*
- *Ақпарат көздерінен ғарышкер Тоқтар Әубәкіровтің еңбекқорлығы, азаматтығы жайлы ақпараттар жинап, әңгімелеп беріңіздер.*



Егер адам шын ниеттенсе, қолынан көп іс келеді. Ізгі ниет, адал ой ойлап, талаптанып, еңбек еткен адамның жетпейтін жетістігі, алмайтын асуы жоқ.

Қойған мақсатыңа, аңсаған арманыңа жету үшін ең алдымен мақсатың өзіңе және өзгелерге пайдалы, ізгі іске бағытталуы керек. Ең бастысы адамның жан-жақты ізденіп, білім алуы, адал, тынымсыз еңбектенуі және өзіне деген ішкі сенімінің берік болуы мақсатына жеткізеді.



3-тапсырма. Тоқтар Әубәкіровтың «Адам – өз тағдырының иесі. Гүліне қарама, түбіне қара, – дейді ғой. Жас кезімде әрдайым ізденіс үстінде жүретінмін. Бәрі ниетке байланысты екен. Бір нәрсенің соңына басыбайлы түссең, соның жемісін көресің» деген ойын басшылыққа алып, «Адал еңбек – мұратыңа жеткізеді» тақырыбында эссе жазыңыздар.

4-тапсырма. Мәтіндерді оқыңыздар. Одан адам өміріндегі адал еңбек пен ерік-күштің, табандылықтың нәтижелерін тауып, себебін түсіндіріп беріңіздер.

а) Қазақ халқының этнограф ғалымы Шоқан Уәлиханов небәрі 27 жас қана өмір сүрсе де, артында өлместей із қалдырды. Мұхтар Әуезов өзінің «Еңлік – Кебек» пьесасын 21 жасында жазса, әйгілі жауынгер-жазушы Бауыржан Момышұлы 30 жасында дивизияны басқарған. Ал Ғани Мұратбаев 23 жасында Халықаралық Коммунистік жастар интернационалының Шығыс бөлімін басқарған.

Мұхтар Әуезов кітапты шебер оқи білген, ойлап, талдап, қызығып оқыған. Көптеген шетел тілдерінде жазылған еңбектерді еркін оқып, орнымен пайдаланған. Ол араб ақындарын түпнұсқадан оқитын, парсы мақалдарын жатқа айтып, түрік, тәжік тілдерін білген. Ал «Индия очерктерін» жазу барысында ол Нерудің кітабын түпнұсқадан зерттеп оқыған.

Көрнекті сөз зергері Ғ.Мұстафин ешбір мектепте, ешқандай институтта оқымай-ақ өздігінен білім алған. Ал қазақ әңгімесінің шебері Бейімбет Майлин бар болғаны бір жарым жыл мектеп партасында отырған. Соған қарамастан, өз бетінше оқып-ізденудің нәтижесінде әдебиеттің барлық жанрында бірдей жемісті еңбек еткен.

Әйгілі неміс ақыны Гете өзі туралы айтқанда, мен 80 жыл бойы кітап оқыдым, бірақ әлі оқып бітпегенім көп, тағы да оқи бергім келеді деп жазған екен. (Ш. Әміралиев).

ә) Ағылшынның атақты ғалымы Чарльз Дарвин «Өзімнің орташа ғана қабілетіммен ғылым дамуына соншалықты ықпал жасағаным қайран қаламын», – дейді.

Ал Ньютон болса мектеп бағдарламасындағы математика мен физикадан жоғары жетістікке жетпеген екен. Эйнштейннің замандастары оның ешбір ерекшелігін байқамаған, қайта онымен бірге әлдеқайда «дарынды» балалар оқыпты. Сол Эйнштейн өзінің салыстырмалық теориясын жиырма беске толар-толмас кезде тұжырымдаған. Ньютон тартылыс және оптика туралы ілімдерін 25 жасында, Н.И. Лобачевский параллельдер проблемасының шеңберін 23 жасында тапқан.

Грек шешені Демосфеннің жаратылысынан тілі мүкістеу, дауысы тым әлсіз, әрі ұялшақ болған. Әйтсе де оның бойында табандылық, қайсарлық, мақсатқа талпынушылық бар еді. Міне, осы қасиеттер Демосфенге шешендік өнердің техникасын барынша жетілдіруге, оған қоса өз дауысын дұрыстауға, кекештікті жоюға септігін тигізді. Демосфен теңіз толқынының шуылынан асып түсем деп теңіз жағасында бірнеше сағат бойы дауыстап өлеңдер оқыды. Кекештіктен құтылу үшін тер төге еңбектенеді. Шешендік шеберлік мектебін бітіріп, өзімен қажымай жұмыс істесе де, ол табысқа бірден жеткен жоқ. Алғаш рет жұрт алдында сөйлеген сөзі сәтсіздікке

ұшырады. Екінші мәрте – тағы да сәтсіздік. Бірақ ол өз мақсатынан тайқып кетпей, қажымай-талмай еңбектене берді. Ақырында, жеңіс! Демосфен Ежелгі Грецияның ұлы шешендерінің бірі болды. («Адам мүмкіндігін білеміз бе?» Л.Рувинский)



Адам өмірдің бақытына, игіліктерге, ең бастысы өзін-өзі танып, өз мүмкіндігі мен ерік-күшін ізгі мақсаттарға, оқып-білуге жұмылдырып, дамытып, еңбектену арқылы жетеді.

Адамға табиғат берген қарапайым мүмкіндіктерімен-ақ өзін-өзі кемелдендіріп, бойындағы қабілетін дамытуда үлкен игі жетістіктерге жетуге болады. Әрине, нәтиже әркімнің өзіне байланысты. Адам өз ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін, тілегін қажетіне қарай айқындап ерік-күшін, жігерін соған бағындырса, оң нәтижеге жетеді. Дегенмен де толық жеңіс үшін білім мен тілек жеткіліксіздеу, өйткені білім алуда, қайсар мінез бен барынша дамыған ерік жоқ болса, тілек орындалмаған арман, қалықтап жүрген қиял боп қала береді.

Абай атамыз айтқандай «Нұрлы ақыл, жылы жүрек, ыстық қайрат» болса, адам қандай еңбекте де өзін де, өзгелерді де қуанышқа бөлейді.



Мейірімді болайықшы, ағайын

*Сөзі Сұлтан Қалидікі
Әні Құрмаш Махандікі*

Көктем етіп көркейтсе де маңайын,
Көріп жүрміз өкпешілдің талайын.
Өшігуді қояйықшы өзгеге,
Кешірімді болайықшы, ағайын!

Көк нөсерін көл етсе де жауындар,
Көк пен жерді сел етсе де дауылдар.
Пейілдерді пенделікпен тарылтпай,
Мейірімді болайықшы, бауырлар!

Болашаққа қол ұстасып барайық,
Ақиқаттың ауылын іздеп табайық.
Кішірейіп кетпес ғазиз басымыз,
Кішіпейіл болайықшы, халайық!

Ел болғанмен емеспіз ғой онша көп,
Сонда дағы бөлінумен шаршап ек.
Өзімізге қалайтұғын нәрсені,
Тілейікші өзгеге де, болса деп!

29-30 АДАМ – АДАМЗАТ АЙНАСЫНДА



... Қашан бала ғылым-білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады.

Абай

• *Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңыздар.*



Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіздер.

Рухани ұлы мұрат

(Үзінді)

Зейнолла Серікқалиұлы

Әлем картасы ала-құла. Деректер мен көрсеткіштердің өзі әр тілде сөйлейді. Жарық дүниеге дайын біліммен келетін тірі пенде жоқ. Шыр етіп жерге түскен сәттен бастап нәресте үшін бүкіл өмір оқылмаған қалың кітап тәрізді... Еңбектеп, қаз-қаз басып, бірте-бірте тілі шығады. Ер жетіп, есейеді... Ол ғұмыр бақи осы өмір кітабын оқып өтеді.

Білім – дүниенің кілті. Білім дегеніңіз – ғылым. Ғылым дегеніңіз – электроника, теледидар, ғарыш... Адамзат ұрпағының қазіргі бүкіл рухани, ғылыми-техникалық игілігі осы білімнен тамыр тартқан. Мектеп – білім бастауы; кітап, кино, жоғары оқу орындары, радио, теледидар, баспасөз – қазіргі заманда қай елдің, қай халықтың болмасын ұлттық мәдениетінің негізін қалайтын, мерейін өсіріп, шаңырағын көтеретін ұлы тірегі.

Заманына сай шығармалар жазып, халқынан лайықты бағасын алған көркемсөз шеберлері қазіргі бейбітшілік саясаты жетістіктерінде әлеуметтік ізгілік мүддесі үшін ғұмырлы туындылар ұсынған көп ұлтты халықтар әдебиетінің де елеулі үлесі бар екенін мақтаныш сезіммен атай алады. Бүкіл дүниежүзі қаламгерлерін әсіресе тегіне, түріне қарамай, ар-ождан еркіндігі, теңдігі жолындағы күрес мұратына біріктіру бағытында жүзеге асырылып жатқан ізгі нышандардың көбі өте-мөте ерекше.

Қарап отырсаңыз, адамзат ұрпағына қызмет ететін игілікті, ғылыми-техникалық, рухани қазынаның бәрі де ғасырлар бойғы адамдар арманының ақиқатқа айналған ұлы ырысы екен. Адам тек өз қарабасының қамы, мұң-мұқтажы жайлы ғана емес, бақытты өмір сүрсем деген жұпыны талап-тілегінен бастап, өз ортасы, төңірегі, елі,

жері, жарық дүние, бүкіл әлем тағдыры туралы ойланған.

Өз құдіретіне өзі сенген жерде мандай тер, білек күші, ақыл-ойымен құдіретіне құдірет қоса білген. Жылт еткен үміті арманымен ұласып, ал арманы алдындағы айқын мақсатымен сабақтасқан жағдайда ғана ол өз арманын өнерпаздық еңбегімен өмір шындығына айналдыра алған.

Есептеп көрсе, қазір адамзат игілігіне қызмет ететін барлық двигательдер қуаты екі миллиард ат күшінен де асып кетіпті. Бұл бүкіл жер шарын ораған дүлей дауыл, жел күшінен үш жарым есеге жуық қуатты. Ал адам баласы өзі жасаған құрал-жабдықтар көмегімен жылына үш мың текше шақырымдай жер қыртысын қопара алады десек, күні-түні тынымсыз таудан құлап арқырап аққан жер бетіндегі бүкіл өзендердің теңіздер мен мұхиттарға ағызып әкелетін топырағының шамасы он бес текше шақырымдай ғана. Бұл – адам еңбегі табиғат тасқынынан екі жүз еседей мықтырақ деген сөз.

Осы бұлшық ет, мандай тер, адал еңбек, ақыл-ой құдіретінің ар жағында өз тұрмысын жеңілдетуді көксеген адам баласының бір кездегі қияли арманы жатқан. Сол арман күндердің күнінде ақиқатқа айналған. Адам мен арман – егіз. Ғалам әдебиеті асыл қазыналарының бірі, ежелгі Вавилон мұрасы Гильгамеш эпосынан бастап, бүкіл халықтар тарихындағы батырлық, ерлік жырларының қай-қайсынан да адамзат ұрпағының ең ізгі арман-үмітімен сабақтас әр қилы іздену жолдарын аңғару тіпті де қиын емес. Жарық дүние тағдырын азалы ауыр жағдайларға душар ететін өлім жайлы ойланып, тәңірлер тәлкегіне қарсы шығып, Гильгамеш те жұмыр жерге жарасты бақыт тілеген, өлмес өмір іздеген. Ұлан-ғайыр кең әлемді кезіп, мәңгілік ғұмыр жырын шерткен Қорқыт қобызының зарлы сарыны да ұрпақтан ұрпаққа дүние сұлулығы, баянды бақыт туралы аялы арманына дем беретін рухани сүйеніш боп қала берген.

Біз енді осы байырғы халық аңыздарының жаңа мағынасын жаңаша сезінеміз. Адам өзі өлсе де, ешқашан оның ісі өлмесін!

Халқына, еліне, Отанына адал қызмет еткен жас жігіттің ақтық сыры ретінде берілетін Саттар Ерубаевтың «Мәңгілік өмір туралы жырын» іштей бір қайталап көріңіз. Өмір мен үміт жалғасы дегеніміз осы емес пе екен!

Арман қашан да ұлы идеялар мен ғұмырлық мұрат-мақсаттардың негізі болған. Өз бетімен бүтіндей жаңа құрлықаралық (транс-континентальдік) ұшақ үлгісінің жобасын жасап, мамандарды таңқалдырған Архангельск электр станциясының кезекші қызметкері (механигі), 26 жасар Н.Амосовтың о бастағы жастық арманы қандай өрісті еді. Бірақ Амосов тарихта алтын әріппен әспеттелетін өз орнын қиналған адамдардың бойындағы ауыр қасіретке қарсы күрестен

тауып, бірте-бірте мәңгілік өмір дастанын дәрігерлік саласында жазып шықты. Өз арманын адамзат ырысына айналдырудың айқын үлгісі болған, біздің замандасымыз хирург Амосовтың жүрек, өкпе ауруларын емдеу саласындағы, адам өмірін ұзарту

жолындағы мың-сан операциясы, ғылыми еңбектері, жаңалықтары оның есімін қазір бүкіл әлемге әйгілі етіп отыр.

«Адамдар ешқашан қайғы-қасірет дегенді білмесе екен, өзара керіспей, ренжіспей, ғұмыр бақи бақытты өмір сүрсе екен!» – Сәбилік шағынан жадында сақталып қалған жұмбақ, сиқырлы «Жасыл шыбық» жайлы аңыздың осы лұғат сөздері Лев Толстойдың бүкіл арман-үмітінің, шығармашылық еңбегінің тиянақ тұғыры, демеуші күші болған. Жас кезінде өз шаруашылығын ұйымдастыруда помещиктер мен шаруалар мүддесін өзара ұштастыра жүргіземін деп дәмеленген граф Толстойдың бұл арманын өмір ағымы, жеке меншік психологиясы быт-шыт қылғанымен, ұлы жазушы көркем шығармаларында ізгі арманынан, алғашқы сертінен танған жоқ. Замандастарына, кейінгі ұрпаққа адамгершілік жайлы рухани өлмес мұралар қалдырып кетті.

Адамдар ешқашан қайғы-қасіретті білмесе екен дейтін ақ тілеу бұл күнде барша ізгі ниетті адамзат ұрпағының айнымас анты болуға тиіс. Ұлы Отан соғысының орны толмас ауыр құрбандығын, қыршынынан қиылған, қасірет шегіп боздаған жетім-жесірлердің көз жасын еске ала отырып, әрбір арлы азамат жер бетіндегі баянды бейбітшілік жайлы ойланбай тұра алмайды. Еркіндік жорықтарының ұлы жеңісін, тәжірибесін бірте-бірте сезініп, өз азаттығы үшін арпалысып жатқан, теңсіздік әлемінде адамға адамның қиянатын, озбырлығын бастан кешірген дүниежүзінің езілген халқы бұл сөздің қадір-қасиетін түсінеді.

Ел мен елдер арасында бәтуаласу жарастығын жариялап жататын түрлі-түсті шарттар, әсіресе Батыс пен Шығыс саясаткерлерінің соңғы жылдардағы салиқалы келіссөздері осы адамзат арманының көкейтесті көп сұрақтарына жауап іздегендей.

Соғыста қалжыраған әрбір жауынгер үшін Бейбітшілік – арман. Ал қазір бұл – біздің алдымыздағы айқын мақсатымыз. Біз Бейбітшілік Бағдарламасын жүзеге асырып жатырмыз!

Ізгілік арманының қашан да туы биік. Атом қуаты – адамға адам зорлық таңатын, тамырыңнан қырқатын қарақшы қаруға айналмасын! Хиросима қасіреті ешқашан қайталанбасын! Жер, су, ауа, адам еңбегі, Ғарыш... – бәрі-бәрі ақ, сары, қара деп бөлмейтін, Адам деген бір-ақ айбынды құдіреттің ортақ игілігі болсын.

Адамдар ешқашан қайғы-қасіретті білмесе екен дейтін ақ тілеу бұл күнде барша ізгі ниетті адамзат ұрпағының айнымас анты болуға тиіс.


Міне, бүгінгі заманның жыры. Бұл тек жер басқан тірі пенденің ешқайсысы үшін арман боп қалмай, жұмыр Жердің төбесіне көтеріп, күн көзіне тура қарап, мөлдіретіп, алақанға салып аялап көрсететін ұлы шындығына айналсыншы.

- *Мәтіндегі автордың «Адамзат ұрпағына қызмет ететін игілікті, ғылыми-техникалық, рухани қазынаның бәрі де ғасырлар бойғы адамдар арманының ақиқатқа айналған ұлы ырысы» деген ойының шынайылығын қалай дәлелдеуге болады?*
- *Адамдардың ғасырлар бойғы ізгі арманының бүгінде игілігін көруінің себебін немен түсіндіруге болады?*
- *Мәтіннен асқақ, ізгі арман мен адал еңбектің нәтижелері бейнеленген тұстарын тауып, оқып беріңіздер.*
- *Өздеріңіз білетін ақыл-ойы мен еңбегін, өмірін адамзат игілігіне адал қызмет етуге жұмсаған азаматтар жайлы әңгімелеп беріңіздер.*



1-тапсырма. Сөзжұмбақты дұрыс шешсеңіздер, ерекше торкөзден «Адам» сөзін оқуға болады. Тапсырманы дәптерде орындаңыздар.

1. Бүкіл адам баласы.
2. Адам бойындағы таза ниет, адамның сана-сезімі мен ар-ұжданына қайшы келмейтін әрекеттер.
3. Адамға тән ізгі қасиет-болмыс.
4. Адамдардың туыстық негізінде ғана емес, жалпы адами қасиет ретінде өзге жұрттарды бауырына тарта білу, оларды жақын санап қамқорлық көрсетуі.



2-тапсырма. Өсиет әңгімені оқыңыздар. Ондағы кейіпкердің өз ойы, сөзі, ісіне қатынасын білдіретін сөздері мен істерін іріктеп алып, кестені дәптерге толтырыңыздар.

Үлкен бір ақсақалдан біреу сұрапты:

– Ақсақал, бұрындары жасап әлі де өкінетін қатеңіз болды ма?

– Иә, деді ақсақал, кезінде үлкен қате жасаған едім, ол жүрегімді отыз жылдан астам күйдіріп келеді. Ол қатемді есіме алған сайын өзіме жер таппай қаламын.

Бәрі аң-таң:

– Қандай қате еді ол? Соншалықты не жасаған едіңіз?

– Отыз жыл бұрын қаламызда үлкен өрт шыққан. Жанған базардың ішінде менің де кішкентай дүкенім болатын. Ол кезде мен қала сыртында едім. Елдерден барлық көршілерімнің дүкендері жанып, тек менің ғана дүкенім аман қалғанын естідім. Қуанып «шүкірлер болсын!» деп, құдайға шүкір еттім. Бірақ бірден жәбірленген басқа бауырларымды ұмытып, жеке басымның қамын ойлағаным үшін ұялдым. Деректемді түсініп, өкінгенімнің белгісі ретінде дүкенімдегі барлық заттарды кедейлерге тараттым. Алайда уақыт өткенімен, сол кездегі бір мезеттік өзімшілдік жүрегімде дақ болып қала берді, сол күнәнің өрті жүрегімде әлі де жанып тұр, – деді. («Жасаған қатесі» өсиет әңгіме).

Кейіпкер	Іс-әрекеті	Менің ойым

3-тапсырма. Әбіш Кекілбаевтың «Арлы адам – ең күшті адам. Ол өткінші бақыттың, өткінші қайғының ырқына мойынсұнбайды» деген ойын «көзқарас – себеп – мысал – қорытындылау» әдісімен талқылаңыздар.



Лев Толстой

Адам жетілудің, үлгісін өзінен табады. Ізгі кісі өзін жетілдіргенімен өзгеден соны талап етпейді. Өзін жетілдіруді қиынсынған кісі алдамшы жолға түскен кісідей: ылғи алаңдаумен, бақытты сәтті күтумен болады.

Адам ізгілікке жетсе, садақ атып, тимей қалғанда межелеген нәрсеге емес, өзіне өкпелеген мерген сияқты, сәтсіздік бола қалса өзгеге өкпелемейді. Жетілуге ұмтылған адам ұзақ жолды біртіндеп өтетін, тауға өрмелегенде төменнен бастаған адам сияқты.

Тоғышар адам бір іс туралы оны білмей тұрып пікір айтады, менмен кісі мәселенің шешімін өзі айтуға ұмтылады. Ізгі кісі үшін мәселенің

ірі-ұсағы болмайды, ол ең майда мәселені де байқаусыз қалдырмайды, соның өзін жетілу дәрежесіне жеткізуге тырысады. Ол өзінің ескі білімін бағалайды және оны толықтырып отырады.

Ізгі адам мынаны уайымдайды: әркім өз жүрегін ұдайы тыңдайды, онда ешқандай есуастық қалмауын ойлайды. Ізгі адам өзгенің көре алмайтын нәрсесін көреді.



Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіздер.

Үш сауал

Шәкәрім Құдайбердіұлы

Бір патша: «Үш түрлі нәрсені күні бұрын білген адам, бақытты болар еді деп, соны тауып берген кісіге көп сый беремін», – деп жариялапты. Ол үшеуі: бірінші – «Қай істі қандай уақытта істеген жақсы», Екінші – «Ең керекті кісі кім?», Үшінші – «Ең керекті іс не?»

Бұл хабармен неше түрлі халық, көп жандар жиылып әрқайсысы бір сөз айтты. Мысалы, кейбірі: «Күн сайын, жұма, ай сайын қылатын істі күні бұрын реттеп жазып қою керек», – деді. Кейбірі: «Онан түк пайда жоқ. Немене кез боларын қайдан білуге болады? Өйтіп орынсызға әуре болмай, ең керекті іс кез болғанда алды-артын байқап, әбден ойланып іс қылу керек», – деді. Кейбіреулері: «Жалғыз патша қанша ойланғанмен, қате қылуы мүмкін. Ондай іс кез болғанда, білімділерді жиып кеңесу керек», – деді. Кейбіреулері: «Кей істе өйтіп кеңесуге уақыт тар болады. Онанда күні бұрын ғайыпты болжайтындардың ақылымен болуы керек», – деді.

Патшаның ең керекті кісі кім дегеніне әркім әр түрлі сөз айтты. Мысалы, біреулер «Уәзір» дейді. Біреулер «Молдалар», біреулер «Доктор», кейбіреуі «Солдаттар» деп, әр қайсысы әр түрлі сөйледі. Ең керекті іс қай іс дегеніне де әр түрлі айтылып, кейбірі «Оқу» деді, кейбіреуі «Соғыс үйрету», кейі «Құдайға құлшылық қылу» деді. Сөз әр түрлі болып, патша ешкімге сый да бере алмады, ойын да шештіре алмады.

Сол қалаға жақын маңайда бір асқан ақылды тақуа адам бар еді, тастың үңгірін үй қылып, уақытымен ғибадатын етіп, ағаш егіп жатушы еді. Біреу ақыл сұраса, дұрыс айтып беруші еді. Бірақ аса сәнді киімділерді жолатпаушы еді. Патша сонан сұрамақ болып, құба төбел киініп жаяу барса, ағаш егетін шұңқыр қазып жатыр екен. Ақыл сұрай келген үш сөзін айтып еді, тақуа ханның ол сөзіне жауап қайырмай, алақанына бір түкіріп күрекпен топырағын лақтыра берді. Аздан соң тақуаның шаршағанын біліп, «Күректі маған беріңіз, мен біраз болысайын», – деген соң, «Рақмет, шырағым!» – деп күректі берді де,



демін алып отырды. Патша екі шұқыр қазып шаршаған соң, сұрай келген сөзіне жауап сұрап еді, тақуа:

– Сен шаршаған шығарсың, енді мен болысайын, – деп күректі сұраса де бермей, патша тағы екі сағатқа шейін жер қазады. Күн батуға таянып әбден шаршағанда қолындағы күректі тастады да:

– Ақсақал! Менің сөзіме жауап берілмейтін болса, мен қайтайын, күн кешкіріп қалды, – дегенде, тақуа:

– Ана бір кісі жүгіріп келеді. Соның кім екенін білейік, – деді. Патша қараса, бір қолымен бүйірін басқан бір жаяу. Патшаның алдына келді де, жығылып әлсіреп жатты. Қараса, бүйірінен қан саулап тұр. Патша жарасын сумен жуып, белбеуімен таңып, азар дегенде қан тыйылды. Аздан соң патша мен тақуа көтеріп үңгірге кіргізіп төсекке жатқызады. Жаралы тынымдап ұйықтай бастаған соң, патша әрі жер қазып, әрі жаралыға көмектесіп шаршағандықтан, босағаға сүйеніп тіпті қатты ұйқыға кетті, жаздың қысқа түнінің өткенін де білмей қалды. Күн шыққанда оянып, жаралыға қарап еді, ол да патшаға қарап тұрды да, нашар ғана дауыспен:

– Ей, патша, кешіңіз – деді.

– Мен сені танымаймын, нені кешейін?

– Сіз менің бар малымды алғансыз.

Сол кегімді алуға, сіздің қайтқаныңызды күтіп жүргенімде, солдаттарыңыз жолығып жаралап кетті. Егер сіз жарамды таңбасаңыз, мен өлі кісі едім. Осыдан жаным қалса, осы жақсылығым үшін сізге өмірімше құл боламын. Бірақ менің өлтірмек болғанымды кешіңіз! – деп жалынды.

Патша өзін өлтірмек болған дұшпанмен татуласқанына қатты қуанып:

– Сен де кеш! Не нәрсеңді алған болсам, бәрін қайырам. Және саған қазір доктор – күтуші жіберіп қалаға алғызамын, – деді де, тақуаға:

– Менің үш сөзіме не айтасыз? – деп еді, тақуа:

– Үш сөзіңізге де жауап берілді, – деді.

Ол қалайша? – дегенде, тақуа айтты:

– Егер сен менің шаршағанымды біліп, маған болыспасаң, ерте қайтар едің де, мынау сені өлтіретін еді. Сондықтан ең жақсы мезгілін тауып істеген ісің – маған болысқан кезің. Онда саған ең керек кісі мен болдым. Онан соңғы ең керекті уақыт, ең керекті іс – мына жаралының

жарасын байлап, қанын тыйған уақытың болды. Неге десең, сен жәрдем қылмасаң, тірі қалса, сенен кек алмай қоймайтын еді. Сондықтан ол кездегі ең жақсы іс – жарасын байлаған болып, ең керекті кісі – осы жаралы болды. Және ең керекті уақыт – осы уақыт! Неге десең, бәріміздің де қолымыз бос ерік өзімізде. Қазір ең керек кісі – осы дұшпаның болды. Неге десең, мұның жазылар, жазылмасы әзір неғайбіл, егер жазылса, бұл-дағы біреуге жақсылық қылғанды жанындай жақсы көрер еді. Ең керек іс – қазір осыған қылған жақсылығың, неге десең, адамның мойнындағы шын міндеті – біреуге жәрдем ету еді...

- Мәтіндегі «Үш түрлі нәрсені күні бұрын білген және дұрыс жасаған адамды» жақсы адам деуге бола ма? Неліктен?
- «Қай істі қандай уақытта істеген жақсы», «Ең керекті кісі кім?», «Ең керекті іс не?» деген үш сұрақты өздеріңізге қойып көріңіздер.
- Бұл әңгіменің рухани қуаты неде деп ойлайсыздар?
- Мәтіннен қандай ой түйдіңіздер?



4-тапсырма. Мәтіндерді оқып, адам болуға, азамат болуға негіз болатын тірек сөздер мен ойларды іріктеп алып, әңгімелеп беріңіздер. Тұлғалардың азаматтығы, елге, адамзатқа деген сүйіспеншілігі қай сөздерден көрінеді?

а) ... Жастарға қандай ақыл-кеңес айтар едіңіз Тоқтар аға?

– Мен мұны ылғи да айтып жүрмін. Намысты әркезде бірінші орынға қою керек. Жастарға, тәуелсіздік құрдастарына айтар бірінші кеңесім осы.

Екінші мәселе өмірде мақсатың болуы керек. Алдыңа мақсат қоймасаң, өмір бойы адасып өтесің. Бала кезден-ақ кім болатыныңды анықта. (Әңгімелескен Арман Алтайұлы).

ә) ... Бауырлар, кітапты көп оқыңдар. Спортта болсын, басқа салада болсын, ең бірінші білім керек. Білімің болмаса, еш жерден жарқырап шықпайсың. Ең алғаш спортзалға барғанда ұстазымыз барлық балаларды жинап алып айтқан: «Маған сендердің чемпион болғандарың керек емес, ең бірінші кезекте адам болыңдар! Ертең чемпион болғанда адам танымай, тәкаппарланып кетсең, немесе жеңілген кезіңде сынып қалып, төмен түсіп кетсең, ең қиыны сол болады. Сондықтан бірінші кезекте адам болыңдар!» – деген сөзі әлі жадымда. (Қанат Ислам: Тәуелсіз елдің қадірін білейікші, бауырлар! www.qazaquni.kz/ Қазақ үні. Ұлттық портал).

б) ... Бәрінен азаматтық биік! «Ақын болуға міндетті емессің, азамат болу борышың» дейді Некрасов. Қазақ ақылды адамын азамат деп ардақтайды.

– Некрасов – ұлы ақын. Айтқаны дұрыс шығар. Азаматтықты қастерлегенде, адамгершілікті де ескерген болар, – деді Жарас.

Қазақша азаматтықты көбіне тар мағынада түсінеміз. Кейде ат майын берген адам да, азамат атана беретіні бар. Азаматтық ақылға қарап та өлшене бермейді. Ал адамгершіліктің мәні, онан гөрі тереңірек жатыр. Ол бір адамның құшағына сия да бермес. Бүкіл адамзатты сүюге шақырады ол. Ал адамзатты сүйген азамат, адам баласына қиянат істемейді, әрине... (З. Шүкіров «Отты өткелдер»).



Өнер туындысымен танысып, Мағжан Жұмабаевтың «Бақытты өмір адам мен қоғамның, ұлт пен адамзаттың бірлігін қалайды» деген сөзін негіз етіп алып, «Адам және адамзат» немесе «Адам – жасампаз», «Өнегелі өмір» тақырыптарының біріне пікір алысу жүргізіңіздер.



Ұлы көш. Тюлькиев Б.А., Қожамқұлов З.К.



Әмірхан Меңдеке «... Әуелі – адам, содан кейін – қоғам. Әуелі – ізгілік, содан кейін – үйлесімділік. Әуелі – руханият, содан кейін – өркениет. Бастапқылары түзелмей, кейінгілері ешуақытта түзелмейді» дейді.



Ерлікке шақыру

Сөзі мен әні Мұхтар Шахановтікі

Міне, саған ойланатын келді күн,
Азамат боп атқа міндің сен бүгін.
Бірақ атқа мінгеніңнен не пайда,
Жүрегінде қалғып жатса, ерлігің.

Қайырмасы:

А - а - а
Бозбала,
Қанатыңды талдырма,
Алай-түлей жаңбырда,
Тізгініңді беріп қойма тағдырға,
Қуанышым.
Жан-тәніңмен бір адамды сүймегенің үшін,
Сүйе алмағаның үшін
Табиғаттың алдында кінәлісің.

Қорға, жаным, сеніміңді жеруден,
Қорлық бар ма, жанбай жатып сөнуден.
Өмірдегі үлкен жеңіс әрдайым,
Басталмай ма өзіңді өзің жеңуден.

Қайырмасы.

31-32 АР-ҰЖДАН – АДАМДЫҚ БЕЛГІСІ



*...Жайнар көңіл, қайнар өмір,
Ар ілімі оқылса.*

Шәкәрім

• Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңыздар.



Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіздер.

Парасат майданы

(Үзінді)

Төлен Әбдіков

Өмір – күрес. Адамдар алдымен қара күшпен күресетін болды. Одан кейін неше түрлі қару-жарақ ойлап тауып, соғыс ашып, халықтарды жаппай қырғынға ұшыратты. Енді, қатері одан кем емес ақыл парасат майданы шықты. Егер бұл майданда ізгілік жеңіске жетпесе, адамзаттың рухани күйреу дәуірі басталады. Одан құтқаратын күш жоқ.

... Сіз маған ізгілікке қалай сенсеңіз, зұлымдыққа да солай сеніңіз депсіз. Құрбым-ау, олардың өмірде бар екенін мойындау сенім емес қой. Сенім деген сол екеуінің біреуінің адам үшін қымбат екенін, артық екенін мойындау. Достоевский: «Сенім жоқ жерде – ізгілік те жоқ», – дейді. Сонда бұл қандай сенім? Ізгіліктің болмыста бар екеніне ғана сену ме? Жоқ, бұл – ізгіліктің жеңісіне деген сенім. Ізгілікке сенім артпаған адам ешқашан да жақсылық жасай алмайды.

Сіз тағы да ештеңеге «жақсы», «жаман» деп айдар тағуға болмайды депсіз. Адам баласының хайуандар әлемінен жоғары тұруы әлгі «жақсы» мен «жаманды» айыра алатын парасатының арқасында ғана емес пе. Егер біз осы екі ұғымға лайықты айдар таға алмасақ, адамгершілік деп аталатын ұлы шарифат та тумаған болар еді.

Адамгершілік – адами қарым-қатынастың қағидасы. Онсыз адам өмір сүре алмайды. (Рас, адамгершілік пен ардың заңын жиі-жиі бұзатындар жеткілікті-ақ шығар, бірақ оған қарап, адамзаттың бүкіл болмысын жоққа шығару мүмкін емес).

...Жалпы, ізгілік пен зұлымдықтың табиғаттағы арасалмағы бірдей, тек сол тепе-теңдікті сақтай білу қажет деген пікір, меніңше, жаңсақ пікір.

Ізгіліктің көлемі зұлымдықпен ешқашанда тең болған емес. Себебі

ізгіліктің жолы жіңішке. «Қиянат жасаудың мың түрі бар, ал қиянат жасамаудың түрі біреу-ақ, ол – тек қиянат жасамау» деген біреудің сөзі бар. Сондықтан қолыңнан келсе, жасайтыныңды ізгілікке жаса. Ал зұлымдық сенің әлпештеуіңді қажет те қылмайды. Бостандық деген не? – Ар-ұяттың тазалығы», – деген біздің дәуірімізден жеті ғасырдай бұрын жер бетіндегі жеті дананың бірі – Периандр Коринфский. Ғажап емес пе! Яғни шын бостандыққа рухани кемелдену арқылы ғана жетуге болады. Мінеки, мұндай бостандықтың алдында бас киімді алып, басың жерге жеткенше иілу керек.

«Ізгілік қай ғасырда жеңіске жетеді? Анық дәлел бар ма?» – депсіз. Ізгіліктің жеңісін жер бетінен зұлымдықтың түп-тамырымен жойылып кетуі деп түсінсек, тым қарабайырлық болар еді, әрине. Ізгіліктің жеңісі – ізгілік туралы идеяның адамзат санасына берік орнауы.

... Жалпы ерлік дегеннің өзі не нәрсе? «Кеселді кісінің ер келетұғыны несі?» – дейді Абай. Қарап отырсаңыз, біздің көбіне ер дейтініміз кеселді іске жүрек жұтқандар. ...Ал рухани ерлікті қайтеміз? Мәселен, өз мініңмен

*Адамгершілік – адами
қарым-қатынастың
қағидасы. Онсыз адам өмір
сүре алмайды.*

қателігінді мойындаудан қорықпау, өзгеге қаталдық емес (одан оңай не бар), өзіңе қаталдық көрсете білу, өзінді жазалай білу, қысқасы, ең алдымен өзінді өзің жеңе білу – мұның бәрі ерлікке жатпай ма? Өзінен әлеқайда күшті жаудың аузына өз еркімен түсуге жүрегін даулата білген жаңағы торғайдың ерлігін арыстанның қайталай алмауы әбден мүмкін. Бәлкім, осы тұрғыдан кейбір ұғымдарды қайта қарауға тура келетін шығар. Сіздің бүкіл идеяңыз «ізгілік мұраттары жер бетіндегі адамдардың кемелденбеген өміріне сәйкес келмейді» деген тұжырымға негізделген. Рас, анық өмірде кемеліне келген мүлтіксіз ештеңе жоқ. Бар болса, ол әрі қарай дамымас та еді. Жер бетіндегі тіршіліктің мәңгілігінің өзі мәңгі дамуға негізделген. Сондықтан кемеліне жеткен мүлтіксіз ештеңе болуға тиісті емес. Бірақ суретші иә мүсінші өз туындысын жасағанда міндетті түрде жаңағы өмірде жоқ кемелдікке ұмтылады. Оған ешқашанда жете алмасын өзі де біледі. Алайда соның арқасында талай тамаша өнер туындыларының дүниеге келетіні белгілі.

Емделмейтін ауруларды емдеу арқылы, алынбайтын қамалдарға жасалған шабуылдар арқылы, сол жолдағы жеңіске бергісіз жеңілістер арқылы адамдар ғажайып рухани биіктерге көтеріледі, адами мүмкіндіктің көкжиегін кеңейтеді.

Ендеше мұраттың қарабайыр тіршілікке сәйкес келмеуі оның кемшілігі емес, керісінше, артықшылығы болмақ.

Өмірді жақсартуға болатын ізгі сезімдер мен ізгі шарттарды құдай

бәріміздің бойымызға берген. Енді сол шарттар мен ойға алған ниеттердің іске аспағанын өзіміздің табансыздығымыз бен жігерсіздігімізден көрудің орнына, ар-ұяттың құдіретімен жасалған қасиетті ұғымдарды тәрк етіп, бүкіл адамзаттың парасатын жоққа шығарғымыз келеді.

Адами өмірдің заңын адам жасайды. Ол заңның іске асуы өзіміздің құлқымызға байланысты. Рас, табиғаттың ірге тасында біздің қасиетті сезімдерімізді қорлайтын қатал заңдар көп. Бірақ, табиғаттың ол заңдарымен өмір сүретіндей, оны өзімізге тіршілік шарты етіп алатындай – біз хайуан емеспіз ғой.

...Кіршіксіз тазалықты талап ететін ұғымдар бар. Мәселен: махаббат, аруждан, мұрат, әділдік, адалдық т.с.с. Сәл-пәл арамдық араласқан адалдық, сәл-пәл әділетсіздік араласқан әділдік, сәл-пәл алаяқтау махаббат болмайды. Олар я бар, я жоқ. Мұны абсолют десең де, демесең де, негізгі мағынасы осы. Ал ізгілік мұратының табиғаты туралы өткен хатта өз дәлелдерімді толық келтірген болатынымын. Оны қайталап жатпаймын. Айтарым, ізгілік мұраты күн сайын өзінің орындалуын талап етіп отыратын заң емес, ол заң секілді жағдайға қарай өзгеріп, кезең сайын толықтырылып отырмайды.

Мұрат – баратын жерді емес, жүретін бағытты көрсетуші темір қазық іспетті рухани жұлдыз. Сондықтан адамның өзінің кемшілігінен туындайтын жердегі берекесіздікті көктегі жұлдыздан көрудің реті жоқ.

Жердегі өмірді жақсарту үшін мұратты емес, адамды жөндеу керек, адамды.

Мұрат – баратын жерді емес, жүретін бағытты көрсетуші темір қазық іспетті рухани жұлдыз.

Екіншіден, ізгілік пен зұлымдық атауын өзгерту тек күнәһарлар мен қылмыскерлерге ғана тиімді болуы мүмкін. Өйткені бұл оларды мандайларына басылған қара таңбадан бір-ақ сәтте құтқарар еді. «Мейлі, ақтай беріндер, мейлі, жазаламай-ақ қойыңдар, бірақ зұлымдықты зұлымдық деп өзінің атымен атаңдаршы», – дейді Федор Достоевский. Осы кісінің айтқаны дұрыс секілді.

... «Күнәһәрмен емес, күнәнің өзімен күресу керек», – деген М.Ганди. Күнәдан жиіркенбейтіндер күнәмен ешқашанда күреспейді.

Адамның ар-ұятына байланысты ұғымдардың мойындалмай, тіпті мүлде керісінше сипат алуы мені ұзақ ойландырды. Ақыры бір тоқтамға келгендей болдым...

Мәселен, ұрлық жасау барлық елдің ұғымында маскара болып есептеледі. Бірақ ұрлықтан дәм татып дәнiккен адамға ол ешқандай да маскара емес... Яғни белгілі бір табалдырықтан аттағаннан кейін, саған әлдебір хайуани бостандық келеді, жиіркенуден арыласың. Бәрі де бой үйренуден басталады: темекі де, маскүнемдік те, нашақорлық

та. Өлдебір қылмысқа батыл қадам жасасаң болды, әрі қарай өзінен-өзі майға түскен пышақтай жылжып кете береді екен. Өйткені ар табалдырығынан аттағаннан кейін-ақ, жамандыққа бой үйренеді. Табалдырықтың ар жағында тұрған адамға ештеңе де ұят емес. Ештеңеден де қысылмайды. Өйткені басқа территорияда тұр. Ол тек осыны неге ертерек жасамадым деп өкінуі мүмкін. Алайда, бір затты естен шығармаған жөн. Табалдырықтан аттау – аттамағаннан жүз есе жеңіл. Аттау үшін үлкен күш жұмсаудың қажеті жоқ. Ішкі жеңілтек (хайуани) сезімдеріне ерік берсең болды. Ал аттамау үшін үлкен қайрат керек... Ондай жігерің болмаса, «табалдырықтан аттай салғанда тұрған ештеңе жоқ» деп өзінді-өзің алдап, жұбатқаннан басқаға шамаң келмейді. Олай болса, адамгершілік деген қалаған кезде кіре салатын есігі ашық тұрған иесіз үй емес, үлкен рухани жігерді, төзімді қажет ететін, шарты қатал, кіруі қиын сәулетті ғибадатхана. Ал қиындыққа төздіретін, жігерінді құм қылудан сақтайтын жалғыз нәрсе өмірге рухани мән-мағынаны ізгілік қана бере алатынын арыңмен, жаныңмен сезінуің ғана.

- Мәтіндегі «Ізгілікке сенім артпаған адам ешқашан да жақсылық жасай алмайды» деген сөзді қалай түсіндіңіздер?
- Автордың «Шын бостандыққа рухани кемелдену арқылы ғана жетуге болады» деген ойын қалай түсіндіңіздер?
- Адамды жамандыққа не итермелейді? Ал жамандаққа қадам бастырмайтын не деп ойлайсыздар?
- Ар-ұяттың адамның адал күзетшісі болуының себебі неде?
- Осы мәтіннен қандай ой түйдіңіздер?



1-тапсырма. Төменде берілген рөлдер бойынша жаңалықтар бағдарламасын «Ар-ұждан – адамдық белгісі» тақырыбының негізінде жасаңыздар.

а) Зерттеуші тілші.

Тәулік бойы күнделікті өмірінде ар-ұжданды басшылыққа алған адамдар өмірі жайлы хабарлайды.

ә) Теледидар жүргізушісі.

Ар-ұжданмен өмір сүргендер жайлы оқиға орнынан жиынтық ақпараттар ұсынады.

б) Сұхбат алушы тілші.

Әлемдегі барлық адамдар ар-ұжданмен өмір сүрсе, онда...

2-тапсырма. «Адамды түсіне қарап таныма, істеген ісіне қарап таны» деген тақырыпта жағдаят ойластырып, сахналап беріңіздер.



Ғарифолла Есім

Ар жүйесі дегенде адамшылық кеңістігі айтылады. Ар таза күйінде кездеспейді, оның көріну формалары: ұят, намыс, ұждан, ғашықтық, достық, кісілік, жомарттық, ізгілік, парасаттылық, даналық, талаптылық, т.б. Ар дегеніміз көңіл мен рухтың сапалық өлшемі немесе анықтаушысы деуге болады.



Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіздер.

Саңылауы жоқпен сабақтас болма

Бөлтірік Әлменұлы

Бөлтіріктің ұлы жас кезінде өзі қатар балалардың сотқар, бұзықтарына көбірек үйір болып, көбінесе солармен бірге ойнайды екен. Әкесі баласының мұнысын құп көрмей, оған бұзық балалардан аулақ жүруін әлденеше рет ескертеді, бірақ одан ештеңе шықпайды. Сөйтіп жүргенде, бір-екі жыл өтіп кетеді. Бір күні серіктерінің бастауымен Бөлтіріктің баласы көрші ауылға барады. Қасындағы жолдастарының бұл ауылға

қыдырып барамыз дегеніне сеніп, Бөлтіріктің баласы оларға еш алаңсыз еріп жүре беріпті.

Көрші ауылға келген соң, балалар келген ауылының бір мырзасының құмай тазысын ұрлайды. Жолдастарының мұндай ойынан бейхабар келген Бөлтіріктің ұлы бұған



ренжиді. Бірақ болар іс болып қойған соң, амалсыз серіктерімен бірге ауылына қайтады. Тазы иесі сұрастырып жүріп, ұрыларының кім екенін біледі. Тазысын да табады. Жазықтылар айыбын тартады. Айып тартқандардың ішінде Бөлтіріктің баласы да болады. Бала әкесіне өзінің айыбы жоқтығын, серіктерінің тазы ұрлайтын ойы барын білмегенін, білгенде, оларға қосылмайтынын айтып ақталады. Сонда Бөлтірік мына сөзді айтқан екен:

Саңылауы⁴⁷ жоқпен

Сабақтас⁴⁸ болма.

Байлауы⁴⁹ жоқпен

⁴⁷ Түйсік, сана, ақыл, ой.

⁴⁸ Бір болу, бірге болу.

⁴⁹ Тоқтамы, негізі, ақылы.

Санаттас⁵⁰ болма.

Тілегі жаманмен

Қапаға⁵¹ түспе.

Тегі⁵² жаманмен

Ортаға⁵³ түспе.

- *Бөлтірік шешеннің баласы неліктен келеңсіздікке душар болды?*
- *Бөлтірік шешеннің ұлына айтқан сөзінен не ұқтыңыздар?*
Қандай сабақ алдыңыздар?
- *Ата-аналарыңыз немесе үлкендер айтқан қандай ақыл-кеңесті өзгелерге сабақ ретінде айтар едіңіздер? Неліктен?*
- *Қарамен берілген сөздерді түсініп алыңыздар.*
-

Шәкәрім



Ұждан ілімі рухани-адамгершілік тәрбиенің негізі. Адамның тұлға боп қалыптасуына ата-анасы, айналасы, замандасы, тәлім берер қылған ісі. Сенім белгілерін негізгі басшылыққа ала отырып ұят, шыдамдылық, аяушылық, ізгілік, әділеттілік сияқты қасиеттердің иесі бола алмақ.

Шынайы адам өзіне ғұмырлық даналық жинаған адам. Мәңгілік – не ексең, соны орасың деген өмір тәжірибесінің жемісі. Адам жанының жетістігі рухани әлемнің қазынасына құйылады. Әр адам ұждан білімін оқыса, адамгершіліктің биік шыңына жете алады.



3-тапсырма. Шәкәрімнің «Адамдағы ынсап, әділет, мейірім – үшеуі қосылып ұждан деген ұғым шығады... «Адамшылық арым соны істеуді ұнатады» деген «ұжданың солай қылғанды ұнатады» дегендік болып шығады. Бұған нана алмаған адамның жүрегін ешбір ғылым, өнер, ешбір заң тазарта алмайды... ұжданы сол жанның азығы екеніне ақылмен сынап істесе, оның жүрегін ешнәрсе қарайта алмайды» деген ойын «көзқарас – себеп – мысал – қорытындылау» әдісімен талқылаңдар.

⁵⁰ Қатар, бірге.

⁵¹ Реніш, кейіс.

⁵² Арғы атасы, шыққан жері.

⁵³ Адамды қоршаған әкімшілік тұрмыс жағдай, сол жағдайға байланысты қатынас жасайтын адамдар тобы.

4-тапсырма. Өлеңді оқып, ондағы ар-ұжданға байланысты түйген ойларың туралы қысқаша ақпарат әзірлеңдер.

Құтты білік

(Үзінді)

Жүсіп Баласағұн

Ұятты біл, ұятсыздан қашық бол,
Парасатқа, пәк көңілге асық бол!
Ар-ұятың жаман істен сақтайды,
Бұзықтарды ұят түзеп, ақтайды.
Кісілікті ұят сақтап қалады,
Ұяты бар кісі – адамның адамы.
Іс берсең бер ұятты – арлы адамға,
Намысты жан ашпайды есік арамға.

Ұятсыздың ұятсыз, нас тілі де,
Жөн сөзі жоқ, кісі қоры тіріде.
Тыңда адамды ұяты – көз, жолы хақ,
Ақыл айтқан ақ жүрегін қолына ап:
«Ұятсызға жақындама, жырақ тұр,
Ұятсыздың көзі ұятсыз, құлақ тұр».



Ақ көгершін

*Сөзі Нығмет Баймұхамедовтікі
Әні Ахмет Жұбановтыкі*

Ақ көгершін, көгершін,
Қолқанат құс сен едің.
Бар, кезіп қайт, ел үшін.
Кең дүниенің көлемін.
Әділеттің құсы деп,
Көз алмастан жолыңнан,
Ұшырамын қолымнан.

Ел тілегін алып ұш,
Адамзаттың бағына.
Қара бұлтты жарып ұш,
Мұхиттың арғы жағына.

Көзін сенен алмайды,
Ақ ниеті бар адам.
Ақ қанатың талмайды,
Әділеттен жаралған.
Тыныш бейбіт өмірдің,
Белгісі боп қанат қақ.
Әлемге ортақ көңілдің,
Қайт шыңына қонақтап.

Ел тілегін алып ұш,
Адамзаттың бағына.
Қара бұлтты жарып ұш,
Мұхиттың арғы жағына.

33-34 ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ САБАҚТАРЫ



*Басқаларды бақытты етуге тырыса отырып,
өз бақытымызды табармыз.*

Платон

• Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңыздар.



Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіздер.

Мағыналы өмір сүрудің сыры неде?

Сағындық Ордабеков

Не үшін өмір сүресің? Осы бір сұрақ төңірегінде ой қозғасақ, кім не айтпайды, тәйірі. Сұрақ біреу болғанымен, әркім өзінің сана түйсігіне, ой-қиялына қарай жауабын сан жаққа жүгіртіп, әрқалай жауап беретіні белгілі. Ия, сонымен кім, не үшін өмір сүреді?

Есімі тарихта қалған австриялық психоаналитик Виктор Франкл «Біз өмірге айналадағы жұртты қуанту үшін ғана келдік. Қасындағы адамның түріне, жынысына, мәртебесіне, әлеуетіне қарамастан оған шаттық сезім сыйлау үшін ғана туылғанбыз», – дейді.

В. Франкл дәрігер болып жүргенде мынадай сезімнің соңына түседі. Ол ақша табу үшін байларға ақылы қызмет көрсететін. Ал, түстен кейін жағдайы жоқ кедейлерге тегін қарасады. Яғни, оларды емдегені үшін ақы алмайды. Кедейлер оған риза болып, алғысты жаңбырша жаудырады. Франкл олардан алғыс алған сайын бақытқа бөленетін. Кеудесі шаттыққа толып, бейне бір бұлттың үстінде қалқып жүргендей болады. Әрине, қалталы пациенттер де алғыс айтуды ұмытпаған. Бірақ, еңбегіне ақы алған соң жанды балқытып тұратын ләззатты таба алмай, өмір сүруге деген ынтығы азаяды. Клиникасының ақшаға тәуелді екенін біліп тұрса да, адамдардан алғыс есту үшін ақысыз қызмет көрсетуге құмартып алады. Жағдайы жоқ мұқтаж жандарға тегін қарасқан сайын оның өмірге құштарлығы арта береді. Осылайша Франкл шыбын жанға толассыз шабыт сыйлайтын шаттық сезімді кеудесінен шығарып алмау үшін барлық адам ұрпағына риясыз қызмет ету керектігін ұғына түседі.

...Сонымен, «Өмірдің мәні не?», «Бізді тіршілікке ғашық етіп, ажалмен айқасуға батылдық беретін қандай күш?» деген сұраққа, Франкл: «Өмірдің мәні – өзгеге қуаныш сыйлау. Өмір жолында саған серік болған адамды қуанту. Оның көңіл күйін шаттық сезімге толтыру.

Адамдарға риясыз қызмет ету арқылы өзінді де, оны да шаттыққа бөлеу» дейді.

... Ал ұзақ өмір сүрудің құпиясы мынада: жапондықтар қарым-қатынас кезінде бір-бірін ренжітпеуге, көңіліне қаяу салмауға тырысатын халық деседі. Нақ осындай қадамы құтты елді әлем картасынан табу қиын. Экономиканың кереметін біз солардан көріп отырмыз. Күріш егетін, қала салатын ұлтарактай жері де қалмады. Оларда табиғи байлық дегеніңіз атымен жоқ. Осыған қарамастан жапондықтар жаһандағы ең бай ұлт саналады. Байлыққа жеткізген де – ақыл-парасат пен ғылым-білімі. Ал енді осы ғажайып жетістіктерді ежіктеп айтып отыруымыздың себебіне келейін.

Гәп жоғарыда айтқан ұлт қазынасында жатыр. Тұтас елдің табыстылығының құпиясы сол, жапондықтар өз ой-пайымдарын тізгіндеп ұстауды үйренді. Теріс ойлар әңгімелесіп отырған адамның көңілін бұзып, жүйкесіне тиіп қана қоймай, оның денсаулығына, болашағына нұқсан келтіретінін жақсы білгендіктен, олар балағат, дөрекі сөздерді өз тілдерінен мүлдем тыйып тастапты. Жапондықтардың көп жасауының ақиқат сыры, міне, осында. Бір-біріне деген ілтипат-ізгілікте, сыйластықта.

Ізет пен ілтипат, сыйлағанның құлы болу, шынына келгенде, қазақтан қалған. Даладай дарқандық та, кең пейіл де, ер көңіл де, жалғыз атын жолаушыға сойып салар қонақжайлық та, зият тектілік те қазақтың сүйегіндегі қазыналы қасиеттері екендігі бүгінде төрткүл дүниеге түгел мәлім-ау. Бағзыдан бергі салт-санасы, әдет-ғұрпы, дәстүр-жоралғысы, тәлім-тәрбиесі, даналық сөздері – бәрі-бәрі қазақтың азбас-тозбас, сарқылмас асыл қазынасына жатады. Осының бәрі, сайып келгенде, Елбасы айтып жүрген интеллектуалды ұлт қалыптастырудың негізі, адам капиталының алтынға айырбасталмас әзиз құндылықтары болып табылады. Олай болса, қазақ қазынасын игерейік, ағайын! Ұзақ ғұмыр да, ырыс-береке де ұлт рухынан, ұлттың ақыл-парасаты мен жан-жүрегінің қайнарынан шығатынын әсте қаперден шығармайық», – дейді журналист Қорғанбек Аманжол.

- Автордың «Не үшін өмір сүресің?» деген сұрағына қалай жауап берер едіңіздер?
- Мәтіндегі Виктор Франклды бақытты еткен не деп ойлайсыздар?
- Қазақ халқының жасампаздығының себебін немен байланыстырар едіңіздер?
- Сіздерді бақытты етуге тырысып жүрген жандар жайлы не айтар едіңіздер? Әңгімелеп беріңіздер.



1-тапсырма. Сыныптағы «Асар» тобының жыл бойы атқарған ізгі істерінің қорытындысын шығарып, фотокөрме, презентация жасаңыздар. Жаз мезгілінде атқаратын іс-шаралардың жоспарын жасаңыздар.

2-тапсырма. Facebook, Instagram, Twitter желілерінде рухани-адамгершілік бағытындағы ашқан парақшаларға сараптама жүргізіп, қорытындысын диаграмма түрінде көрсетіңіздер. Осы парақшаларды ары қарай дамыту жоспарын жасаңыздар.

3-тапсырма. «Менің борышым» жобасының нәтижелерін презентациялаңыздар. «Өмір мәні – ізгілік» тақырыбында мерекелік іс-шара ұйымдастырыңыздар. Оған ата-аналарыңызды, өздеріңізге немесе өздеріңіз көмектескен адамдарды қонаққа шақырыңыздар.



Бағала

*Сөзі Мирас Қадырмұраттікі
Әні Ренат Гайсиндікі*

Күлімдеп көктем көңілде,
Көркем өмірде,
Бөленейік мөлдір сезімге.
Шынайы болса сөзіміз,
Болар жолымыз,
Өзгертетін бәрін өзіміз.
Бастау алатын тілегің,
Сенің тірегің –
Кеудеңдегі соққан жүрегің.

Қайырмасы:

Бағала уақытыңды,
Бағала бақытыңды,
Ата-ана, дос-бауырдың бәрін бағала!
Бағала адалдықты,
Бағала адамдықты,
Бағалай алмағанға бақ кеп қона ма?

Алданып елес, сағымға,
Жолдан жаңылма,
Әр күніңді сый деп қабылда.
Қиындықтардан жеңілме,
Ешбір берілме,
Бақыт оңай келмес тегінде.

БІЛІМДІ БЕКІТУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТІЛЕУ

1-тест

Адам виртуалды кеңістікті өз игілігіне жарату үшін:

- а) Нақты ізгі мақсаттың болуы, жақсы мен жаманды, уақытша мен мәңгілікті ажырата алуы, өзіңе шек қою білу, виртуалды өмір мен нақты өмірде дұрыс таңдау жасай алуы тиіс.*
- ә) Достарымен кеңесуі қажет.*
- б) Виртуалды кеңістікке көп уақыт бөлуі керек.*

2-тест

«Нұрлы ақыл, жылы жүрек, ыстық қайрат» болса, адам қандай еңбекте болсын өзін де өзгелерді де қуанышқа бөлейді» деген ойға сенің көзқарасыңыз?

- а) Адамды «Нұрлы ақыл, жылы жүрек, ыстық қайрат» қандай іс-әрекетте болса да оң нәтижеге жеткізеді.*
- ә) Бүкіл адамзаттың игілігі үшін өлшеусіз еңбек етіп, үлкен мәселелерді шешетін еңбек қуаныш әкеледі.*
- б) Барлық еңбек түрі адамды қуанышқа бөлейтіні мүмкін емес.*

3-тест

Адам адамзаттың бөлшегі екенін түсінесіз бе?

- а) Әрине, бізді қоршап тұрған шексіз кең, әрі мәңгі дүниенің бөлшегімін, бүкіл адам баласының бірімін.*
- ә) Адамзат менсіз де шексіз.*
- б) Жоқ. Мен өзімше әлеммін.*

4-тест

Ар-ұждан дегенді қалай түсінесіздер?

- а) Адамдардың сүйіспеншілікпен, қиянат жасамай өмір сүруі.*
- ә) Адам бойындағы жағымды қасиет, оның қоғамда қабылданған әдеп талаптарын мінсіз орындауы.*
- б) Адамға тән ізгі қасиет, намыс, ұят. Рухани-адамгершілік тәрбиенің негізі.*

«ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ» ПӘНІ БОЙЫНША ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІК

Адамгершілік – адамдардың күнделікті қарым-қатынасына қатысты гуманизм принциптерін бейнелейтін моральдық қасиет, адамдарға деген ізгі ниетілік, құрмет, жанашырлық пен сенім, кеңпейілдік, басқалардың мүддесі үшін жан аямаушылық сияқты жеке қасиеттерді қамтиды.

Адамгершілік қасиеттер – адамгершілік нормалармен реттелетін іс-әрекеттерге деген қатысын адамның бойынан өткізуі.

Адамгершілік мәдениеті – тұлғаның моральдық принциптері, нормалар мен идеалдарын игеру деңгейі, оларды адамдар арасында қарым-қатынастарда практикалық түрде пайдалану.

Адамгершілік мінез-құлық – адамдарға жағымды мінез көрсету, мейірімділік, рахымдылық білдіру.

Адамдық – адамға тән ізгі қасиет.

Адамшылық – адам бойындағы ізгі қасиет, адамгершілік.

Асар – жабылып бірге жұмыс істеуге, көмекке шақыру.

Атамекен – ата-бабадан ұрпаққа мұра болып қалған ежелгі құтты қоныс, мекен.

Әдептілік – адамдардың жүріс-тұрысы мен өзара қырым-қатынасының жалпы ережелері. Адам бойындағы жағымды қасиет, оның қоғамда қабылданған әдеп талаптарын мінсіз орындауы.

Әдет-ғұрып – жалпыға бірдей қалыптасқан қоғамдық дәстүр, жөн-жора.

Байыпты – сабырлы, салмақты.

Байыптылық – байыпты болушылық, ұстамдылық.

Бауырмал – өзгені жатсынбайтын, көпшіл, туысқаншыл.

Бауырмалдық – адамдардың туыстық негізінде ғана емес, жалпы адами қасиет ретінде өзге жұрттарды бауырына тарта білу, оларды жақын санап қамқорлық көрсету табиғи мінез-құлқының тұрақты қасиеті.

Гуманизм (лат. Humanus – адамгершілік, адамшылық) – адамгершілікті, адамға сүйіспеншілік идеясын білдіретін көзқарастар жүйесі.

Гибрат – тәлім-тәрбиелік, өнегелік мәні бар нақыл сөз.

Ғұлама – үлкен оқымысты, асқан ақыл-ой иесі, білгір ғалым.

Дарқан – пейілі кең, жомарт.

Дарқандық – адамның мінез-құлқындағы кеңпейілдік, оның мінезіндегі, айналадағы нәрселер мен құбылыстарға байсалды қарым-қатынасын білдіретін ұнамды және тұрақты қасиеті.

Дәйексөз – белгілі бір ғалымның, не ақындар мен жазушылардың шығармаларынан сөзбе-сөз алынған үзінді.

Ерлік – ер жүректікпен, ұстамдылықпен, табандылықпен және батылдықпен ұштасып жататын жеке бастың ерекшелігі.

Есті – ақылды, саналы, парасатты.

Жайдары – жарқын жүзді, ақ көңіл, ашық, кішіпейіл, мейірімді, мейірбан.

Жанашырлық – бір адамның қиын жағдайға тап болған өзге адамға, тілектес, ниеттес, ерекше көңіл-күйі, қамқорлығы.

Жасампаз – шығармашылық жолмен белгілі бір нәрсені жасаушы.

Жол беру – қазақ халқының дәстүрлі әдет-ғұрпындағы этикалық жоралғы. Дәстүрлі әдет нормалары бойынша жасы кіші үлкен кісіге бөгет жасамай, жол босатады, үй ішінде ол төрге отырғанша түрегеліп тұрады, астан дәм татар кезде де осы жоралғы сақталады.

Зиялылық, зияткерлік, интеллигенттік (ағылш. Intellectualism) – адамның жоғары мәдениеттілігінің, ақыл-парасаты мен адамгершілік қасиеттерінің жиынтығын білдіретін ұғым.

Игілік – ырыздықты, рухани және мәдени байлықты білдіретін жалпы ұғым; адамның белгілі бір қажеттерін қанағаттандыратын, оның мүддесіне, мақсаты мен ниетіне сәйкес келетін нәрселер.

Кеңдік, кеңпейілділік – адам бойындағы жақсы қасиетті білдіретін этикалық ұғым. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында айналасына жайлы, қолы ашық адамдарды алды кең, пейілі жомарт деп атап, жоғары бағалаған, кеңдікті адам бойындағы ізгі қасиеттер қатарына қойған.

Көпшілдік – адам бойындағы бауырмалдық қасиетті білдіретін ұғым. Көпшілдік адамның адамгершілік мұраттарды ардақтап, қоғамдық істерді жүзеге асырудағы қауымшылдығынан, белсенділігінен көрінеді.

Көргенділік – жеке адам бойындағы имандылық, кішіпейілділік, әдептілік тәрізді адамгершілік қасиеттерінің жиынтығы.

Қанағат, қанағатшылық – адамның барға риза болуын, місе тұтуын, нысаптан шықпауын, нәпсіге ермеуін білдіретін ұғым. Қанағат ету – жетіспеушілікке, таршылыққа төзіп шыдау емес, ақылға сүйеніп, өзін-өзі тежеп, құнығудан бас тарту. Қанағатшылық – қолдағы барына, қол жеткізген табыстарына разы болу.

Мейір – ықлас, ынта, ниет, көңіл.

Мейірбан – рақымы мол, қайырым, шапағаты зор.

Мейірбандылық – мейірімділік, қайырымдылық.

Ниет – бір нәрнесеге деген пейіл, ықылас, ынта.

Өзін-өзі жетілдіру – өзінің өмірлік қуатының мәнін, мақсатын жүзеге асыратын тәндік, жандық, рухани күш-қуатты сандық және сапалық өзгерістерге түсіретін ішкі объективтік үдеріс.

Өзіндік сана-сезім – сананың өзінді білу мен өзіне қатынастың бірлігі ретінде көрінетін бір түрі. Өзіндік сана-сезім сыртқы ортаны және өзінді өзің танудың бейнеленуінен біртіндеп қалыптасады.

Өзін-өзі тәрбиелеу – адамның өзінің теріс қылықтарын жойып, жағымды қасиеттерін жетілдіру жөніндегі саналы мақсатты іс-әрекеті.

Парыз – адамның қоғам, әлеуметтік топтар, халық, ұжым алдындағы адамгершілік борышын білдіретін этикалық категория, адам бойына тән азаматтық борыш, қастерлі міндет.

Табандылық – маңызды жігерлі сапа, өзінің әрекетін алдына қойған мақсатына бағындыру және кедергіні жеңе отырып, бастаған ісін аяқтап шығу.

Толеранттық (ағылш. tolerance-төзімділік, көнбістік) – басқа ойға, көзқарасқа, наным-сенімге, іс-әрекетке, әдет-ғұрыпқа, сезім-күйге, идеяларға төзімділік, жұмсақтық көрсете білу қасиеті.

Ілтипат – ықылас, пейіл, көңіл.

Ілтипатты – кішіпейілді, әдепті, инабатты.

Ілтипаттылық – кішіпейілділік, әдептілік, инабаттылық.

Этикалық норма – адамдардың ұқсас қылық-мінездерін жалпы ережелер бойынша немесе тыйым салу арқылы реттеп отыратын адамгершілік қағидалар формасы.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ЖӘНЕ ИНТЕРНЕТ КӨЗДЕРІНІҢ ТІЗІМІ

1. Абай /Ибраһим/ Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Т.2 Өлеңдер мен аудармалар. Алматы, 2002. – 336 бет.
2. Баласағұни Жүсіп. Құтты білік. Алматы, 2000. – 275 бет.
3. Бегалин Сапарғали. Шоқан асулары. Алматы. – 1971. – 192 бет.
4. Бекхожин Ерлан. Менің әкем. «Өлеңім – өмірім» кітабынан./ Құрастырған Е.Бекхожин, М.Бекхожина – Алматы, 2004. – 376 бет.
5. Даналардан шыққан сөз./ Құраст. Ұ. Асыллов. Алматы, 1987, – 383 бет.
6. Даналардан шыққан сөз: нақылдар жинағы. /Жинап, құраст., ауд. Ұ.Асыллов. – Алматы, 1987. – 383 бет
7. Дияров Нұрмұханбет. Мырзатай Жолдасбеков: Ол – туған халқының кемеңгері. «Ақтөбе» газеті. 02.12.2015.
8. Елаузынан. Шешендік сөздер, ақындық толғамдар, аңыз әңгімелер. /Құраст.: Б.Адамбаев, Т.Жарқынбекова/ Алматы, 1989.
9. Есенберлин Ілияс. Жан сырым. Алматы, 2001.
10. Жанұзақов Т. Қазақ тілінің сөздігі. Алматы, 1999.
11. Жұмабаев Мағжан. Қарағым. Көп томдық шығармалар жинағы. 1-том. Өлеңдер, дастандар, әңгіме. – Алматы, 2008. – 208 бет
12. Жұмабаев Мағжан. Жан сөзі. Алматы, 2005.
13. Келімбетов Немат. Үміт үзгім келмейді. Хикаят-монолог. Эссе. Алматы. 2005. – 432 бет.
14. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы/Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы, 2008.-968 б.
15. Құдайбердиев Шәкәрім. Шығармалары: өлеңдер, дастандар, қара сөздер. М.Жармұхамедов, С.Дәуітов, А.Құдайбердиев. – Алматы, 1988. – 560 бет.
16. Мақатаев Мұқағали. Шығармаларының төрт томдық жинағы. Алматы. 2001. – 320 бет.
17. Молдағалиев Жұбан. Ана туралы жыр. Шығармалар жинағы. Үш томдық. Алматы, 1979. – 688 бет.
18. Момышұлы Бауыржан. Екі томдық шығармалар жинағы. – Т.1. – Алматы, 2004. – 384 бет.

9. Қазақтың бата-тілектері мен өсиеттері. /Құраст. С.Негимов/ Алматы, 2007. – 120 бет.Қазақтың шешендік сөздері: құрастырған, толықтырған, өңдеген Балтабай Адамбаев. Алматы, 2006. – 160 бет.
19. Насыр Хұсырау Адамгершілік: Аударған С. Оспан. (Әлемдік педагогикалық ой-сана. 10 томдық. 2-том: Шығыс әлемі (орта ғасыр) /Жетекшісі Ә.Н. Көшербаева. – Алматы, 2009. – 400 бет.
20. Низами Гәнжауи. Ұлыма өсиет.. Аударған Қ. Бекхожин. (Әлемдік педагогикалық ой-сана. 10 томдық. 2-том: Шығыс әлемі (орта ғасыр). – Алматы, 2009. – 400 бет.
21. Р. Нұрғалиев. Философиялық сөздік. Алматы, 1996.
22. Оразақын Асқар. Әке. Анама. Отан деп оянғанда. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы, 2004. – 256 бет.
23. Ордабеков Сағындық. Жақсылық жаса адамға. «Егемен Қазақстан». 12.03.2010.
24. Шаханов Мұхтар, Айтматов Шыңғыс. Құз басындағы аңшының зары. Алматы, 1997.
25. www.ozin-ozitani.kz интернет-порталы.
26. www.Baq.kz сайты.
27. www.oi-tanymdar.kz сайты.
28. www.kitap.kz сайты.
29. www.qazaquni.kz сайты.
30. angimeler.wordpress.com сайты.

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

Абай Құнанбайұлы (1845–1904) – қазақ ақыны, қазақ әдеби тілінің негізін салушы, ойшыл, ағартушы, философ. Оның туғанына 150 жыл толуы 1995 жылы ЮНЕСКО-ның арнаулы шешімімен дүниежүзілік деңгейде атап өтілді.

Айтматов Шыңғыс (1928–2008) – қырғыз жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері, КСРО-ның Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтарының иегері.

Аймауытұлы Жүсіпбек (1889-1931) – қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі.

Әбдіков Төлен (1942) – қазақ жазушысы, драматург, қоғам қайраткері.

Әйтеке би (1666–1722) – қазақ биі, қоғам қайраткері.

Әлменұлы Бөлтірік (1771–1854) – қазақтың көрнекті шешені, биі, батыры.

Әлімбеков Қайрат (1963) – ақын.

Әуезов Мұхтар Омарханұлы (1897–1961) – қазақ жазушысы, ғалым, «Абай» эпопеясының авторы, оның туғанына 100 жыл толуы 1997 жылы ЮНЕСКО-ның арнаулы шешімімен дүниежүзілік деңгейде атап өтілді.

Байжанов Сапар (1930–1999) – әр жылдары жарияланған «Жаңа леп», «Құрыш зергерлері», «Ақ маржан», «Сұңқар көңіл самғайды», тағы басқа туындылары.

Баймұхамедов Нығмет (1904–1969) – қазақтың белгілі драматург, ақын, аудармашы.

Баласағұн Жүсіп (1015 (16) ж. туған – қайтыс болған жылы белгісіз) – түркі тілдес халықтар ақыны, ойшыл, тілгер, «Құтты білік» дастанының авторы.

Бәйтереков Сейдулла (1945–1998) – композитор, музыкант. Қазақстанға Еңбегі сіңген өнер қайраткері.

Бегалин Сапарғали (1895–1983) – ақын, жазушы, қазақ балалар әдебиетінің негізін салушылардың бірі.

Бейсеуов Әсет (1938–1996) – композитор, Қазақстанның халық артисі.

Белинский Виссарион (1811–1848) – орыс әдебиетшісі.

Бельгер Герольд (1934–2015) – жазушы, сыншы, аудармашы, публицист, әдебиет зерттеушісі және қоғам қайраткері. Қазақстанның халық жазушысы.

Бетховен Людвиг (1770–1827) – немістің ұлы композиторы, дирижері және пианисті.

Гәнжауи Низами (1141–1209) – Әзірбайжан ақыны.

Гете Иоганн Вольфганг (1749–1832) – неміс ақыны, ойшылы, жаратылыстанушысы.

Гюго Виктор (1802–1885) – француз ақыны.

Дәрібаев Сәкен – музыкант, патриоттық тақырыптағы динамикалық әндерді жазып, аранжировка жасаумен айналысады. «Дәрібаевтар ансамблінің» мүшесі.

Дүзелханов Ағымсалы Дүзелханұлы (1951 жылы туған) – суретші, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері. 200-ден астам кітапты, әртүрлі тақырыптағы 50-ден астам плакатты безендірген. Қазақстанның ұлттық ақшасы – теңгені безендірушілердің бірі.

Есім Ғарифолла (1947) – ғалым, философия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан ғылым академиясының академигі, абайтанушы.

Гайсин Ренат (1979) – композитор.

Грасиан Бальтасар (1601–1658) – испан жазушысы.

Дияров Нұрмұханбет – журналист

Жақаев Ыбырай (1891–1981) – екі мәрте Социалистік Еңбек Ері, күріш өсіруші, колхоз құрылысының ардагері, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

Жұбанов Ахмет (1906–1968) – ғалым, композитор, дирижер.

Жұмабаев Мағжан (1893–1938) – қазақ ақыны, педагог, кеңестік қуғын-сүргін құрбаны.

Жұмалин Бақтығали (1961) – композитор, мәдениет қайраткері.

Зацепин Александр (1926) – ресей композиторы.

Иасауи Қожа Ахмет (1103(05) – 1167) – түркі тілінде жазған ақын, әйгілі «Диуани хикметтің» («Парасат кітабы») авторы.

Карнеги Дейл (1888 – 1955) – америка педагогы, жазушы.

Кекілбаев Әбіш (1939–2015) – Қазақстанның халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері. Қазақстан Республикасының алғашқы Мемлекеттік хатшысы (1996–2002), Парламент Сенатының депутаты (2002–2015).

Келімбетов Немат (1937-2010) – түрколог-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі.

Кеннеди Роберт (1954) – америкалық жазушы.

Қадырмұрат Мирас – ақын.

Қалдыбай Мамытбек (1939) – жазушы.

Қали Сұлтан (1943) – ақын.

Қастеев Әбілхан (1904–1973) – қазақтың әйгілі кескіндемешісі, график-суретші, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушылардың бірі. Қазақстанның халық суретшісі.

Қожамқұлов Зұлқайнар – суретші, мүсінші.

Қонаев Дінмұхамед (1912–1993) – аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері.

Құдайбердіұлы Шәкәрім (1858-1931) – ақын, аудармашы, философ.

Құдайбердиев Ахат Шәкәрімұлы (1900-1984) – ақын. 1984 жылы 26 маусымда Ахаттың өзінің өсиет, тілегі бойынша Семейдегі Абай мұра-

жайының негізгі қорына 36 құжат, 51 қолжазба шығармалар (поэма 7318 жол, өлең 25431 жол, прозалық шығармалар, естелік-әңгімелер 813 бет) қабылданған.

Максвелл Джон (1940) – оңтүстік африкалық жазушы, сыншы.

Мақатаев Мұқағали (1934–1978) – қазақ ақыны.

Молдағалиев Жұбан (1920–1987) – қазақ ақыны, Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты.

Молдағалиев Тұманбай (1935–2011) – Қазақстанның халық жазушысы.

Момышұлы Бауыржан (1910–1982) – Кеңес Одағының батыры, «Халық қаһарманы», жазушы.

Мүсірепов Ғабит (1902–1985) – қазақ жазушысы және драматургі.

Мырза әли Қадыр (1935–2011) – Қазақстанның халық жазушысы, он алты томдық таңдамалары жарық көрген.

Назарбаев Нұрсұлтан (1940) – Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті.

Омаров Ілияс (1912–1970) – мемлекет және қоғам қайраткері.

Ордабеков Сағындық (1950) – жоғары санатты хирург, медицина ғылымдарының докторы, профессор.

Оразақын Асқар (1935) – ақын.

Оразалықызы Гүлсім – жазушы, журналист.

Платон (205–270) – ежелгі грек философы.

Рудаки (860–941) – парсы ақыны, ғалым.

Сапаралы Бейбіт Төлеубайұлы (1962) – жазушы, көсемсөзші, абайтанушы.

Сариев Шөмішбай Нағашыбайұлы (1946) – ақын, аудармашы, филология ғылымының кандидаты, Кафка атындағы Халықаралық сыйлықтың және «Платиналы Тарлан» сыйлығының лауреаты, «Жыл Адамы – Алтын Адам» сыйлығының иегері.

Сейітман Серік (1982) – Т.Айбергенов атындағы сыйлықтың және Халықаралық «Шабыт» фестивалінің 1-дәрежелі лауреаты, «Жас тұлпар» сыйлығының иегері.

Серікқалиұлы Зейнолла (1938–2004) – жазушы.

Сәтбаев Қаныш Имантайұлы, шын есімі – Ғабдулғани (1899 – геолог-ғалым, минералогия ғылымдарының докторы, профессор, академик.

Сир Публий (б.э.д I ғ.) – рим ақыны.

Сократ (б.з. бұрынғы 436–338) – ежелгі грек публицисі, философы.

Сухомлинский Василий Александрович (1918–1970) – украин педагогі.

Сыздықов Дүйсенхан – әнші, композитор.

Тілендиев Нұрғиса (1925–1998) – қазақтың әйгілі күйші-композиторы, дирижер, дәулескер домбырашы. Қазақ КСР халық әртісі, КСРО халық әртісі, Халық қаһарманы.

Тобағабылов Төлепберген (1936) – жазушы, мәдениет қайраткері.

Толстой Лев Николаевич (1828–1910) – орыс жазушысы.

Төлеутайұлы Ерлан – әнші.

Түлкиев Бексегіт (1955–1998) – монументші, кескіндемеші.

Уайтли Деннис (1897–1977) – ағылшын жазушысы.

Фараби әл-Фараби Әбу Нәсір Мұхаммед ибн Тархан (870-950) – Отырардан шыққан философ және энциклопедияшы-ғалым.

Хұсырау Насыр – Тәжік-парсы ақыны, философ.

Шаханов Мұхтар (1942) – Қазақстанның халық жазушысы, Қырғыз Республикасының ел ақыны, көрнекті қоғам қайраткері.

Чехов Антон (1860–194) – орыс жазушысы.

Ысқақ Әкім (1960) – жазушы.

МАЗМҰНЫ

I ТАРАУ. ТАНЫМ ЖОЛЫНДА

1-2. АДАМ ДЕГЕН АРДАҚТЫ АТ.....	7
3-4. АДАМНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫ	15
5-6. АДАМДЫҚ КЕЛБЕТ.....	24
7-8. ӨЗІҢМЕН ҮЙЛЕСІМДІКТЕ	33

II ТАРАУ. ТҰЛҒАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

9-10. АДАМНЫҢ ЖАН СҰЛУЛЫҒЫ	44
11-12. ТӘРБИЕДЕН – ӨЗІН-ӨЗІ ТӘРБИЕЛЕУГЕ	50
13-14. ӨНЕГЕЛІ ӨМІР.....	59
15-16. АДАМДЫҚ БОРЫШ – АСЫЛ ҚАСИЕТ	68

III ТАРАУ. ҚОҒАМДАҒЫ ӨМІР

17-18. ОТБАСЫ АЯСЫНДА	79
19-20. МЕН СЕНІҢ ӨМІРІҢНІҢ ЖАЛҒАСЫМЫН... ..	88
21-22. КӨШБАСШЫ БОЛУ.....	98
23-24. ҚЫЗМЕТ ЕТУ ҚУАНЫШЫ	108

IV ТАРАУ. АДАМЗАТ ӘЛЕМІ

25-26. АДАМ ВИРТУАЛДЫ КЕҢІСТІКТЕ	119
27-28. ЕҢБЕК ЕТСЕҢ ЕРІНБЕЙ... ..	127
29-30. АДАМ – АДАМЗАТ АЙНАСЫНДА	135
31-32. АР-ҰЖДАН – АДАМДЫҚ БЕЛГІСІ	145
33-34. ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ САБАҚТАРЫ.....	152
«ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ» ПӘНІ БОЙЫНША ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІК	156
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ЖӘНЕ ИНТЕРНЕТ КӨЗДЕРІНІҢ ТІЗІМІ	159
ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ.....	161

Джубатова Л.С., Акимбаева Ж.Ж., Нуркеева С.С.

ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ

**Жалпы білім беретін мектептің
10-сыныбына арналған оқулық**

Суретшісі: У.Жубанышева
Дизайн и верстка: Абкеева А.